

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ


# ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ



Сайлау Көшкенұлы

# ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ

2/11  
Қошхан Қырман,  
Бұхара қаласының  
ақсақалы,  
Бұхара қаласының  
Бұхара қаласының



Көкшетау  
2008

ББК 84 Қаз  
К 69

**К 69 Көшкенұлы С.**  
Тағдыр тұлкесі. Көкшетау: «Келешек-2030»,  
2008. 120 б.

ISBN 978-601-231-054-2

Сайлау Көшкенұлының жаңа жинағында нарық қыспағында қалған халықтың тыныс-тіршілігі, жастар тәрбиесі, көкшелік абзал азаматтар хақында қаламгердің жеке ой-толғаулары топтастырылған.

**Наша бизнесі, ғасыр дерті -- СПИД тақсиреті жайлы материалдарды да осы туындыдан табасыз.**

ISBN 978-601-231-054-2

© С. Көшкенұлы, 2008

## АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ АРДАҚТАЙ БЛЕЙШ, АҒАЙЫН

Шіркін, Кәрекең!..

Кәрекең деп отырғаным, өзі өлсе де артында өлмес мол мұра қалдырған атақты Айыртаудың, жалғыз Айыртаудың ғана емес, бүкіл Көкше өңірінің сүйікті перзенті, ұстаз, журналист, әнші, ақын әрі сазгер Кәрім Есмағұлұлы Илиястегі.

Біздерден бірер көйлек бұрын тоздырған Кәрім ағамен аралас-құралас, қарға тамырлы қазақпыз дегендейін үзетгілес жолдас болмасақ та, жасы едәуір үлкен ол кісімен қызмет барысында жиі кездесіп, әңгімелесіп, пікірлесіп жүргендігіміз рас. Әсіресе, оның со кездегі Көкшетау облыстық радио-телекомитетінде қызмет істеген жылдары күнде кешкілік эфирден немесе телеэкраннан Кәрекеңнің сүйкімді үнін естіп, бейнесін көріп, әр сөзді мақалдап, мақамдап кәдімгі кәсіби дикторлардай, не артистердей құйма құлақ тындарман қауымның жетесіне жеткізе білетін хас өнеріне, шеберлігіне тәнті болатынбыз.

Осы орайда жерлесіміз, Қазақстан Республикасының халық ақыны Көкен Шәкеевтің:

«Жүзден жүйрік шықпай ма, мыңнан тұлпар,

Тасқа түсер бабына келсе сұңқар.

Жастарым Кәрім әнін шырқағанда,

Радиодан естіп жұрт болған іңкәр?..

Немесе тағы да:

«Адамдық өнеріңіз бірге өрілген,

Кеуденнен сәуле шашып нұр көрінген.

Көкшенің қадірлі бір перзенті боп,

Кәреке, саған дарын, тіл берілген», – деуінің өзі біздің сөзімізге, біздің Кәрекең жайлы, өнерпаз

да шешен ағамыз хақында қалам тербеген ой-пікірімізге айғақ деп айтуымызға әбден болады.

Жарты ғасырдан астам дерлік туған еліне, халқына ерінбей-жалықпай адал қызмет еткен Кәрім ағаның өзінің ұзақ жылғы әншілік, сазгерлік, тіпті ақындық жолындағы жемісті бір жұмысы – «Саз самал» атты тұңғыш әндер жинағы жарық көргендегі қуанышында шек болды ма, десейші піркін!.. «Аспандағы аққуға он екі звот әнін қосқан» Біржан бабамыздың баласы Теміртаспен көрші болып, қарым-қатынаста араласу – бес жасымда қолыма домбыра алдырды. Үкілі Ыбырайдың туған жиені Тырбидың Молдахметі, арқалы ақын Отызбайдың Шәкенін көріп, әндерін тындап, аз-кем жүздесу өрісті өнерге жетеледі... Елуден астам ән, онға тарта күй шығарыппын. Қап «әттеген-айым» нота сауатым жоқтықтан, өркенді өнердің өресінен көріне алмай жүрмін» деп көзі тірісінде өзі жазғанындай, сол абзал ағамыздың, абыз ағамыздың есімі өкінішке орай бұл күнде ұмытыла, ұмыт бола бастағандай ма дейміз кей-кейде отырып.

Мақтанғаным емес, сол «Саз самалын» кезінде маған беріп жатып, Кәрекең мынадай пікір білдірген екен:

«Рухтанған, сүйсініс тап әуендерім – әнімнен,  
Айналайын, әулет-әуен, туыс-туған, бәріңнен.  
Тілегім сол – баршаға, әмин тәңірімнен,  
Өздеріне арнадым үшбу сөз – әніммен.  
Елі-жұртым, әманда болғай сау-саламат,  
«Саз самалым», – естелік, келешкке аманат,  
Тартуы – әнші-сазгер – Ілиястегі Кәрімнен!»

*1 ақпан, 2000 жыл деп қолын қойыпты.*

Тағы бірде Сапура жеңгеміздің әдсілеп шақыруымен осы шаңырақта болғанымызда, ол

кісі: «Мынау Кәрекеңе арнап бөлектеп қойған бөлме еді қарақтарым. Өзінің көзі тірісінде киген киімдері, ұстаған домбырасы, жазған шығармалары, тіпті әр жылдарғы газет, журнал тігінділері, санаторийлерде дем алғанда қолынан жасаған дүниелері, жиган-терген әрнәрсеге ұқсас ағаш заттары, түрлі тас, маржан, бәр-бәрі осы арада» деп дәл музейдегі экскурсоводтай таныстырғаны бар-тын.

Мұны айтып отырғандағы себебіміз, осындай айтулы азаматтың, арқалы өнер иесінің, бойында бар талантты тұнып тұрған абзал ағамыздың тірі кезінде елуі, алпысы түгілі Астанадағылар, Алматыдағылар, тіпті жергілікті жердегі кейбір «дөкейлеріміз» атақты да, басқадай награданы да үйлерінде жатып, алып жатқандарында, жоғары жақтағылардың қолдауымен, демеуімен жетпісін де тойлап өтпегендігі өзегінді өртеп, жүрегінді сыздадатындығы тағы шындық.

Асылдарымызды ардақтайық дегеннен шығады, Көкше елінің сондай тамаша өнерлі өрендерінің, дауылпаздарының бірі марқұм әнші, күйші әрі ақын Мұса Асайыновтың есімін осы арада қалайша тебірене еске алмасқа. Атақты Үкілі Ыбырайдың немересі атанған осы азаматтың арқасында Көкше өңірінде, Көкше төңірегінде сонау біздің бозбала кезімізгі жылдарда айтыс өнері қандай дерлік тамаша жоғары деңгейде дамыды емес пе? Өзіміз білетін Құдыкен Ибраимов, Қабыкен Жаудин, манағы Көкен Шәкеев, жазба ақындар Еркеш Ибраһим, Сарбас Ақтаев, әрі қарай Совет Қараболатов, Маман Ементасев, Тайлақ Жалмұрзенов, Совет Баймағанбетов, Сәлік Жұматтегі, Қабдырәш Кәмәлиев, Ертарғын Кенжеғарин, Нұрмияш Көбенов, Жұмабай Есекеев, Гүлдана Кенжеғалиева, Күләш Рахымжанова, Байжұман Ғабдуллин, тағысын тағылар тап сол

уақытта от ауызды, орақ тілімен жалпақ жұртқа, қалың елге танылды емес пе.

Ал бертінгі таланттары тас жаратын, бүгінде есімдері елге белгілі, керемет манасшы, күлдіргі әзілімен, өзіндік мақамымен халқына танымал Баянғали Әлімжановты, кешегі Ақан серінің, Біржан салдың немерелеріндей Арман Бердалин мен болашағынан мол үміт күттіретін Алмас Темірбайды, немесе Бақытбек Нуралин мен Бердіхан Орындақұлық, Иран Ильяшев пен Тыныштық Шаменовты, Серік Жетпісқалиев пен Байқал Байәділовті, Құдайберлі Мырзабековті, тағы басқаларды қайда қоймақпыз?!

Оны айтамыз, күні кешелер арамызда ойнап-күліп жүрген, бертінде дүниеден өткен, қаламдас ағаларымыз Естай Мырзахметовтің, Әуез Өтеевтің, Сәкен Жүнісовтің, Жанайдар Мусиннің, Сүлеймен Ақтаевтың, Сәкен Хасенеевтің, Жомарт Оспановтың, Хакімтай Әміровтің, қазіргі арамызда жүрген Мәтен Бижановтың, Есмұхамбет Айтмағанбетовтың, Кенжетай Ғазизтегінің, Төлеген Қажыбайдың, Баймұрат Азнабаевтың, Серік Негимовтің, Жабал Ерғалиевтің, одан кейінгі тұстастарымыз әрі іні-қарындастарымыз Амантай Ахетовтің, Қапез Қожахметовтың, Мұхамедия Жұмағалиевтің, Тортай Сәдуақасовтың, Өмірзақ Мұқайдың, Бақберген Амалбектің, Қорғанбек Аманжолдың, Ерболат Баяттың, Қайырбай Төреғожаның, Орынбай Жанайдаровтың, Қайырбек Кемеңгердің, Мағира Қожахметованың, Райхан Сейіттің, Балжан Хабдинаның, Марфуга Бектемірованың, Алма Үмбетованың, т.т. есімдерін қалайша ұмытпақпыз?!

Ал тым әріге, тарихқа үңілсек, қазақ әдебиетінің өкілдері Ғабенмен, Ғабит Мүсіреповпен, Мұқаңмен, Мұхтар Әуезовпен,

Сәбеңмен, Сәбит Мұқановтармен қатарлас әрі үзенгілес еңбек еткен Жақан Сыздықов пен Елжас Бекеновті, Есмағанбет Ысмайылов пен Айқын Нұркатовты, Шахмет Хұсайынов пен Қажымұрат Сыздықовты, Сабыр Шәріпов пен Шота Уәлихановты біреу білсе, кейінгі ұрпақ мүлдем білмес. Одан қалды жетпісінде де желдей жортқан ақиық ақын Кәкімбек Салықовты, манагы айтқан әрі сері, әрі керім Сәкен Жүнісовті, сызылған келіншектей биязы да ерке сылқым лирик ақын Нұрмияш Көбеновтерді қайтіп мақтан етпеске, қайтіп мақтанбасқа?!

Әйткенмен атам заманнан бері «Қазақтың жауы – қазақ», немесе «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп Абайшылаған болсақ, бәріміз бірдей шекесі шылқып тұрған классик еместігімізді немесе жазған дүниелеріміздің барлығы «шедевр» еместігін біліп, сезсек, киелі топырақта өсіп-өнген аз ғана тобыр, ойы ортақ, арман-тілегі бір, жер басып, тірі жүрген жерлес қаламдас бауырлар, көзі ашық, көкірегі ояу көкшелік бүгінгі азаматтар ендігі жерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, бірлесе, ынтымақтаса Отан игілігі, халық игілігі жолында еңбек етейік дегіміз келеді сөзіміздің соңында. Өйткені «Бөлінгенді бөрі жейді» демекші, жоғарыда Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған, Кәрім ағамыздың, Кәрім Ілиястегінің әнінде айтылғанындай:

«Таулар көп әрбір жерге сүйеу-пана,  
Деп айтар біреу батыр, біреу дана.  
Памирлер, Гималайлар шұбап жатыр,  
Оқжетпес жер бетінде біреу ғана!..» екендігі шындық емес пе!..

2008 ж.



## ӘКЕММЕН СЫРЛАСУ

Жан әкем менің!

Мейірімі жанға шуақтай, ақ дидарлы жүзіңнің ерте солып, қара жер астына түсіп, топырағында бүк түсіп жатқаныңа да ширек ғасырдан астам уақыт өткен екен-ау!.. Беу шіркін, өмір-ай десейші...

Күні кеше қара домалақ балаңның, тентек ұлыңның тәй-тәй басып, ер жеткенін көргенің де есімде. Балалық бал дәурен, сәби шақ, енді қайтып оралып келер ме?

Әлі күнгідей жадымнан кетер емес. Туган анамды қара жер қойнына беріп, шиегтей төрт-бес сәбімен күңіреніп шаңырағында қалғанда, бәріміздің отымызға күйіп, суығымызға тоңғанда, бәйтеректей иілмей тағдыр талқысына қасқая қарап, өңшең бейбақтарды қанатыңның астына алып, тұмсықтыға шоқытпай, тентіретпей, аялы алақаныңмен мәпелеп өсіргенінді, жетімдіктің, жетіспеушіліктің тауқыметін татқызбай ер жеткізгенінді ұмыттармыз ба біз өмірде.

Туган ауылға айына, жылына сағына барғанда сенің өр тұлғалы, нар пішінді, сом бейненді көргендей көкірегіме кереметтей күй бітіп, қуатыма қуат қосқандай, өзіме-өзім жігер қосып қайтамын. Соның бәрі, жан әкем менің, сенің отыңның өшіп, шаңырағыңның шайқалмағанын, түтеткен түтініңнің бұзылмағанын, кейінгі ұрпақтарыңның, немерелерің мен шөберелеріңнің әке ізіне, ата дәстүріне кір шалдырмай, бүгінгі шат өмірімізде өзіндік сән-салтанатымен, жарастықты гұмыр сүріп жатқанышың куәсіндей, айғағындай.

Өз қолымыз өз ауымызға жетіп, білім іздеп, еңбек қуып, өскен елден, туған ауылымыздан жырақтап, шеттеп жүргенімізде де, іштен шыққан

төл енеміздей емірене еске алып, араға күндер салып, айлап, жылдап ауылымызға қайтып оралғанда ақ шашынды, ақ басыңды иіп, «құлыным» деп айқара құшағыңды ашып, мейірлене иіскегенің әлі күнге есімізден кетер ме?

Жан әкем менің!

Сәби жүрекпен, ақ ниетпен, пәк тілекпен күн ұзаққа май топырағында доп қуалап, ағаш аяқ, асық атқан туган ауылымды, күміс айдынында, қоғалы көлінде ақ шабақтай шоршып, сыңсыған қалың қамысында сүңгіген үйректей емін-еркін жүзген Қарақоға көлі мен Сутеректі, еш алаңсыз асыр салып, тығылмақ ойнап, жасырынбақ ойнаған Тікенек пен Ашакескенді, бәрінен де ең қымбатты, осы өмірдегі бәйтерегім, сүйенішім, өзіңе арнап, суыртпақтап сәби көңілмен жазған мына өлең шумақтарым да әлі күнге көкірегімде жаттаулы:

Жастықтың күйін арнап саған деген,

Өмірдің асуына өрлеп келем.

Жырақта жүрген шақта сағынамын,

Өзінді анашымдай елжіреген.

Сен жеткен өмір белі-ұмтыларым,

Кәрілік, ыңқыл-сыңқыл қушы бәрін.

Жан әке, көкірегінді оятарлық,

Тыңдашы кенже ұлынның тәтті әнін.

Есімде жанашырлық әрбір сөзін,

Саралап сан ойыңды тұрған кезін.

Сақал-мұрт ақ қыраудай қалтыраған,

Жан әке, қарттық жеңіп бара ма өзі?!

Әкетайым менің!

Оқыстан тап болған сырқат өзінді бұл дүниеде тұрақтатпай бірге өскен құрбы-құрдастан, шайсуанын, үзім нанын бөле жеп-ішкен көрші-қолаңнан, өзегінді жарып шыққан балаңнан, замандастарыңнан айырып, қара жер қойнына алғанда, еңіреп артыңда қалғанда, сүйеуші болған

да, тіреуші болған да, ақылға ақыл қосып, көңілге демеу болған да жақын туған жамағайын жұрт еді, елдің аяулы, асқар таудай аякөздері еді.

Жан әкем менің!

Сенің ақ көңілділігіңді, сенің ақ жарқындылығыңды, үрім-бұтағыңмен қоса досың түгілі, ақ адал дәмінді татып отырып, дастарханыңды таспадай тілер қасыңа да титтей астамшылық жасамағаныңды, дау-дамай көтеріп қарсы сөз айтпағаныңды өзінді көріп, өзіңмен бірге ойнап, күліп әлденеге айтысып-тартысып жүрген кейінгі көнекөз ақсақалдар мен ақ жаулықты әжейлер де көзіне жас алып, кемсеңдей жүріп, тілге тиек етер еді, артында қалар ұрпаққа ұлағат етер еді, үлгі етер еді.

Отан үшін отқа түсіп, су кешіп, тар окопта жау оғына қасқая қарап, достарыңмен бір ұрттам суды бөле ішіп, нанды бөле жеген ағайынды Сейфолла мен Хаймолла үшеуің қас дұшпанның құрсауынан елге аман оралғанда күйінген де, сүйінген де болған шығар, жан әкем менің! Бірақ тағдыр ісіне қарсы шығар кім бар десейші?!

Қолына қару алып, туған елдің әр сүйем жерін зұлмат жаудан қорғаймын деп қан майданда жастайынан шәйіт болған ер азаматтардың ерлігі ұмытылар ма? Әйтсе де әлемге тыныштық орнап, бейбіт заманда гұмыр кешіп жатсақ та, біздер, сендердің кейінгі ұрпақтарың, немерелерің мен шөберелерің әкелердің, кешегі аталарымыздың көз жұмбай, еш теңдессіз ерлігі алдында әрқашанда басымызды иіп, тағзым етеміз. «Топырақтарың торқа болсын!» деп, іштей күбірлеп, сіздердің іздеріңізге, сіздердің келешек жарқын өмір жолындағы тер төккен шексіз істеріңізге кір шалдырмаймыз деп уәде береміз.

Жан әкем менің!

Туған ауылға барған сайын бурыл сақалды, самайын ақ шалған қариялар мен қазақтың әдет-ғұрпын бұзбай кимешек киген, бойы еңкіш тартып, жүзін әжім басқан әжейлерді көріп, сендерді, тоғыз ай бойы тар құрсағында көтеріп, адам санатына қосқан туған анамды, жастайымыздан тәрбиелеген өзінді, бәр-бәріңді қуана құшағыма алғандай сезінемін. Соның бәрі сендерге деген ыстық сезімім, сендерге деген өмір бойғы өшпес махаббатым.

Әкетайым менің!

Кешегі күнгі кенже ұлыңның өзі де әке атанып, немерелеріңді алдына алып, бірін иығына, бірін тәй-тәй басқызып, бірін былдырлатып, ойнап-күліп отырған кезін көрер ме едің бір сәтке?! Тұлымшақтары желкілдеген сол құлыншақтарымының маңдайынан сыйпап, бір иіскей алмай кеткеніңді есіме алғанда, өзегім өртеніп, кеудемді әлденендей қапалық басады. Әйтсе де сендер көрмеген қызықты, сендер жасамаған ғұмырды немерелеріңнің жалғастыратынын, нақ ізбасарларың да солар болатындығын сезгенде, жүрегімде қуаныш ұялайды.

Жан әкем менің!

Кей-кейде оңаша отырып, сан тарау ойға беріліп, қиялым шарқ ұрып шарықтап кеткенде сендерді, әкетайым, сенің өзінді, өзі түгілі жансыз бейнесін де көре алмаған газиз анамды, туған-туыс бауырларымды, ағайын-жекжатты, бірге өскен жора жолдастарымды, кіндік кесіп, кірімді жуған ордалы ауылымды еске аламын. Әлемде тыныштық болса екен деп тілеймін. Аналардың ақ жүзі ерте суалып, көңілін қапас шалмасын деп тілеймін, жан әкем менің!..

1980 ж.

## О, ӨМІР, ӨЗІҢЕ ҒАШЫҚПЫН

*Адам бойындағы асыл қасиеттің бәрі – күн нұры мен ана сүтінен алынған, оның сүті таусыла ма? Бізді өмірге құштарландыратын да, міне, осы!*

*М.Горький*

О, өмір, мен саған ғашықпын... Ес білгеннен-ақ өзіңе іңкәрмін. Мен сонау шексіз-шетсіз көк аспанды сүйемін. Паналасаң жаныңа сая боларлық жыңғылы мол орман-тоғай қалың жынысты сүйемін. Айнадайын жарқырап жатқан күміс көлді сүйемін. Кіндік кесіп, кірімді жуған елімді сүйемін. Шілденің ми қайнатар аптап ыстығында май топырағын кара табаныммен борпылдатып басар өскен ортаң – туган жерімді сүйемін. О, өмір, мен өз ұлының қызығын көре алмай кеткен анамды сүйемін!..

Анашым сол!.. Жүзіңді көре алмадым, жан анам менің. Жас едім. Сәби едім. Кеш мені. Төсіндегі алмадайын қос анарыңды әлсіз саусақтарыммен кезек-кезек уыстап сорып жатып, ұйықтап қалатын шығармын ол кезде.

Ақ дидарлы анам менің. Тап осынау күн сен үшін қызық думанға толы есте қаларлық күн болар еді ғой. Өйткені бұл сенің төл мерекенің емес пе. Бұл күн тек сенің ғана емес, жер бетіндегі теңдікке қолы жеткен, азаттыққа ие болған бейбітшілік сүйгіш барша аналардың мерекесі ғой. Бүгінгі күні мен сені қуана құшағыма алып:

Мереке күніңмен,  
Қарсы алам өзінді.  
Сәбилік үніңмен

Арнаймын жырымды, – деп шырқата ән салған болар едім. Әттең, қайтейін... Сұм ажал сені осы-

нау жарық дүниемен ерте коштастырып, тым-тым ерте алып кетті. Көпсінді ме, қоймады. Сен мәңгілік сыз қабырғалы қара жер астына ендің. Қос шырағың мезгілсіз сөніп, өмірден сөйтіп ерте үзілдің жан анам сол. Қайттың екен сонда сен?! Қиналдың ба, жалғанның жарығы қос сәбиіңді алдына алып, бұлардың ендігі күні не болар екен-ау деп осынау қызығы мол өмірге қош айтыса алмай қамыққан да, зарыққан да боларсың-ау сен! Мен онда аузымнан әлі уыз сүті арылмаған бал бөбек балдырған едім. Мен онда өмір дегеннен еш түйсіксіз едім. Білмедім. Небары үш-ақ жаста сенен айырылыппын-ау, жан анам. Кеш мені...

Содан бері қаншама уақыт өтті десеңізші. Жыл артынан жыл озды. Келмедің. Енді қайтып артына қайырылмадың. Қайда едің, сонда сен, жан анам менің?!

Уақыт шіркін, жүйрік тым,

Жазғаны шығар тағдыр атты бұйрықтың.

Үш жаста сенен айрылыптын жан анам

Содан ба бәлкім, өскенім қыздай бұйық тым, – деп өзіңе деген сағынышымды талай айлы түндерде ақ қағаз бетіне де түсірдім. Үн қатпадың, анашым. Қайда едің, қайдасың сен, тұрағыңды айтпадың-ау, жан анам менің. Сағындым гой өзіңді. Сағындым-ау, мен сенің ботадайын мөлдіреген көзіңді.

Енді міне, бүгінде мен де ержеттім. Есейдім. Азамат атандым. Оқу оқып, білім алдым. «Сен де бір кірпіш дүниеге», – деп ақын атамыз айтқандай, еліме, халқыма адал қызмет еткім келеді. Өмірден өз орнымды таптым мен. Мамандығымды сүйемін.

Мен өзімді-өзім алып қанатты қыранға ұқсатамын. Көк аспанда шарықтай самғауды қалаймын. Оқтай зымырағым келеді. Өзгелерден қалмаймын, анашым. Өмір көшіне ілесіп, айдын мұхитта атом кемесіндей жүземін. Теңіз бетінде ақ

шағала боп шаңқылдасам, дауысым алысқа кетер-дей. Аспандағы күн нұрынан мен жас жаныма жылылық аламын. Әлемде шапағатты сәулесін төккен нұрды сүйемін. Күнді сүйемін.

Анашым, мен өмірге ғашықпын. Құдай қосқан қосағыммен бақытты тіршілік құрғым келеді. Немерелеріңді аялағым келеді. Жан анам менің, немерең сенен аумас тегі. Оның көзі де сенің көзіңдей күлімдеп тұрар. Ол да өмірге құмар болар, ол да өзіндей өмірге ынтық болар.

О, өмір, өзіңе ғашықпын!.. Мен саған деген махаббатымның есейген кезде тіпті арта түскенін сездім. Мен кең даланың жұпардай ауасын кеуде кере жұтқым келеді. Мөп-мөлдір түбі көрініп жататын тұп-тұнық айна көлдерінде ақ шабақша жүзгім келеді.

Мен сонау аспанмен таласқан заңғар көгілдір тауларға, көз жетпес шыңырау биік құз-жартастарға құмарта қараймын. Күн санап, бой түзеп, өсіп келе жатқан қабат-қабат зәулім үйлерге тамсана көз тастаймын. Сәбилердің шат-шадыман қалыпта еш алаңсыз ойнап жүргендерін қызықтаймын. Сыңғырлаған таза да пәк күлкілерін естимін олардың. Сонау шымқай көк аспан төрінде бейбіт өмірдің символындай емін-еркін қалықтап ұшып жүрген көгершіндерді көріп қуана қол бұлғаймын.

О, өмір, мен саған мәңгілік ғашықпын!..

## Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ, ЖИЗНЬ!

С того мгновения, как сознаю окружающее, я восхищаюсь тобою, жизнь! Я влюблен в тебя за то, что подарила мне синеву беспредельного неба, задумчивые просторы степей, задушевные песни лесов и изумительно чистые глади озер. Я благодарен за то, что сознаю величие Родины, что меня всюду ласкает взгляд матери.

Мать! Мне трудно представить твой облик. Мне больно, но я ведь был юн. Все тянулся беспомощными ручонками к твоей груди или засыпал безмятежным сном.

Мать! Я не мог тревожиться о твоём покое и заливался плачем. Ночами, прерывая свой чуткий сон, ты сидела над моей колыбелью и завороженно смотрела в дорогие черты.

Милая! Родная! Жестокая смерть оторвала тебя от всего. Тебя отделил серый могильный холмик земли. А я остался один — беспомощный и наивный. Я бы многое отдал за прикосновение твоих рук, за счастливый блеск твоих глаз.

Мать! Я нашел свое место в жизни и люблю свое дело. Хочется оставить в жизни свой след и добрую память людям. Я не буду ползать по земле и бессильно смотреть в небо. Я должен быть крылатым и в мечтах, и в делах. Мать, я достигну желаемых вершин, но не оторвусь от людей — буду с ними на равной ноге. Если надо, достигну звезд, пронесусь над гребнями волн, вверу в молодую душу солнечное тепло. Все под силу, но как мне услышать тебя.

Мать! Я счастлив жизнью и любовью к ней не стынет с годами. У меня есть любимая девушка. Не упрекни, мать.



**Мать! Я хочу себя видеть отцом, ласкать твоих внуков.**

**Я люблю тебя, жизнь! Не могу надышаться на просторах земли, и вдруг хочется окунуться в спокойной глади озер. Чувство зреет с годами, переполняет душу и вновь вырывается – я люблю тебя, жизнь!..**

**1969 г.**

## ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ

(қаз қалпында)

Шіркін, тағдыр ісіне дауа бар ма десейші! Әу бетте Шәрия да құдай қосқан қосағы Думанмен еш уайымсыз-қайғысыз өмір сүріп жатқан. Қаладағы мекемелердің бірінде жүргізуші болып істейтін күйеуінің арқасында екі бөлмелі пәтерге де қолдары жеткен. Жаңада қосылып, отау тіккен бұл екеуіне алғашында осы шаңырақ құт-береке болып көрінген. Шындығы сол, көп ұзамай-ақ кішігірім отау іші нәрестенің күлкісіне толып, бұлар шекесі торсықтай-торсықтай ұл мен қыз да сүйіп үлгерген.

Әйткенмен жас жұбайлардың осынау қызықты өмірі ұзаққа созылмады. Күн-түн қатып, шаршап-шалдыққанын да сездірмей жұмыста жүрген Думан бірде кездейсоқ қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Тіпті тәуліктеп дене ыстығы төмендемей қойды. Ішкен тамағы да бойына сінбей, әлсін әлі құса берді. Учаскелік дәрігердің: «Тездетіп қалалық ауруханаға жатпасаңыз болмайды» деген ескертуіне де құлақ аспады. «Өлсем осы өз үйімде өлермін, дәм-тұзым таусылайын десе құдай тағала көзі иіп қағыс қылар», – деп ешкімнің айтқанына қасарысып көнбеді.

Ақыры айналдырған ажал шіркін ақар-шақар шаңырақ иесі атанып отырған алпамсадай жігіт ағасы – Думанды бір-ақ түнде алып тынды. «Обширный инфаркт екен! – десті сарапшы дәрігерлер. – Егер уақытылы ем-шара қабылдағанда өмірін әлі де ұзартуға болатын еді»...

Өкінгенмен, жүрегінді өксік шалғанмен, өткен қайтып келер ме?! Үйдегі жиған тергенімен, ағайын туысқанның, көрші-көлемнің көмегімен Шәрия да күйеуін ақтық сапарына бір кісідей-ақ жөнелтіп

салды. Үшін, қырқын да шама-шарқынша өткізді. Шиттей екі сәбиімен қалған ол енді алдағы күндерінің не болып, не қоярын да сезінбестей халге жетті. Сөйтіп жүргендерінде ағайын арасында дау-дамай шықты. «Даудың басы – Дайрабайдың сиыры» демекші, даудың бәрі екі пәтерлі үйден туындалы. Анда-санда ат басын бұрмаса, жайшылықта аралас-құраластығы жоқ шалғайдағы ауылда тұратын Думанның жалғыз қарындасы: «Өлер ағатайым өлді, енді оның пәтер үйі менің еншімде қалады» деп екі көзі шақырайып, күнде болмаса да күнара есік қағуға айналды.

– Онсыз да қалада пәтер үйлер қымбаттап, жұмыссыз отырған қарабасым шиеттей екі баламды қалай асырап-сақтарымды білмей жүргенімде бұл қайткен безбүйректігің, ағаң көз жұмбай жатып бұл неткен басынғандығың, – деген жеңгесінің жылап-сықтағанына да илікпеді қайынсіңлісі. «Соттассаң да, боқтассаң да бұл үй енді біздің шаңырақтыкі», – деп сіресіп отырып алды.

«Қой, құдай қосқан қосағымның о дүниелік болғаны аздай, енді сормандай маған көрсетер құқайы осы-ақ шығар, несіне де болсын көндім, шыдадым!» деп екі баласын қолынан жетектеп, көшеге шыққан Шәрия көптенгі таныс, көрші кемпірдің босағасын аттады. Өзі де төрінен көрі жақын азғана зейнетақысымен күнін көріп отырған әлгі орыс мәтішкесі қаншама асты-үстіне түсіп, жалпақтағанымен, көлденең көк тиыны жоқ Шәрияға екі сәбиімен бұл үйде ұзақ тұрақтал қалуының жөні келмеді. Содан ол көп ойланып-толғанып, өз құрсағынан шыққан қос баласын бірі үште, екіншісі – бесте, сәбилер үйіне тапсыруды жөн көрді.

Күйеуінен өлідей, көзінің қарашығындай – қос ботақанынан тірідей айрылған Шәрияның ендігі

күні басқа түспесін, итке бергісідей еді. Думанның арқасында бұл өмірден еш қағажу, еш қиындық көреспін-ау деген жас келіншектің арман-тілегі орындалмады. Қайта еш жұмыссыз, еш баспанасыз қаңғырып далада қалды. Содан көше кезіп, базар жағалап, әркімнен тіленшілеп қайыр-садақа сұрал, жиған-терген тиын-тебеніне «ащы судан» сатып алып, ақыр тегінде ішімдікке салынып кетті.

Ішімдікке салынғаны сол, көп қабатты үйлердің астындағы көрінген жертөлені паналап, алқа-жұлқа киінген, қаба сақалды, ұсқынынан адам шошынғандай БОМЖ-дармен ауыз жаласуға айналды. Көк түтінге көміліп, урналардың қасынан тауып алған қалдық темекіні шегіп, кеудесі сырылдап, күрк-күрк жетелден ауыз жаппайтын сондайлардың біреуімен жақындасамын деп, төсектес боп жүргенінде, Шәрия қас қылғандай өзінің жүкті болғандығын да сезбей қалды. «Жығылған үстіне жұдырық» аздай, әлгілердің бірінде ВИЧ инфекциясы да бар боп шықты. Сөйтіп өмірден де, өзгеден де соққы көрген жас келіншек тағдыр тәлкегімен өзінің ауыр дертке ұрынғандығын да артынан барып, бір-ақ сезді. Әйткенмен мұның бәрі кеш еді...

2008 ж.

## МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ

Осы тақырыпта әңгіме қозғамас бұрын әуелгі ретте өзім сүйіп тындайтын әрі оңаша қалған сәттерде өзім де сүйсіне орындайтын, қазіргі қоңыр дауыспен асықпай-саспай айтылатын тамаша әндердің бірі – «Қазақ қызы» әні есіме түседі.

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Жаны жас, жаз гүліндей жайрандаған.  
«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді  
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам».

Шындығында көкірек сезімі ояу тірі пенденің көңіліне ой түсірерлік, жүрек отын маздатып, жанға жылы тиер неткен теңеу, қарапайым ғана ананың ақ сүтімен дарыған қазақ тілімен жеткізе білген неткен шеберлік десеңізші!

Әйткенмен әңгіме мұнда да емес, әңгіме бүгінгі қазақ қыздарының өсіп-өнген ортасы, жастайынан алған тәлім-тәрбиесі, білімі мен ой-өрісінің қаншалықты дәрежеде екендігі, ең бастысы олардың әйел балаға тән адамгершілік ізгі қасиеттері мен бойындағы әдептілігі, инабаттылығы әрі кеткенде рухани жағынан тазалығы хақында болмақ. Әсіресе, бүтіндей қоғамымызда салауатты да оқыған-тоқығаны мол мәдениетті жастар қатарын толықтыру жөнінде ұлан-ғайыр ауқымды істер тындырылып жатқан тап қазіргідей шақта турасына келсек, кейбір бойжеткендеріміздің, ата-аналары алақанына салып өсірген ару-қыздарымыздың көңілге қаяу салатын күйкі тіршіліктері мен олардың ауызға алып, айтуға

ұят анайы қылықтары жанға батып, жүректі еріксіз сыздатады.

Алысқа бармай-ақ осы тұрған астаналық облыс орталығы – Көкшетауды алайықшы. Күнделікті тірлікпен байқамайды әрі аңғармайды екенбіз, расы сол, біздің қалада да тұрғылықтысы бар, шалғайдағы ауыл-селолардан, көршілес аудандар мен облыстардан келіп жұмыс іздеп, не оқу оқып жүрген қыз-жігіттер құдайға шүкіршілік дейік, жетерлік деуге болады. Солардың ішінде бозбалалар жайын сөз етпей-ақ (ол – бөлек проблема! – автор.) бүгінгі қаракөз қыздарымыз (өз балаларымыз сияқты) – бойжеткендеріміз жөнінде әңгіме қозғауымыздың жөні тағы бар сияқты.

Мәселен, кей-кейде, кейде деймін-ау, күндегі дағдымен жұмысқа келе жатқанымызда әдейілеп алдыңнан шыққандай қарсы беттегі үйлердің немесе дүкендердің бұрыш-бұрышында нақ бір ер адамдардай құшырлана темекі шегіп тұрған қыз-келіншектерді көргенде бар ғой, өз-өзіңнен жиіркеніп, лоқсып, құсқын-ақ (өзім темекі шекпегесін бе?!) келеді. Кешегі Кеңес заманынан бойға сіңіп қалған жаман әдет, бұрындары әйел затының көрінеу көзге ерлермен теңесіп, шылым шегуі ерсі саналушы еді ғой, қазіргі жастарың бұған нысқырып та қарамайды. Ал қолда бар бүгінгі ресми деректерге жүгінсек, тек біздің еліміз бойынша ғана күніге 70 адам жөнді-жосықсыз осы темекі шегуден туындаған түрлі аурулардың салдарынан мезгілсіз сырқаттанып, көз жұматын көрінеді.

Тағы бір мәліметтерге қарағанда, біздің республикада жыл сайын 13 мыңнан астам ер адам, 11 мыңға жуық – әйел заты «құрт ауруына» шалдығады екен. Мұндай көрсеткіштер жағынан біздің Ақмола облысы, соның ішінде Көкшетау қаласы да қалысатын түрі жоқ. Нақты цифрлармен

дәлелдеп жатпағанның өзінде облыс бойынша жыныс ауруларымен, әсіресе ғасырдың басты дерті саналып отырған СПИД-ВИЧ инфекциясын жұқтырғандар саны жылдан жылға көбейіп келе жатқандығы да ойлантпай, толғантпай қоймайды. Бұған және есірткіге әуестенген, анаша тартып, денесіне наша егетін қыз-қырқындарды қосыңыз.

Наша демекші, күнде болмаса да, кей күндері жұмыстан кейін Чкалов көшесінің бойындағы, бұрынғы Көкшетау кооператив техникумы жатақханасының бірінші қабатындағы шахмат клубына барам ғой. Жол бойы несін айтасыз, сыраханадан, кәуапханадан көз сүрінеді десем, тағы өтірік емес. Міне, сол арада көк түтінге көміліп, темекі шегіп, алдындағы бокалдан сыра сіміріп отырған жігіттерді былай қойғанда, өрімдей-өрімдей жаңа ғана бойжетіп келе жатқан қыздарды көргенінде бар ғой, өз-өзіңнен бетіңнен отың шығып, не дерінді де білмейсің. «Шіркін-ай», дейсің ішіңнен ондайда, ертеңгі күні бұлардың да біреуі болмаса біреуінің бағы жанып, тұрмысқа шыға қалса, бұла күннен темекі мен спирттік ішімдіктерге әуестенген осындай бойжеткендеріміз қалай ғана нәресте сүйіп, жаңада іргесін көтерген отбасына ие бола алады екен? Әлде бәзбіреулердің пәлсапалап жүргеніндей бүгінде адам азып, заман тозып бара ма, өзі?!.

Сырахананы былай қойып, қазір тек Көкшетау қаласында ғана бәленбай «Казино», дәмхана-барларын, мейрамхана-боулингтерің есепте тұрса керек. Осындайда тағы да оңтүстік астана – Алматыдағы – Саин, бертіндегі астана – Астана қаласындағы Сейфуллин көшелерінің бойындағы көлденең өткен «көкаттыны» торуылдап, он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздардың тәнін саудалап, арын саудалаумен, күнелтудің, ақша табудың

қамымен жүріске салынатындықтары есімізге түседі. Тіпті анада сондайлардың бірлі-екеуімен тележурналистер сұхбат жүргізіп:

– Қаракөз қарындастар-ау, мұншалықты азғыншылық жолға түсіп, елге тандақ, жұртқа мазак болғанша, ауылға барып, сиыр сауып, қой-ешкі бағып күндерінді көрмейсіндер ме? – деген сауалына әлгілерің:

– Елге барар-ақ едік, онда жұмыс жоқ. Қазір мал ұстап, мал бағу да оңай емес. Ал мында «көрсеткен қызметіңе» қолма-қол ақша алып, пәпақа боласың, – дегендерінде, олар түгілі біз ұялғаннан жерге қараған едік.

Мұны мысалға келтіргеніміз сол, кәдімгі Абай көшесінің бойындағы М.Ғабдуллин көшесімен қиылысар маңда «Береке» азық-түлік дүкенінің дәл қарсысында тап осындай «Боулинг» клубы бар. Тап соның ішіне кіріп, мұндағылардың немен айналысып, не істейтіндіктерін білмесек те, кей-кейде тап осы арадан өтіп бара жатсақ, есік алдындағы ығыжығы машинаға (және бәрі «крутой» маркадағылар!), ұлты басқа жігіттердің қасында бірі иығына артылып, бірі езуіндегі темекісін күшырлана сорып, жылмындаған-қылмындаған, қаракөз қыздарымызға көзіміз түскенде бар ғой, памыстан өліп кете жаздайсың.

«Әттеген-ай, мұндайлардың ауылдан келгендері болса да, мейлі қаланікі болсын, әкешешесінің тапқан-таянғанын оқуына деп беріп, ал өз қыздарының істеп жүргендері мынау екендігін білсе ғой, не дер еді?» – деп те ойлайсың. Әйтеуір жұмыр басты пенде емеспіз бе, құмырсканың илеуін көрген байғұс қазақ, бәріне де көнесің-ау, бәріне де шыдайсың-ау.

Десек те бәрін бірдей ғайбаттаудан аулақпыз, өзіміз де ұл-қыз өсіріп отырған әке-шешеміз ғой,



тек «Қыздарда да қыздар бар тымырайған, шәпке киіп басына жымырайған» деп жастау кезімізде өлендететіндей, қаракөз қыздарымыздың бүкілісін осылайша қаралауға, жамандауға болмайтындығы тағы шындық. Әттең дейтініміз, бұған бір жағынан замана ағымы кінәлі ме деп те ойланып қалатынымыз бар. Өйткені кешегі Мағжан, Ақан (Ахмет Байтұрсынов) барлығын түгел тізбелемейік, бүгінгі Мұхтар Шахановтар жанын шүберекке түйіп, қаншама бозторғайша шырылдаса да, тіліміздің, мемлекеттік деңгейдегі ана тіліміздің көгермей отырғандығы неліктен?!

Ал тіл жоқ жерде діл де, рухани тазалық та жоқ деуге болады біздіңше. Бәріміз білетіндей, ана жылдары, кеңестік дәуір кезінде бала бақшалары түгілі бар қазақ мектептері жабылып, ұлттық тілдегі басылымдар, кітаптар саны азайып, көне тарихымыз түгелімен дерлік бұрмаланып, саяси астарлы саудаға салынса, енді келіп орысшанды былай қойып (ұл-қыздарымыз онсыз да мәңгүрттеніп, орыстанып кеткенде) түрікше, ағылшынша үйренейік, елде қалып омалып қалғанша, шетке шығып, шетелде оқиын деп жарапазан қағып жатқанымыз не? – дейсің кей-кейде.

Бәрін айт та, бірін айт, ағайын-ау, демекші, ертеңгі Құртқа мен Еңліктің, Жібек пен Баянның, Ғабит ағамыз жазған Ұлпандардың өз арамыздан шығуы үшін қызғалдақтай гүл жарып келе жатқан аяулы қарындастарымызды, сұлу да сымбатты ару қыздарымызды бүгінгі күннен дұрыс жол көрсетіп, тәлімді тәрбие беріп, аялай білейік, ардақтай білейік дейміз сөзіміздің соңында.

2008 ж.

## ЕҢ ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК

*Бұл шығарманың желісін бұрынырақта «ұзынқұлақтан» естігенмін. Сол хикаятты оқырманға жеткізгенше асықтым.*

*Автор*

Кәбира мен Тәкен екеуі әуелде бір-бірін сүйіп қосылған. Екеуі де бір ауылда тұрып, бір ауылда өсті. Осындағы мектепте де бірге оқыды. Соңғы қоңырау соғылмай жатып, несін айтасыз, екеуі төсектес те болып үлгерді. Ауылдық жерде сөз жатқан ба? Қанқу сөздің аяғы өсекке ұласты. Ақыры бұл екеуі ың-жыңсыз қосылып тынды.

Содан көп ұзамай Тәкен әскер қатарына шақырылды. Ол уақытта Кеңес үкіметінің құламаған кезі, тағдырдың айдауымен Қиыр Шығыстан бір-ақ шықты. Ал Кәбира болса іштегі кішкентайымен жылап-сықтап үйде қала берді. Әйтеуір көңілге медеу тұтары Тәкеннің анасы – Балқия шешей ендігі бар шаруаны: үйдегіні де, түздегіні де өз мойнына алғандай сыңай танытты. Ірі ертеректе қайтқаннан кейін жалғыз ұлы – Тәкенді өсіріп, жеткізіп, оқытып, тәрбиелеген де өзі еді. «Енді төрімнен көрім жақын қалған тұста шетте жүрген жалғыз баламнан көрмек немеремді бақпағанда, немді істеп, немді қоям» деп іштей онсыз да жарымжан көңілін жұбатып, өзін-өзі қайраттандыра түсті.

Ақыры көп кешікпей немерелі де болды. Жалғызынан туған сәбиге Саят деп ат қойды. Жақсылық хабар жәй жатқан ба? Бұл хабарды естіген алыстағы Тәкеннен де іле жеделхат келіп жетті. «Кәбиражан! Нәрестеңмен құттықтаймын!

Өзінді құшып сүйдім – жан жарың Тәкенің», – депті ол тілдей қағазға жазылған құттықтауында.

Әйткенмен «жазмыштан озмыш жоқ» деген ғой. Солай демекші, бұл қуаныш соңы өкініші басым – зор қайғыға ұласты. Бірде киыр шетте – әскерде жүрген жалғыз баласын теміртабытқа салып, әлдекімдер ауылға алып келді. Сондағы Балқия шешейдің онсыз да ақ шала бастаған шашын жұлып, зар еңіреп, жылаганы-ай... Көрген адамның дәті шыдамас еді тіпті. Оған келіні Кәбира қосылып, ағыл-тегіл ал жыласын кеп... Ұлының неден, қайтіп жазым болғанын да біле алмай кетті қайран ана! Ауыр қайғыны көтере алмаған жүрек шіркін шыдасын ба, бір түнде жатқан жерінде ұйқыдан қайтып тұрмады ол.

Ай артынан ай, жыл соңынан жыл өтіп жатты. Қайыненесін ақтық сапарға жөнелткен келіні Кәбира енді шаңыраққа өзі ие болып қалғандай сыңайлы еді. Саяты болса, жасы 3-тен асып, 4-ке аяқ басқан. Күнкөрістері – балаға алатын жәрдемақы мен сауын сиыр, төрт-бес қой-ешкі. Көзінше сөз етпесе де, сырттан бұған «өкесір қатындығын» бетіне басып, кейінгі кезде «сауын айтушылар» көбейе бастаған. Оның үстіне құдай қосқан қосағынан мезгілсіз жастай қалған Кәбираның сырт кейпі де бөгде жанды еріксіз өзіне тартып тұратын. Сонысынан да болуы керек, ауылдағы соқабас жігіттердің көбі мұны «Ең әдемі келіншек» деп ауыздарынан суы құрып, бір-біріне жарыса айтып жүретін.

Бірде сондай бойдақтардың арасынан Қожақ есімді жігіт бұған қайта-қайта емініп, өзінің бұған өлердей ғашықтығын білдірді. Нешеме бетін қайтарып, есікті ашып, сыртқа шығарып жібергенімен, ол керісінше үдете түспесе, күн болсын, түн болсын тыстағы қақпаны қағып,

келгіштеуін қоймады. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Ақыры шиеттей баламмен жастайымнан «жесір катын» атанып отырғанша, әйтеуір ақылын айтып, жанашырлық танытар, не ақырып-жекiрiп өзiне доңайбат шегер жан қалмағандығын ескерiп, бұл ойланып-толғанып барып, Қожақты кешiктiрмей қолына кiргiзiп алды.

Сөйткенмен ел арасында «ең әдемі келiншек» атанған Кәбира байғұс өзi ойлаған, өзi қиялдаған бақытына жете алмады. Араға жыл салмай жатып оқыстан ауыр науқасқа шалдыққан Қожақ кенеттен қайтыс болды. Ақтық рет көзiн бiр ашып, бiр жұмып шалқасынан жатқан ол демi үзiлер сәтте ғана:

– Сенi, Кәбиражан, қанша қимасам да, Саятына серiк болар жас нәресте сүйiп өтсем деп нешеме ирмандасам да, ол ойыма жете алмадым. Ке-кешiр мендей ғарiптi, – деп аз-ақ күнде етiнен арылып, тирамыстай семiп қалған қолдарын бұған соза берiп, көзiн жұмды.

Тек артынан ғана аудан орталығынан әдейiлеп шақыртқан дәрiгерлердiң экспертизалық сараптамасынан соң барып, мұндағылар тепсе темiр үзердей алпамса денелi Қожақтың аз-ақ күнде ийықпас дерт – СПИД сырқатынан мезгiлсiз дүние салғандығын естiп бiлдi. Оны қайтiп жұқтырғанын, қашан, қайда жұқтырғанын, артында қалған тұл жесiр Кәбираның – «ең әдемі келiншектiң» одан прғы тағдыры не боларын тек Аллаң бiлсiн!?

2008 ж.

## СЫР (Әңгіме)

Көктемнің алғашқы айының бірі болатын. Жұмыстан жаңа ғана оралып, жуынып жатқаным сол еді, досым Сэнтай үйге кіріп келді. Амандық жоқ, саулық жоқ:

– Жүр киноға барайық, – деді күлімсірей қарап. – Жаңа фильм. «Шпионмен кездесу».

Әлгіндей болмай тысқа шықтық. Аспанда сансыз жұлдыздар жымылдап тұр. Әне, жолақ-жолақ құс жолы көрінеді. Шіркін, туған жердің ауасына не жетсін! Көкірек кере жұтар ма еді?! Мұрын жаралды-ау. Анау қырдың астындағы көк ойпаңда емін-еркін домалал аунаса...

Кинодан көңілді шықтық. Өздерімізше сөз таластыра, дабырласып келеміз.

– Ана қара, – деді Сэнтай алдымыздан кесекөлденендей өтіп бара жатқан әлдекімдерді нұсқап. – Бізбен көрші тұрады. Екеуі де қалада оқитын көрінеді. Кеше өздерімен оңаша әзілдесіп, сыр шертіскенмін. Кет әрі емес, жүр таныстырайын, – деп өзеуреп қоймады ол.

– Қарындастар, қайда асықтыңыздар?.. – бірінші болып Сэнтай тиісті оларға.

– Қайтейін деп ең, Сэнтай-ау, жолымыз бір шығар, шығарып саласың ба?.. Қыздың бірі артына бұрыла қарап, мырс етті. – «Іздегенге – сұраған» деген осы екен. Әлгілердің жанына тақап келдік.

– Әрине рұқсат болса..., – дедім мен мыңқ етіп. Өз дауысым өзіме де естілмейді.

– Жолы болар жігіттің, демекші, сіз Сәулені үйіне шығарып салыңыз, біз былай астық, – деп алғаш тіл қатқан қыз Сэнтайды әрі қолтықтап әкетті.

– Саулешка, пока, жақсы ұйықта...

– Сау больғңыздар, – дедім Сәуле үшін үн қатып. Батылданып кеттім бе, қыз қолтығынан ұстадым. Тартына қоймады.

– Үйіңізге дейін бірге барсам ренжімейсіз бе?..

– Өзіңіз білесіз...

– «Бір көрген біліс, екі көрген таныс» дейді ғой қазакем, қарындас, танысып қояйық, есімім Бекет, мамандығым шофер...

– Сәуле...

Сәуле Көкшетаудағы медициналық училищеде оқиды екен. Осындағы апасына қонаққа келіпті. Демалыс мерзімі бітіп, жуырда қалаға қайта оралмақшы көрінеді.

– Оһ, үйге де кеп қалдық, – деді қыз кенет алдымыздағы шатырлы үйді нұсқап. – Шығарып салғаныңызға рахмет... – Сау болыңыз. Аузымнан сөз шықпай тұтығып қалдым. Үйге кіріп кете ме деп сасқанымнан:

– Ертең демалыс қой, кездесейік Сәуле, – дедім.

– Ім... Қыз ойланып қалған пішін білдірді. – Қашан?.. Қай жерде?..

– Клубтың жанында күтемін... Қыздың келісетінін сезіп қуанып кеттім, – түскі үште...

– Жарайды, келемін. Жақсы тынығыңыз...

– Қайырлы түн, Сәулеш...

Уәделі жерге ерте келдім. Әрі-бері тұрып, бір шылым тартқанша болмай, бұрыштан біреу қараң етті. Сәуле екен.

– Сәуле, – оның сүйріктей саусақтарынан ұстай алдым. Түн қараңғысында байқамаптың, қыз тіпті сұлу екен. Қарлығаштың қанатындай қиылған қасы мен қос қарақат көзі, оймақтай еріні көздің жауын алғандай. Әсем тігілген кең етектегі көйлегі де денесіне қонымды-ақ.

– Қайда барамыз? – деді Сәуле маған жаудырай қарап. Ұйқыдан жана оянған адамша селк еттім. Тап басып, не айтарымды білмедім.

– Кеттік. Бейне бір айырылып қалатын адамша қыз қолынан қатты қыса ұстап жүгіріп келемін. Бетіміз ауыл шетіндегі шоқ қайың. Сәуле маған ілесер емес.

Оу, пәлі, мына шоқ қайың қалай құлпырып кеткен! Айнала жасыл түкті кілемге оранған іспетті. Көк шалғынға құлай кеттік. Сәуле де алқынып-ақ қалыпты. Жиі-жиі дем алады. Айнала тым-тырыс. Құлаққа ұрған танадай.

– Сәуле?..

– Ә, – деді ол маған наздана қарап, – о не, Бекет!? Жүзі тіпті ерекше нұрланып кеткен. Бал-бұл жана қалыпты. Бетінің ана бір шұңғылын қарашы...

– Сәуле?.. Қыз маған таңырқай қарады. – Ерніңнен бір сүйгізші?.. Ол мөлдіреген көзін бір жап еткізді де теріс бұрылып кетті.

– Сәуле... – Өтінішім болсын, тек бір рет... Ол «енді неге отырсың» дегендей тағы жығия қарады. Тағатым шыдамай қыз ернінен сүйіп алдым. Шапалақ... Жоқ. Үндемеді. Тек еркелеген жас баладай көк шөптің үстіне қисая кетті. Шашынан сыйлап отырмын. Кеудесіне сыймай бір басылып, көтеріліп тұрған қос анарына көзім еріксіз түсе береді.

– Бекет... жаныма жатшы?! Қыз қолымен мені өзіне қарай тартты. Әп-сәтте ыстық деміміз бір-біріміздің бетімізді шарпып, астасып кеткендей болды. Мен оның аш белінен айқара құшақтай, ернінен құшырлана сүйе бердім, сүйе бердім...

– Бекет, – деді әлде мезетте қыз, – Бекет, сен қызбен жүріп көрдің бе?!.. Өз басым талай сұлу бикештерге сырт ғашық болғаным болмаса,

мандарына жолап көрген жан емен. Мына сұрақ келтесінен тиіп, ойландырып тастады.

– Жоқ, – дедім әр-беріден соң.

– Ал саған бірдеңе айтсам, ренжімейсің бе?..

Қыз алқына дем алып, орнынан тұрды. Әп-сәтте жүзі қызарып кетіпті. – Ә, Бекет?!

– Ренжімеймін...

– Ендеше, мен бір жігітпен дружить етіп едім...

– Оны несіне айтып отырсың?..

– Жо-жоқ, тыңда, бірақ тастап кеттім...

– Неге?..

– Ол ауыратын еді... Туберкулезбен...

– Туберкулез!.. Мен қыз бетіне жалт қарадым.

Ол да өңімнен шошып кетті ме, маған «не болды» дегендей көзі бажырая қарап қалты. «Еһ, Сәуле, Сәуле, мұнынды білсем гой.. Енді-енді ұмыт бола бастаған ескі жараның бетін тырнап алдың-ау!?»

... Иә, сегізінші класта оқып жүрген кезім. Қызыққа толы балғын шақ еді-ау, сол күндер... Өмірден түйсіксіз едік. Жас болатынбыз. Кенет сойқан дауыл жас жүрегіме жара салатынын сездім бс екен сол кезде...

Бауыр дегенде жалғыз ғана ағам аудан орталығында қызмет істейтін. Бірде ауданға барған әлдекімдер: «Әлім ауырып, ауруханаға түсіпті» деп келді. Қарт әке-шешем бір ұшып жерге, бір ұшып кокке қонды.

Ертекіне олардың сырт сөзінең естимін: ағам командировкаға шыққанда, боранда машинамен далада қалып қойыпты. Шофер екеуінен басқа жан жоқ. Ақтүтек. Айнала түк көрінбейді. Суық жел ызындап өңменнен өтеді. Жұқа пальтомен шыққан бұлар әлден соң тонады. Аяқ-қолдарының жаны кетуге айналады. Қалың қарды күрекпен қазғанмен, оршелене соққан қатты жел оның орнын қайта-



қайта толтырып жатады. Не керек, трактор тауып әкелем деп, ағам ауыл жаққа тартпай ма?! Сол жолы қос өкпесіне суық тиіпті...

Біреп айдан соң ағам үйге келді. Екі жағы суалып, қос көзі шүңірейіп кетіпті. Е, туберкулез деген сол екен ғой... Курортқа да барды. Дәрігерлерге де қаралды. Ол кез медицинаның онша дамымаған шағы, түк көмек болмады. Ақыры арада бір жыл өткен соң ағам қайтыс болды... Жиырма бес жасында дүниеден өтті...

Бәлкім, менің бауырымды да бір сұлу сүйген болар... Қайтті екен ол?! Жеңгем... Сен де тап сонда өз сүйгеніңнен безіндің бе?! Беу-беу, өмір-ай!

– Бекет, не болды саған?.. Қыз еркелегендей қылымси қапты. Тап қазір оның жүзі маған зәрлі абжыландай көрінді. Тіпті ана көзі, саусағы да сүйкімсіздеу болып көз алдымнан елестеп өтті. Жиіркеніп кеттім.

– Бекет!.. Қыз үнін естімегендей жүгіре жөнелдім. Әлден соң барып артыма қарасам, қыз тап сол орнында әлі де тұр екен. Бәлкім, әбестігін сезген болар...

1969 ж.

## ШЫҒЫСТЫҢ ҚАҒАРМАН ҚЫЗЫ

Ертеректе жазылған Майра жеңешесінің естелігінде айтылғанындай, Мәншүк қараторы, жайнаған қарақат көзді, шашы қалың, әрі бұйра, сүп-сүйкімді адамға тез бауыр баскыш бала болып өседі. Содан да болуы керек, ағайынды Ахмет пен Қанат Мәметовтердің үлкені Жәнібек стансасында тұратын (Саратов қаласының маңы) немере туыстары Жеңсігәлі Әлиевтің отбасына қонаққа барғанда, Ахмет сүйкімді әрі зерек балаға көңілі ауып, көп ұзамай келіншегі Әминамен келісіп, Мәншүкті өз қызындай асырап алуға көңілі кетеді.

Ақырында бұл ойын немере ағасы Жеңсігәліге білдіріп: «Оқытамын, тәрбиелеймін, өз баламнан кем көрмеймін» деп уәде береді. Әуелгі бетте анасы едәуір қарсыласқанымен соңынан көңілі жібіп: «Жарайды, жақсы көретін інімнің бірі едің. Қайтейін, көңіліңді қалдырмайын», – деп қызын жанына қосып береді.

Ахметті сыйлағандықтан шығар, Мәншүктің еке-шешесі содан бұлар жаққа бірде-бір ат ізін салып қатынамапты. Тек «Мәншүкті сағындым» деген Қанаттың қолқалауымен Майра екеуі соңынан іздеп барыпты. Сол отызыншы жылдардың басында Ахмет інісі мен келінін Орал қаласына көшіріп, бұлар Нариманов көшесіндегі 41-үйде біраз уақыт бірге тұрады. Мәншүк болса екі үйдің ортасында тіпті бұла болып өседі. Қос ананы тел еміп өскен ол қос ананың қызы атанады.

Тағдыр ісіне дауа бар ма? Көп ұзамай Мәншүктің туган анасы Тойымша, арада екі жыл өткенде әкесі Жеңсігәлі қайтыс боп кетеді. Артынан-ақ, 1934 жылы Ахмет Мәметов Алматыға жұмысқа шақырылады да, Қанат Орда ауданына

көшіп барып, Мәншүктің бірге туған агаларын қолдарына алады.

Осы арада Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованы тәрбиелеп өсірген, белгілі дәрігер, белсенді қоғам қайраткері Ахмет Мәметов жайлы түрлі басылымдарда жарияланған деректерден бірер мағлұмат бере кеткенді жөн санап отырмыз. Кезінде Ахметтің, денсаулық, жалпы медицина тақырыбына көптеген мақалалар жазып, кітапшалар шығарғандығын да көрген жұрт айтады. Тіпті бұған дейін 1912-1913 жылдары Казан қаласында оның «Ғибрат», «Кеңес» атты өлеңдер кітабы да жарық көреді.

Мәншүктің әкесінің туып-өскен жері қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы Мешітқұм ауылы көрінеді. Ахметтің өзі де әкешесі сияқты жастайынан жалшылықта болады.

Бала күннен оқу-білімге құмарланып, ғылым жолына түсуді көксейді. Соған мысал ретінде өз халқының қамын жеп, оның өнер-білімге жетілуін армандаған бір өлеңінде («Тілегім», 1915 жыл, «Қазақ» газеті) ол былай дейді:

«Қазақты бір күн санға кірген көрсем,  
Қатарлас халықтармен жүрген көрсем.  
Білдіріп дүниеде бар екенін,  
Шетінен өнер-ғылым білген көрсем.  
Жас бала – жаңа өспірім қатар-қатар,  
Арқаға кітап қабын ілген көрсем.  
Тізіліп ұлы-қызы тегісінен –  
Ішіне медресе кірген көрсем.  
Білдің бе сабағынды, сабақтас деп,  
Сөйлесіп жас балалар күлген көрсем.  
Азамат Алашұлы атағымен,  
Ғылымдық тұлпарына мінген көрсем.  
Үйренген білім-өнер арқасында,  
Рахат-тыныш дәурен сүрген көрсем.

Айтылған осылардың бәрін көріп,  
Құдайға арманым не, со күні өлсем!»..

Мәметовтар әулеті үшін 1938 жыл қайғы-қисіретін ала келеді. Қызметте жүрген шаңырақ иесі

Ахметті ұстап әкетісімен, Қанаттың ол кісіге жақындығын іздеп, ГПУ тергеуге алып, ақыры партия қатарынан шығарып тастайды. Тап осы кезде 1940 жыл шамасында Алматыдағы Мәншүктен хат келеді. Хатында ол әкесін «халық жауы» деп ұстап әкеткендігін, шешесінің басқа біреуге күйеуге шығып кеткендігін, ал өзін қудалай берген соң оқуды тастап, жатақханада тұрып жатқандығын хабарлайды.

Содан көп ұзамай соғыс басталады. Туган жемешесі Майраның айтуынша, ол әкесін өте жақсы көретін. Сыйлайтын, әрі әулиедей сенетін. «Халық жауы» болғандардың баласы майданға өз еркімен барса, кешірім жасалады, – деген ұзын құлақ хабар құлағына тиісімен Мәншүк өз қалауымен соғыс даласына аттанады. О жақта жүргенде мұндағыларға бір-ақ рет хат жазады. Хатында: «Қыз да болсам, майданға өз еркіммен келдім. Әкемнің түк жазығы жоқ, босатыңыз» деп Сталинге үш рет хат жазғанымен, одан бірде бір хабар болмағандығын айтады. Ол кезде Қанат та өз еркімен соғысқа барып, 1943 жылы Сталинград маңында ауыр жараланып, елге қайтады. Сөйтіп жүріп елуінші жылдары дүниеден өтеді. Қаршадай ғана қазақ қызы майданда да өжеттігімен көзге түседі. Бүрме көйлегін зілбатпан шенелге, жеңіл байпағын ауыр керзі етікке айырбастап, қос бұрымын шорт кескізген ол анау-мынау ерлер бара бермейтін іске, тәуекел деп бел байлады. Мәншүкке мұндағылар да (көбісі қазақ!) жанашырлықпен қараған. Оны тіпті үнемі штабта ұстауға тырысқан.

Өз өжеттігінің арқасында Мәншүк туасы көрмеген қаруды бес саусағындай үйреніп алады. Үздік пулеметші атанып қоймай, бөлімше командирі, батальон, комсомол комитетінің жетекшісі болып, әскери шені сержантқа дейін көтеріледі. Сондай дәрежеде жүріп, ол небәрі жиырма бір жасында Невель қаласының түбіндегі Изочий стансасы үшін қырғын-шайқаста тарих бетіне өз ерлігін қанымен жазып кетті.

«Ештен кеш жақсы» дегендейін, әйтеуір сол Мәншүк апамызға, Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы алты ай кешіктіріліп барып, 1944 жылғы 5 наурызда берілген екен. Оның өзінде, бұл іске Мәлік Ғабдуллин араласып, оң шешілген көрінеді. Кейін шығыстан шыққан батыр қыз жайлы небір көркем дүниелер, «Мәншүк» атты кинофильм дүниеге келді. Мәншүк жайлы материалды ендігі жерде ақын Қайрат Жұмағалиевтың мына бір өлең шумақтарымен аяқтағымыз келеді:

«Жаудан қорғал Отанды,  
Қаһарман қыз атанды.  
Кетті тарал әлемге  
Даңқы Мәншүк апамның!  
Ол ерлігін асырған,  
Дұшпаны да бас ұрған.  
Мәншүк апа аңыз боп  
Жетпек келер ғасырға!..»

2002 ж.

## «ҮМІТСІЗ ЖАННЫҢ» ҮРЕЙІ

«Туһ, бәрі неден басталып еді?!» Өткендегіні есіне түсіре алмай, бұл төсегінде тағы бір аунап түсті.

Е, мектепті бітірген жылы Алматыға барған құрбыларымен. ЖЕНПИ-дің филология факультетіне сынақ тапсырғанымен, өте алмаған. Балы төмен деп конкурстан «құлаған».

«Елге қайтіп барам, не бетіммен барам... Онан да осында қалып, жұмыс істейін». Осы оймен пуылдасы Сәниямен пәтер жалдап, тігін комбинатына жұмысқа орналасқан.

Уақыт жүйрік емес пе. Күндер білінбей өтіп жатты. Тәуліктің әр сағаты есепте. Аптаның бес күні жұмыс та, екі күні – демалыс. Демалыс болған соң, қайда қыдырам десең еркінде. Киноға ма, театрға ма, әлде «Казиносы» тағы бар.

Ол кезде Алматыдағыдай ірі қалаларда болмаса ауылдық жерде өсіп, ауылдық жерде оқыған Жаңыл сияқтылар «Казино» дегенді көрмек түгілі естімеген де. Саматпен де сонда танысқан. Аққұба оңдi, тебiндеп келе жатқан мұрты бар, бойшаңдау жігіт еді. Бір көргеннен-ақ ұнатып қалған. Әрнәрсені айтып, күлдіріп отыратын. Бірақ мұның сорына артынан бәрін бүлдіретінін қайдан білген?..

Екі-үш кездесудің соңы мұның жүкті болып қалуымен тынған. Арада төрт-бес ай өткен соң Саматың да әрнені сылтауратып, бұдан бойын аулақ сала бастаған. Астанадағы мықты оқу орындарының бірінде аспирантпын дегені дө бекер боп шықты. Көп ұзамай Жаңыл Саматтан мүлдем көз жазып қалды. Оның не өлі, не тірі екендігі белгісіз, арада бірер уақыт өткенде ұшты-күйлі жоқ болды.

Нәрестесін көтеріп, аяқ-қолы жеңілдеген соң да бұған оңай түскен жоқ. Ақыры өз кіндігінен туған сәбиін «жетімхана» үйіне тапсырып, ел жаққа қарай тайып тұрды.

Ар-ұяты жібермеді ме, ауылға оралуына беті дауаламады. Қалада қалып қойды. Мындағы көп жатақханалардың бірінен орын алды. Іргедегі кафелердің біріне даяшы боп орналасты. Өзі де көрікті еді. Қаракөз, қарақас дегендейін. Өттен бақыты жанбады. Жанбай жатып сөнді деген осы. Қасындағы бөлмелестеріне де еш сырын айтқан жоқ. «Қайдан келдің, қайдан жүрсің?» деп олар да асты-үстіне түсіп, тергемеді. Әйтеуір әрқайсысынікі жанкешті өмір. Әркім өз тіршілігімен өзі әуре.

Ауылға қатынағандардың әлдебіреуінен әкешесіне сәлем айтқан. Онсыз да қамкөңіл ата-анасын мұны уайымдап, жүдемесін дегендегісі бұл. Олардан да әлі күнге сыбыс жоқ. Тек анада өзімен тетелес інісі келіп кеткен. «Тәтетай, мында жүдеп-жадап жүргенше елге қайтпайсың ба?» деген бұған жаутандай қарап.

– Елге барғанда не істеймін? Ауылда дәнеңе жоқ қой. Бәрі құрыған. Онан да осында өз нанымды өзім тауып жейін. Айлығым жаман емес. Бір басыма жетеді. Семья құрсам, сендерге де қарайласып, көмектесермін...

Ол ойына да жете алмады Жаңыл. Кафедегі көп кештердің бірінде тағы да көлденең көк аттылардың біреуінің алдағанына сеніп, тағы да тағдырдың үлкен соққысына ұшырады. Өмірі аузына «ащы су» мен темекіден татып көрмеген бұл «СПИД» деген пәленің не екендігін енді ұқты. Бірақ бәрі кеш еді.

Бармаған, қаранбаған жері қалмады. Торға түскен арыстандай, қаншама алас ұрғандығымен еш ем қонбады. Және «мұндай пәленді емдеу біздің

колымыздан келмейді», деп ешқайсысы тағы мойындарына алмайтындығын қайтерсің?!

Сөйтіп жүргенде, уақыт өте келе бұрындары екі мықынына кісі тойғандай, тығыршықтай жас келіншектің өні тез солып, жүдеп-жадай бастады. Тамаққа да кейінірек тәбеті сокпайтын болды. Жүріс-тұрыстан да қалды. Жұмысында да береке болмады.

Өз ісіне тиянақты, сырттан келушілердің көбісі өзіне қызыға қарайтын, Жаңылдың кейінгі кездегі кескін-келбетінен дәмхана қожасы да көңіліне әлденедей секем алып, өз-өзінен күдіктене бастаған сыңай танытты. «Ауырып-сырқағаннан саумысың? Көңіл-күйің келмей жүр білем әлденеге», – деп бұдан суыртпақтап сыр тартқанымен, келіншек аузынан сөз тарта алмады. Ақыры күндердің күнінде қаладағы «СПИД» орталығынан бір жапырақ қағаз жеткенде барып, бұл Жаңылдың бар сырын ұққандай болды.

\* \* \*

Түн баласы әрлі-берлі дөңбекшіп, төсегінде жатып, көзі іліксе болды, әлденедей құбыжық бейнелі бірдеңелер елестеп, өз-өзінен шошынып, екі иығы селк еткен Жаңыл тек таң көбесі ағара бастаған шақта ғана әбден шаршап барып ұйықтап кеткен еді. Жер бетіндегі тіршілік атаулыны жалмап, ғасыр дертіне айналып бара жатқан «СПИД» итты кесепатты сырқатқа ұшыраған уыздай жас келіншектің бұл ақтық сапарға аттанар алдындағы соңғы ұйқысы екендігін кім білген?! О, дүние-ай, десейші!

2003 ж.



## АДАМ САУДАСЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

*... Өңіне қарасаң, әп-әдемі-ақ, жасы жиырма бес-жиырма алтылар шамасындағы жас келіншек биязы ана дауыспен басынан өткен-кеткенін айтып отыр. Өз есімін дабыралап, көпке әйгі студі қажет деп санамады. «Тек менің басыма түскен істі басқалардың көзі де көрмесін, өзгелерге сабақ болсын деп сыр гып айтып жатқаным зой», – деді.*

Оқиға осыдан бес жыл бұрын болған еді. Онда Ира (есімін осылай деп атадык) жиырма бірдегі жүрегінен жалын атып тұрған жас қыз болатын. Бірде шет мемлекеттердің бірінде «адам саудаласу ісімен» айналысып жүрген құрбысы мұны оңашада әңгімеге тартты.

– Қалай, жасың болса жетіп қалды, не оқу жоқ, не жұмыс жоқ, осылай тектен текке ғұмырынды өткізбекшімісің?! Жер көріп, ел таны деген бар емес пе. Басың бос, бойдақсың. Қазір өзіңе лайық жұмыс табу қиын. Жұмыс істеймін, ақша табамын десең, жүр менімен ілесіп... Қалғанын артынан көреміз...

Тосын сөзден тосылып қалған Ира алғашында дәнеңеге түсінбей, сасқаны ма, немеңе;

– Қайда, кімге? – деді ойында ештеңе жоқ қалпы.

– Әуелі жаныңа серік болар тағы 4-5 адамды табайық. Кейінгі шараны содан соң реттейміз...

Не керек, Көкшетаудан «іріктелген» алты қыз түн қарангысын жамылып Грециядан бір-ақ шықты. Мәскеуге жеткесін бұлардың бәріне жалған құжаттар тапсырылды. Өзінің не істеп, не қойғанын Ира сонда ғана ұқты. Алдауға түскенін енді ғана

сезді. Сөйтіп адам саудасы деген коррупциялық қылмыстың басы осыдан басталды...

Көкшетаудағы «Феминист лигасы» қоғамдық бірлестігінің президенті Галина Васильевна Морозованың тілімен өрбітсек:

«Трэфик, яғни адам саудасы дегеніміз – әлдебіреу сізге «жұмыс тауып беремін», «күйеу тауып беремін» деген жалған уәдемен, алдап арбаумен, тіпті күш қолдану арқылы өз еркіңізден тыс, басыңызды айналдырғаны соншалық, бүгін мына жерде отырсаңыз, ертең-ақ ойламаған, тіпті өміріңізде көріп-білмеген бейтаныс мекеннен бір-ақ шығуыңыз әбден мүмкін екен. Бұл – бүгінгі күннің нағыз құлдығы, сондықтан да саудагерлер сізге және сіздің отбасыңызға қиянат көрсетуден де тайынбайды».

Ал Ақмола облыстық сотының қылмыстық істер алқасының судьясы Қарлығаш Көшербаеваның айтуынша:

– Қазақстан бүгінде адам саудасы туындаған, бөгде мемлекеттер көз алартып қарап отырған, адам саудасын «құлдық саудасына» айналдырған елдердің алғашқы легінде тұр. «Құрбандыққа» шалынған қазақстандықтардың көпшілігі негізінен жас әйелдер болып табылады. Олардың басым денін жезөкшелікке, жыныстық қарым-қатынас жасауға пайдаланады. Әйткенмен Халықаралық Көші-қон жөніндегі Ұйымның мәлімдеуінше құлдық жағдайда және осыған тең қалпында жұмыс істеу үшін жастарды, сондай-ақ орта жастағы ер адамдарды да алдап-арбап, шет мемлекеттерге шығару ісі де жең ұшынан жалғасып келеді...

Әңгімесін әрі жалғастырған Ира: «Содан не істеу керек, басымыз әңкі-тәңкі күйде төрт ай бойы қамауда отырдым. Жалынуга да, жалбарынуга да жағдай жоқ. Тіпті «басқа түскен баспақшыл» де-

гендей, не болып, не қойғанын да ешкімге айта алмайсың. Оның үстіне қолымыздағы құжатты тартып алған. Не істеп, не қоярымызды білмейміз.

Әйтеуір дес бергенде, әлдебіреулердің көмегімен сол тар қапастан, сол «құлдықтан», арып-ашығып елге де жеттік. Бірақ мені шетелге баруға үгіттеген сол құрбымды содан қайтып көрмедім. Сырт естуімізше, ол да әрі қарай оңбайтындығын сезген білем, шет жұрттан қашып келіп, Омбы жақта жүрген көрінеді...

Қазақстандық адаммен сауда жасаушылар Орта Азияның басқа мемлекеттеріндегі өз әріптестерімен, сондай-ақ Араб Эмираттарындағы, Түркиядағы, Батыс Европа елдеріндегі, Оңтүстік Кореядағы қылмыскерлермен де байланыс жасайды екен. Солардың біразында Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің лицензиялары болса, енді көпшілігінде жоқ. Тек осыдан барып 2001 жылдың желтоқсаны мен 2003 жылдың мамыр айлары аралығындағы Халықаралық Көші-қон жөніндегі Ұйым адам саудалаудың 50-ден астам нақтылы оқиғасын тіркеген. Мұның барысында 110-нан астам адам «құлдыққа» салынған, құлдық жәйтті бастан кешкен. Соның 70 пайыздайы Қазақстаннан шет жерге адамдар әкетумен байланысты болса, тек 30 пайызында керісінше сырттан республикаға «құлдар» тасып жеткізілген.

Көкшетаудағы «Феминист лигасы» қоғамдық бірлестігі президентінің мәлімдеуінше, Халықаралық Көші-қон Ұйымымен (ХКҚҰ) өзі басқарып отырған әріптес ұйымның бірлесе жұмыс істеуі адам саудасы схемасын неғұрлым тереңірек талдап карауға септігін тигізді. Тұрғылықты халық саны 150 мыңнан асатын осы қалада адам саудалау объектілеріне 50-ге жуық жас әйелдер жатты. Олар-

ды негізінен басыбайлы құлдыққа сонау көз көріп, құлақ естімеген Афиныға – Грецияға әкетті.

Өкінішке орай, солардың кейбіреулері өлдімталдым дегенде туган Отанына, еліне қайтып оралса, енді біразы әлі күнге Грецияда жүр. Сондай жас келіншектердің біреуі Грецияда жұмбақ жағдайда қаза тапса (бәз біреулердің айтуынша оны адам саудалаушылар өлтірген), ал екінші біреуі Қазақстанға қайтып оралғанымен анашаға үйірсек боп, ақыры есірткі заттарын заңсыз тасымалдағаны үшін сотталып тынды.

Ира әрі қарай сөзінде, өз өмірінде зобалаң боп тиген сол бір қасіретті күндерден бері бес жыл өткендігін, сөйтсе де Грецияда «жұмбақ елде» көрген қорлығы мен азабы әлі күнге жадында ұмытылмастай болып қалғанын қинала да күрсіне отырып әңгімеледі. Тіпті көзіне келіп қалған жас тамшыларын ірке алмады. Семинарға қатысушылар шдында өзінің әлі де жұмыссыз жүргендігін айтты.

– Әуелде шетелге «құлдыққа» не үшін кеттіңіз, оған себеп не? – деген сауалымызға жас келіншек:

– Кафелердің бірінде бармен боласың. Ақша деген ағыл-тегіл түсіп жатады, – деп алдап әкетті смес пе!..

– Қызық екен, осы тұрған Көкшетауда қаншама кафе-барлар жұмыс істемей ме? Казино, сыраханалар ол да жеткілікті.

– Солайы солай көрінгенмен, ол тұста Көкшетау облысы жабылып қалып, қала жүдеп тұрған. Тұрмыс құру, өмір сүру қиындап кетті, әрине...

– Ал жұмысқа орналаса алмауыңыздың себебі неде? – Құрметті Галина Васильевна ханым, сіздердің тарапыңыздан неге көмек жоқ? Ираны осы мәжіліске қолынан жетектеп әкелген екенсіз,

оган ендеше көмек көрсетпейсіз бе? – деген сұрағымызға Морозова кипалақтап:

– Иә, иә, ескеретін жағдай. Адам тағдырына ойыншықша қарауға болмайды. Айтылған ескертпеден қорытынды шығаратын боламыз, – деп басын изеді.

Әлгінде тілге тиек еткеніміздей, жолға шығар алдында әйелдер беймәлім мекенге барған соң, керемет биші, үй шаруасын жүргізуші, ауыл шаруашылығының маманы бола қаламын деп үміттенеді, әйтпесе анық жезөкшелікпен айналысуға бара жатқанына көзі әбден жетеді. Мұндай қылмысты істермен көбіне сән және туристік агенттері, еңбекке орналастыру жөніндегі компаниялар, т.т. айналысады. Ал өз кезегінде саудагерлер ұйымдасқан қылмыстық топ, өздері немесе солардың арасынан шыққан кейбір адамдар сол әйелдерге және жас балаларға жалған төлқұжат жасау құнын, жол ақысын төлеп беруді, сондай-ақ жұмысқа тұрғызуға рұқсат алып беруді өз мойындарына алады.

Иә, трэфик дегеніміз – адам саудасы. Ол бүгінде әлемдік деңгейдегі күрделі проблемалардың біріне айналып отыр. Сондықтан қазіргі уақытта жер-жерде «Құлдыққа көнбе!» девизимен түрлі акциялар, дүниежүзіндегі мемлекеттер өкілдерінің қатысуымен конференциялар, әртүрлі деңгейдегі семинарлар өткізілуде. Оларда шетелдік компаниялар мен адам саудасы ісімен айналысатын қылмыстық топтардың қылмыстық әрекеттеріне тойтарыс беру, жастарды, әсіресе бой жетіп отырған қыздарымызды азғындықтан, өз өмірін қор етуден, біреуге барып, басыбайлы құл болудан, күндіктен сақтандыру шаралары жүргізілуде.

Іске сәт, дейміз оларға!

2005 ж.

## КАВКАЗДЫҚ ҚҰРБАНЫ

(Болған оқиға ізімен)

Лариса шешесімен тұрып жатқан. Ол байғұс кейінгі кезде ішімдікке салынып кеткен. Сонысы себеп болды ма, жастайынан қосылған күйеуімен де ілгеріректе ажырасып тынған. Үй деген аты болмаса, үйде көз қызығарлықтай дүние-мүліктен де ештеңе қалмаған. Өйткені арағы құрғырдың соңына түскен шешесі іске татырлық деген заттың бәрін сатып бітірген. Және сатқанымен қоймай талай рет мас күйінде “айықтырғыш үйіне” түсіп, айыппұл да төлеп шыққан. Бірақ қанша рет басына таяқ тисе де бойын жеңген бұл дерттен әлі арылар емес. Тіпті арылатын да түрі жоқ. Күнұзаққа ыстық тамақ аузына тимеген соң, үсті басына киер киім-кешек қалмаған соң, Лариса да тоғыз класты бітірер-бітірместен мектеппен қош айтысқан. Өйткенмен ол жақтан мұны іздеп, мұны жоқтаған жан тағы көрінбеді.

Күндердің күнінде, әсіресе арақ ішіп алғанда, өз туган шешесі өз қызына қол жұмсауға айналды. Тіпті оқтаумен басына ұрған кездері де болды. Содан қашанғы шыдасын, Лариса үйіне қонбауды да әдетке айналдырды. Бірде таныс құрбыларынікінде түнеп шыкса, енді бірде теміржол вокзалын төңіректен жүрді.

Күн артынан күн өтіп жатты. Бірде үрпідей жас қызды кавказдық еңгезердей бір еркек жолықтырды. Соңғы уақытта теміржол вокзалын айналшықтап, көбіне осы маңда жүретін Ларисаны бұл алдында да талай рет көрген екен.

— Дэвушка, а дэвушка, откуда ты? — болды оның қойған алғашқы сұрағы. Бұл үн қатқан жоқ. Тек ішер тамағы болмай, ұйқысы қанбай бозарып,

өңі қашқан күйінде өзі әлгі казказдыққа жаутандап қарай берді.

– Ты что, свой язык незнаешь?! Ананың түрпідей тиер сөзі Ларисаның жүрегін тіліп өтті.

– Ищу работу, – деді бұл әрі-беріден соң даусын әрен шығарып.

– А работу ищешь, у тебя родители есть?..

– Отца нет, а мама больная...

“Іздегенге – сұраған” дегендей, жас қыздың бұл сөзіне қуанып кеткен казказдық өзін Джугашвили деп таныстырып:

– Мына вокзалдағы буфеттің қожайыны менің досым – Карапетян, – деді. Соған сатушылыққа жұмысқа орналастырайын. Келісесің бе!

Лариса үнсіз басын ізеді. Басқадай істеуге амалы да жоқ-ты. Сатушылық оңай жұмыс еместігін сезсе де, үйреніп бағармын деп ойлады. Жаңа танысқан “досы” өзін осындағы шағын демалыс бөлмесінің біріне орналастырды.

Содан не керек, жылжып апта өтті, ай өтті. Бірде Джугашвили бұған бір бума ақша әкеп, “мынау бізден саған тұңғыш жалақың” деді. Лариса өз көзіне өзі сенбеді. Ішер тамағын осыдан ішіп, дайын төсекке жатып жүрген бұл қолына бір уыс теңгеліктерді алғанда шын қуанып кетті. Өз қожайынына рахметтен басқа ештеңе айта алмады. Ертеңіне көптен көрмеген шешесінің хал-жағдайын білмек боп, жұмысынан сұранып, жолшыбай оны-мұны сатып алып, үйіне соқты. Шешесі болса өң жоқ, түс жоқ, мүлдем азған кейіпте екен. Күрк-күрк етіп жетеліп, төсегінде жатқан күйінде тыстан ентіге кіріп келген қызын көріп, басын көтермекке ниет етіп еді, тұра алмады. Тегі кешегі ішкені әбден етіп кетсе керек.

– Мама, мен жұмысқа кірдім. Мынау саған әкелгенім, – деп бұл асығыс екендігін айтып қайта сыртқа шықты.

Көп ұзамай шатақтың көкесі басталды. Қожайын ревизор шақырып, тексеру жүргізіп, Ларисаның мойнына көп ақша мінгізді. “Жұмыс істей бастағанымда біржарым-екі-ақ айдай болды. Мұншалықты ақшаны жеген кім?! Мен бе?!” – деп Ларисаның әңкі-тәңкісі шықты. Бірақ пәле қайдан дерің бар ма, мұның астарында құпия сыр бар екендігін бұл артынан барып ұқты.

Кешкілік мұның жұмыс орнына келген Джугашвили бәрін естіп, білген жанша:

– Мен тұрғанда ештеңеден қорықпа. Бәрін өзім реттеймін. Қожайынға түсіндіріп айтам. Қайта өзіңіз киініп, менімен бірге жүр, – деді алтыға сөйлеп. Ларисаның “Қайда, кімге?” деуге шамасы келмеді. Жетпеген ақшаның орнын қалай толтырам деп шақшадай басы шарадай боп жүрген бұл әлгіге сріп, тысқа шыға берді.

Далада бұларды жеңіл машина күтіп тұр екен. Ішке мінісімен-ақ рульде отырған жирен шаш орыс жігіті газды басып, жүріп кетті. Джугашвили Ларисаның жанына жайғасқан. Өзінен шараптың күлімсі иісі шығады. Біңылдан өз тілінде ән айтқан болады. Бірғатылып қасындағы жас қызға да сүйкеніп қояды.

Әрі-беріден соң бұлар қаланың сырт жағындағы саяжайлардың біріне жетті. Машина шегкі үйлердің біреуінің жанына келіп тоқтады. Іштен теңселе шыққан Джугашвили Ларисаның қолынан тартып:

– Жүр қызым, жүр. Келер жерге келдік, – деді тілі кекештеніп.

Түн қараңғысында өзін қайда әкеліп, қайда қойғанын білмесе де, Лариса амалсыздың күнін



кешіп әлгінің соңынан ерді. Сыртқы қақпаны ашып, ішке кіргенде бұл өз көзіне өзі сенбеді. Тап алдында сүзеген бұқадай күжірейіп Карапетян тұр. Езуінде темекі. Әбден сылқия ішкені байқалады. Саяжай деген аты болмаса, үй дегенің кәдімгі үй. Коттеджден еш кем емес. Ортадағы дәу пеште лаулап от жанып жатыр. Одан беріректе стол орналасқан. Үсті толған – арақ-шарап, түрлі тағам.

-- Сырт киімдерін шеш, – деді анау Джугашвилиге ызбарланып. Ол болса мұның айтқанын екі еткізбеді. Столға отырғыз, – деді. Отырғызды. Ішкіз, жегіз, – деді. Ішкізді. Алғашқы рюмкадан кейін Ларисаның бетіне қан жүгіргендей болды. Одан кейінгісі есінде жоқ. Тек өзін әлдебір күштің езіп-жаншып, тәнін жаралап жатқанын ғана сезгендей күй кешті. Тез арада жұмыс, жатын орын тауып беріп жүрген кавказдық алаяқтың қулық-сұмдығын жас қыз осыдан кейін ғана барып ұқты. Өкінгенмен не пайда, бірақ бәрі кеш еді... СПИД деген пәлені де жұқтырғанын бұл артынан білді...

2006 ж.

## ТӘННДІ САТПА, АРЫНДЫ САҚТА

Халқымыз «Ұлтты тәрбиелейтін – әйел» деп тегін айтпаған. Бәз біреулердің пайымдауынша, «қоғамды ұстап тұратын, елдің елдігін көрсететін, жас ұрпаққа рух беретін де әйелдер. Көшпелі қазақ оркениетінде Томирис, Домалақ ана, Нарғыз, Бопай ханым, Топшай, Зере, Айғаным, ақын Сара, Ұлпан, тағы басқалары даналық қасиеттерімен елдігіміздің намысын асқақтатты, ұрпақ тәрбиелеу ісіне әлшеусіз үлес қосты».

Тіпті осы ретте орыстың белгілі тарихшысы И.В.Можейко қыпшақтың сұлу да хас қыздары туралы кезінде былай деп жазған екен: «... кровь половецкая течет в крови многих русских, монголов, венгеров, грузин, азербайджанцев. Жсны половецкие дарили степную кровь и вольнолюбивый нрав русским княжичам, венгерским рыцарям, грузинским азнаурам, монгольским нукерам...»

Әрине, бұл арада біз өзіміздің әз аналарымызды, қыз-келіншектерімізді, ару қыздарымызды бөгде ұлттың еркегінің қолжаулығына айналды, немесе намысымызды аяққа таптығып, «некесіз» туган балаларды, жас сәбилерді көбейтті, сөйтіп ұлттық атымызға кір келтірді деп кінәлаудан аулақпыз. Бұл тарих, бұл шындық. Мұны тек тарихтың аумалы-төкпелі кезеңінде үстем тап өкілдерінің қоластындағыларға жасаған қысастығы, ал оларға бағыныштылардың өз өмірін, өз ұрпағының өмірін сақтап қалу үшін амалсыздан мойынұсынып барған іс-харекеті, деп ұғынуымыз керек.

Әйткенмен кешегі күнгі отарлау саясатымен тіліміз бен дінімізді, тіпті ділімізді шектеп, мүлдем құртуға шак қалған Кеңестік дәуірді сөз етпегеннің өзінде, тәуелсіздік алған қазіргі шақтағы қазақ

қыздарының беталысы қалай? Шынтуайтқа келгенде, айтуға да ауыз бармайды, «Аллам сақтасын!» дейтіндей халге де жеткен сияқтымыз. Бірақ жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, бәрін бірдей күстәналаудан аулақпыз, құдайға шүкір, елімізде, одан қалды өзіміз отын оттап, суын сулап, тіршілік жасап жатқан ортамызда оқыған да, көңіліне тоқыған, парасатты да саликалы әйел – аналар мен қыз-келіншектер күпірлік етпейік, баршылық. Олардың көпшілігі, ерлермен қатар биліктің басын ұстап, қазіргідей нарықтың қыспағында қалған халықты тығырықтан алып шығудың, жаһандану процесін жетілдірудің, жас ұрпақты тәрбиелеудің, басы-қасында жүр десек тағы қателеспейтіндейміз.

Бірақ, бірақ дейміз-ау, «жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегендей, не оқуға, не жұмыс істеуге, ұрпақ өрбітіп, не бала тәрбиелеуге құлқы жоқ кейбір жасөспірім қыздардың, тіпті кәмелет жасына да жетпегендердің оңай жолмен ақша тауып, сәнді киіну, болмаса тоя тамақ ішу мақсатымен «түнгі көбелектерге» айналып, жезөкшелікке салынатындықтарына не дерсің?! «Енді қайтеміз, күнкөру қамымен осылай істеуден басқа амалымыз қалмады» деуі де мүмкін солардың көбі. Әйтсе де көлденең көк аттымен таныса кетіп, орынсыз ыржалаққа, төсек ләззатына салынудың өзі кейіннен қоғамымызда дертке айналып бара жатқан мерез, сифилис, ең соңында СПИД ауруына ұшыратпасына кім кепіл?!

Әсіресе, СПИД-тің өте қауіпті дерт екендігін бүгінде екінің бірі біледі. Өкініштісі, осыны біле тұрып, солардың кейбіреулері бір түнгі төсек ләззатына бола, өз басын, өзін ғана емес, маңайындағылардың да басын қатерге тігіп, өз өмірін өзі қор етеді. Соған нақты мысал ретінде тек Ақмола облысы бойынша ғана СПИД ауруына

шалдыққандардың саяы сонғы мәліметтерге караганда 80 адамға тақап қалғандығын айтуға болады. Ал солардың ішінде төрт-бесеуі осындай айықпас сырқаттан мезгілсіз дүние салып та үлгерді.

Ол-ол ма, көзбен көріп, қолмен ұстамасақ та, қыладағы мейманханаларда, жекелеген «Казинолар» мен түнгі дискотекаларда, тіпті вокзал маңында кешкілік мезгілде әсем-жарқын киінген сұлу бойжеткендердің әрлі-берлі өткендерді торуылдап, жеңілжүрісті жігіттерді (еркектерді!) жағалатып, ізгана ақшаға бола тәнін сатып, тәнін сүдалайтындықтарын да еміс-еміс естіп қалып жүрміз. Ең сорақысы, солардың арасында қаракөз қарындастарымыздың көптігі. Тағы бір қызығы екі прада «океңгетайлық» жасап, еркек пен әйелді, әйтпесе қалталы жігіт пен жұмыссыз отырған қызды кездестіріп, нәпақа тауып жүргендердің арасында да өз ағайындарымыз жетерлік деуге болады.

Әрине, әркімнің өз құқы өзінде. Пенде болып жаратылған соң кімнің не істеймін десе де, немен айналысамын десе де еркі өзінде. Әйткенмен, анада орталық газеттердің бірінде жазылғанындай: «қазақ қыздарымен некелесіп, Қазақстанның азаматтығына қол жеткізіп, арам пиғылдарын іске асыра бастаған шетел азаматтарын көріп-біле тұрып қалай күйінбессің... Кезінде кәріске тұрмысқа шыққан қыз бүгінде басқа дінді насихаттап жүр... Ал Алматының үлкен базарындағы қытай саудагерлеріне таслақтырсаң қазақ әйелі барларға тиетіні де рас...»

Өкініл, бармағымызды тістейтіндігіміз сол, кешегі Кеңес заманында да, бүгінгі егеменді ел атанып отырған Қазақстанда да қоғамымызға жат мұндай тұрпайы көріністерге, әсіресе, жезөкшелікке, кісі өлтірушілікке қарсы қолданылар күш-қайраттын, тиісті Заңның немесе пәрменді күжат-қарардың болмай отырғандығы. Болған

күнде де ақшалай айып салып, әйтпесе жеңіл жаза қолдана салатындығы. Осыдан барып адам азған ба, әлде заман тозған ба деген заңды сұрақ туады.

Әйтпеген күнде ана оқиганы да, мына оқиганы да қаралап, көрсетіп жататын кейбір шет елдердегі жағдаяттарды шын мәнінде саралап, ой елсінінен өткізіп көріңізші.

Мысалы, Египет заңдылығына сәйкес, қоғамдық орында сүйіскені үшін екі адамды да екі жылға бас бостандығынан айыру көзделген. Ал некесіз жыныстық қатынасқа түскені үшін кем дегенде үш жыл түрмеге қамау (соның ішінде шетелдіктер үшін де) көрсетілсе, сұлулық конкурсын өткізуге рұқсат етілмейді.

Бұған керісінше, Малайзияда қоғамдық орындарда сүйісу, құшақтасу және басқа да жат құбылыстар үшін ақшалай айыппұл қарастырылған. Англияда жезөкшелікпен айналысқаны үшін екі жүз фунт стерлингке дейін ақшадай айып салынады. АҚШ-та федералдық заңдылық бойынша әскери бөлім маңында жезөкшелікпен айналысқаны үшін қылмыстық жауаптылық (мың долларға дейін айыппұл немесе бір жылға дейін түрмеге қамау) белгіленген. Иранда жезөкшелікпен айналысқаны үшін өлім жазасы бекітілген. Қытайда жезөкшелікпен күресу туралы арнайы заң бойынша да, өлім жазасы бекітілген. Мұндай жазаға әдетте жеңгетайлық жасаған адам және жезөкшеге дейін тартылады.

Міне, өздеріңіз сезіп, көріп, біліп отырғандарыңыздай, жезөкшеліктің, жастарды теріс жолға түсірушіліктің алдын осылайша алуға болады екен. Ал мұның өзі сайып келгенде ғасыр індеті – СПИД-ке тосқауыл қою, оған жол бермеу деген сөз.

## ҒАСЫР ДЕРТІ МЕНДЕП БАРАДЫ

Иә, шындығында қазір есірткіге әуестенушілік, нашақорлық әлеуметтік кеселге айналып отыр десек жалған айтқандық емес. Бүгінде ол жер шарындағы азуы алты қарыс мемлекеттердің қай-қайсысында болсын кең тараған аурулардың бірі екендігі анық. Өкініштісі сол, бұдан, ғасыр дерті саналып отырған «қатерлі сырқаттан» Қазақстан да тысқары қалған жоқ. Оның үстіне республиканың геополитикалық орналасуы біздің елімізде есірткі заттарын тасымалдаудың күні кешегідей сияқты тоқсан жолдың торабындай «Жібек жолына» ұқсатуда.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі – Ақмола облысы сонау Ауганстаннан, Жамбыл облысына қарасты Шу жазығынан әлдеқайда алыста, бір қиыр шетте орналасқандығына қарамастан, мұндағы тұрғылықты халықтың түрлі бөлігі арасында нашақорлық дертінің дендеп бара жатқандығы ойлантпай қоймайды. Әдеттегідей ерлер мен әйелдерді, әсіресе жасөспірімдерді улап, бойына сіңіп алатын бұл сырқат түрі және жыл өткен сайын жасара түсуде. Осы хақында және нашақорлықтың басқа да аспектілері жайында облыстық наркологиялық диспансердің бас дәрігерінің бұрынғы орынбасары Сәкен Кәкпенев былайша суыртпақтап ой бөлісіп еді:

– «Қысқаша медициналық энциклопедиядағы» ғалым-медиктердің пайымдауынша, нашақорлық сөзі гректің «тұтқындалу», ұйқы және ақыл-есінен айырылу, құмарлану мағынасын білдіреді. Бұл есірткіні пайдаланудан туындайтын ауыр сырқаттардың бірі болып табылады. Ал есірткі заттардың героин, опиум, т.б. түрлерін үзбей пайдаланатындар токсикоманияға жатады. Мысалға

біздің облыс бойынша қазіргі күнде 1375 адам диспансерлік есепте тұрса, солардың 1071-і есірткі заттарды шприц арқылы денеге енгізеді. Мұндай факті турасында Көкшетау қаласын алсақ, бізде 320-дан астам нашакор есепте тұрады.

– **Нашакорлықтың тағы қандай түрлері бар?**

– Соңғы деректерге жүгінсек, ТМД елдерінде есірткінің гашиш, көкнәр, апиын секілді 8 түрі жиі кездеседі. Солардың ішінде опиумды, стимулятор арқылы, негізінен эфедрен, ұйықтататын амитол, ноксирон натрийі секілді дәрілерді, кокаинді, первитин феламинді, т.т. пайдалану осы дертке әкеліп ұрындырады. Сондай-ақ бұл ауруға ең алдымен кім не десе, соған сене кететін, өмірге қызығушылығы жоқ, дос-жараннан, ағайын-туыстан айырылған, жүйкесі тозған, психикалық жағынан сырқат жандар тезірек ұшырайтындығын айта кетуіміз керек.

Тағы бір ескертерлігі, нашакорлардың көпшілік бөлігі – жұмыссыздар, бойдақтар немесе жұбайынан айырылғандар. Ал бір ғажабы, солардың 68,3 пайызын орта немесе арнайы орта білімі барлар, 44 пайызға жуығын бұрын сотталғандар құрайды. Соңғы мәліметтерге қарағанда, есірткі заттарымен әуестенушілердің 7 пайызы мұнымен 15 жасқа дейін, 46 пайызы – 16 мен 20 жас аралығында, 23 пайызы – 21-ден 25 жасқа дейін, ал 24 пайызы – 26 және одан да жоғары жас шамасында айналысқан екен.

Мысалға есірткіні мылжалап, суға езіп ішіп, темекі ретінде тартады, шайнайды, пісекпен сөлін тікелей тамырға егетін көрінеді. Апиын мен морфиді егу арқылы тұтынатындар ерекше қызуды ине ұшынан сезіне бастайды екен де, содан кайфке

снесі. Мұндай жағдайларда нашақор әдеттегідей өзінің не істеп, не қойғанын да білмейді.

– Әлгінде айтқанымыздай нашақорлық дертіне ұрынғандар жасарып барады дедік қой. Осы хақында не дер едіңіз?

– Оған ба, оған біздің Ақмола облысы бойынша ғана қазіргі таңда есірткімен әуестенуші 300-ге жуық жасөспірімнің есепте тұратындығын мысалға келтіруге болады. Соның ішінде Көкшетау қаласы бойынша бұл цифр 110-нан асып жығылады. Өкініштісі сол, бұл цифрлардың бәрі мұның алдындағы 1999-2000 жылдарғы көрсеткіштермен салыстырғанда анағұрлым көп.

Әңгімемізді осы арада доғара тұрып, анада облыстық Ішкі істер басқармасында бұқаралық ішкі істер құралдарының өкілдерімен өткен баспасөз конференциясында мәлімделгеніндей, құқық қорғау органдары тарапынан нашақорлыққа, СПИД-ке қарсы күрестің қалай жүргізіліп отырғандығына қысқаша тоқтала кетсек дейміз. Сонда сөз болғанындай, тек өткен жылдың он айында ғана есірткі заттарына байланысты 386 қылмыс ішкі істер бөліміне тіркелген. Сөйтіп мұның барысында 1 центнерден астам наркотик заттары, (оның ішінде героин, опиум, т.т. бар) заңсыз айналымнан алынған. Ал бұрнағы жылдың осы кезеңінде небәрі 41 килограмм 408 грамм есірткі заттарының тіркелгендігін еске ала кетсек, мұның өзі нашақорлық дертінің бүгінгі таңда тіпті үдеп бара жатқандығын көрсетсе керек.

Басқарма қызметкерлерінің айта кеткеніндей, бұл осы уақыт аралығында «ақ өлімді» саудалаушыларға қарсы күрес тіптен де күшейтіле түсті. Соған мысал ретінде есірткі заттарымен ұсталынған әлгіндей, 104 фактінің тіркелгендігін білге тиек етуге болады. Әйтсе де мұның өзі



осының алдындағы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 10,6 пайызға көп екендігін немен түсіндіруге болады?! Айталық, соңғы ретте Көкшетау қаласында героин сатып тұрған жерінде, Ресей Федерациясының азаматы ұсталған. Ол жалға алып тұрып жатқан пәтерді қосымша тексерген кезде әлгіден тағы да 300 грамға жуық героин табылған.

Иә, дейсің осындайда, қазір қалта қағатындар да, ұрлық жасайтындар да, барша қылмыс атаулыны жасайтындар да, адамға қарақшылық шабуыл жасап, үй тонайтындар да, тіпті арнайы заказбен кісі өлтіргендер де ішімдікке салынып, есірткіге әуестенгендер, адамгершілік арды аяққа таптап, ұяттан жүрдай болғандар немесе бұрын да істі болып, түрмеде отырып шыққандар десек қателеспейтіндейміз. Бұлардың арасында және қоғам дерті – мерезбен, туберкулезбен, одан сорақысы – СПИД, неше түрлі тері, жыныстық ауруларымен сырқаттанатындар да жиі кездеседі.

Осы орайда заң қызметкерлерімен есірткі заттарын сақтап, тұтынғандығы және сатқандығы үшін әлгіндей адамдарға нендей жаза қолданатындығы, қылмыстық қандай жауапкершілікке тартылатындығы жайлы сұрай қалсаңыз олар:

– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Халықтың денсаулығына және адамгершілік қасиетіне нұқсан келтіретін қылмыс түрлері» атты оныншы тарауында мұның алдын алу және қолданылатын жаза атап көрсетілген, – деп жауап береді. Атап айтқанда, 259-шы бапта көрсетілгеніндей, есірткі заттарын заңсыз әзірлегендігі, сатып алғандығы, сақтағандығы, тасымалдағандығы, т.т. үшін мұндай адамдар үш жылдан жеті жылға дейін бас еркінен айырылады.

Ал шектен тыс шыққан бұдан басқа жағдайларда әлгінің дүние-мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейін бас еркінен айыру жөнінде жаза қолданылады.

Сөзден сөз туындайды демекші, қолда бар мәліметтерге қарағанда, тек біздің облыста ВИЧ сырқатын жұқтырған 41 адам бар көрінеді. Солардың екі-үшеуі о дүниелік болғанымен, қалғандарының тағдыры неге апарып соғатындығын жан білмейді. Және олар басқаларға да жұқтырмайды деп қалай сескенбейсіз?!

Бүгіндей бір қоғамға, жалпы елге осыншалықты үлкен кеселін тигізіп, қаншама адамның тағдырын ойыншыққа айналдырып, оның өмірін мезгілінен бұрын қиятын, қаншама адамды опық жегізіп, отбасынан айыратын бұл кеселдің алдын алуға немесе мүлдем тыюға бола ма? Міне, әлемдегі барша мемлекеттер, жер бетіндегі барша құрлықтар, оны мекендеуші барлық елдер үшін нашақорлыққа қарсы күрес ғасыр дертіне, ғасыр проблемасына, шешуін күткен үлкен проблемаға айналып отыр.

– Нашақорлардың негізгі бөлігінің жасаруына байланысты, – дейді бұл орайда білгір мамандар, кәмелетке жасы толмағандар істері жөніндегі инспекцияға көп міндеттер жүктеледі. Бұдан білім басқармалары, облыстық ішкі істер басқармасының тиісті бөлімшелері де тыс қалмауға тиіс. Өз кезегінде жасөспірімдер дәрігері әлгіндей «оқыс мінез» танытқан балаларды диспансерлік есепке алып, немесе профилактикалық бақылау жасап, барша жұртшылық болып, мүдделі болып отырған ортақ іске өз үлесін қосып, жәрдемдесуге тиіс.

Реті келгенде айта кетейік, статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, ұсталған есірткінің 90 пайыздайы үйретілген иттердің көмегімен анықталады екен. Сөйтіп курсанттар мен жануарлар

ұшақ бортында, конвейерлі лентада, поезд вагонында, контейнерлерде, жүк және жолаушы коліктерінде осы қызмет түрін атқаруға бейімделуде. Сонымен қатар, ресми ақпарат көздерінде мәлімделгеніндей, үстіміздегі жылдан бастап иттерді жер-жерде, мысалға АҚШ-тағыдай лаңкестік әрекеттердің алдын алу, яғни белгісіз араға қойылған жарылғыш заттарды іздестіруге де баулу қолға алынбақшы.

Мұның тиімділігі қаншалықты екендігін, мысалға чешен жасақшыларының жарылғыш затты анықтауға үйретілген дәл осындай бір иттің өлімі үшін ғана 50 мың доллар төлейтіндігін айтуға болады. Ал күнбе-күнгі тұрмыс барысында жарылғыш заттармен қоса есірткіні, наркоманияның түр-түрін алдын ала тауып, қылмыстың алдын алып жатсақ, несі айып дейсің тағы да.

Сондай-ақ облыстың наркоқызметін нығайту барысында да оң процесс жүргізілуде. Алдағы уақытта Ақмола облыстық жүйке аурулары ауруханасының бөлімшесі 50 төсек-кереуетке ұлғайтылмақшы. Нашакорлық дертімен сырқаттанатындар үшін арнайы медициналық-элеуметтік сауықтыру орталығын ашу да жоспарланып отыр.

\* \* \*

Кей-кейде көшеде келе жатып, зәулім гимараттың ана бұрышында, мына қалтарысында немесе оқу орындарының алдында темекіні құшырлана сорып, тартып тұрған жасөспірімдерді жиі көресің. Тіпті айдай аузы, күмістей көркі бар әп-әдемі сұлу бикештердің, олардың арасында өзіміздің қаракөздердің ер балалардан қалыспай көк түгінді будақтатып, өңешінен өткізе, құмарлана,

рахааттанып жұтатынын қайтерсің-ай!.. Күні ертең-ақ өздерінің де тұрмысқа шығып, отау құрып, үй болатындықтарын, болашақ ұрпақты осынау жарық дүниеге әкелетін – ана болатындықтарын ескермей ме екен, бұ пәтшағарлар деп те қыңжыласың. Ойткені о бастан-ақ сана-сезімі уланып, тар құрсақта жатып, уыздай тәні көк түтінге көмілген болашақ ұрпақтың, жас нәрестенің алдағы күндері не болмақ?! Өйткені ғасыр дерті – нашақорлықтың өзі ретсіз, ішімдік ішіп, темекі шегуден басталатындығын неге ұмытамыз, осы?!

2000 ж.

## «ТАКСИСТІҢ» ӨЛІМІ

(Болған оқиға ізімен)

Әдеттегідей күнделікті дағдымен жұмысқа келе жатқанымда қала көшелерінің ана бұрышынан да, мына бұрышынан да ұйлығысып тұрған жекеменшік автомашиналарды көзім шалады. Тіпті солардың кейбіреулерінің жүзі таныс та болып шығады. Оңтайландыру саясатының салдарынан солардың көпшілігінің жұмыссыз қалып, нанын тауып жеп, отбасын асырау үшін тіршіліктің осынау харекетіне түскендігін де білемін. Бірақ қорғаусыз да, қолдаусыз да қалған сол «жекеменшік таксистердің» кей-кейде көзді жұмып жіберіп, жылтыраған ақша үшін өз бастарын өлімге де байлайтындығын неге ескермейді екенбіз...

Жанкелді сол күні түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай шықты. Түсіне ертеде қайтыс болған әкешесі кіріп, өз-өзінен шошынып, әлденеге елегізумен болды. Келіншегінің әзірлеп қойған шәйінен бір-екі кесе ішті де, үн-түнсіз гаражының кілтін алып, сыртқа беттеді. Көкшіл түсті «Волганың» ана жерін, мына жерін тұрткілеп, майын, желін тексеріп, едәуір қыздырып барып, машинасын қайтадан сөндірді. Сонан соң қайта кіріп, келіншегіне:

– Қорадағы малды өзің байқастай саларсың, мен кеттім кезекті «рейске», – деп анадайда ілулі тұрған тері курткасын ауыстырып киіп, аулада тұрған машинасына отырды.

Несін айтасың, нарық қыспаққа алып, өзі теңдес көп жігіттермен жұмыссыз қалған уақытта әлдебіреулердің ақыл беруімен нан табудың осы жолына түскендігіне өзі өкінсе де, басқалар өкінбейтін сияқты. Әуелгіде қала көшелерінің

салық көп жүреді-ау деген қиылыстарында күнұзаққа тұрып, өзінің күнбе-күнгі темекісі мен тиын-аулақ нан-сүтке тиын-тебен түсіргенімен, мұнысы ұзаққа апармайтындығын түсінді. Өйткені жол полицейлері бір, салық комитетіндегілер ол тексеріп, «жекеменшік таксист болсан, патентің неге жоқ, мына қағазың неге жоқ», – деп әлденені сылтау етіп, әбден мазалаумен болды.

Құрып кеткір, сол күні қара басып, не түрткенін кім білсін, әлде Жаңа Жылдың алды болғасын ба, қарақұрым кісі көп жүреді деп ойлады ми, әйтеуір вокзал басындағы аялдамада көп тұрып қылды. «Анда жеткіз, мында жеткіз» деген екі-үш жолаушыны қажет жеріне апарып, тағы қайтып келді. Түн ортасы ауып кеткен мезгіл. Осы кезде отыздар шамасындағы қазақ жігіті өзі отырған машинаның терезесін қақты. Масандау ма, немене, бұлғалақтап, қисаң-қисаң етеді. «Мұсылман баласы той, түнгі аязда тонған шығар» деп бұл алдыңғы әйнегін саңылаулап ашып еді, алгіден арақ иісі бұрқ ете түсті.

– Қайда бармақшы едің?..

– Братан, довези меня до старого мясокомбината, – деді анау тілі күрметіліп.

– Ақшаң бар ма?..

– Найдем, братан, найдем,..

– Отыр онда, – деді бұл, ойы мұны жолшыбай сол жаққа жеткізіп салып, онсыз да таң атуға таяп қылды, үйіне қайту еді.

Бірақ Жанкелдінің бұл ойы жүзеге аспады. Қлныпезер жас жігіт «Жайлау» мөлтек ауданына жеткен жерде бұған арт жағында отырып, бүйірінен, жүрек тұсынан екі-үш мәрте пышақ сұғып үлгерді.

«Алла!» деуге шамасы келмеген Жанкелді шала есті қалпында сыртқа атып шықты.

Далбалақтаған күйі бір үйдің ауласына жете бере қансыраған қалпы құлап түсті. Анау қанішер болса, машинадан сүйретіле шығып, зытып берді.

... Ертеңіне Жанкелдінің әйелінің хабарлауымен дереу із кескен жедел топтың мүшелері ескі ет комбинаты ауданындағы жер үйлердің бірінің қасында қаңтарулы тұрған көкшіл түсті «Газ-24» Волгасын тапты. Машина іші ұйпа-тұйпа. Жан берісу оңай ма, екеуі де алас-күлес алысқанға ұқсайды. Қан ізі де байқалады.

Көп ұзамай бұлар Жанкелдінің мүрдесін де тапты. Қырықтан енді ғана асқан жігіт ағасы қанқұйлы біреудің қолынан жазатайым қаза тапқандығы көрініп тұр. Артынша-ақ жедел іздестірудің барысында қылмыскер де қолға түсті. Ол ешқайда оқымайтын, ешқайда жұмыс істемейтін отыз жасар Сәдуан деген қаныпезер болып шықты.

Міне, жантүршіктірерлік бұл оқиға осылай қайғылы аяқталды. Қылмыскер әділ жазасын алар, бірақ шәйіт болып кеткен Жанкелдінің отбасының, оның артында қалған екі шветтей баласының ертеңгі күні, ертеңгі тағдыры не болмақ?

## ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ӘУЕЛІ ӨЗ-ӨЗІҢДІ ТӘРБИЕЛЕ

«Ақ сәлделі қожадан, ақ жаулықты әйел артық», – деп халқымыз тегін айтпаған. Осы хақында заңғар жазушымыз, Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тағылымы әйел халінде жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды», – деп әйел адам жайлы өзіндік үлкен философиялық ой тұжырымдаған.

Жетпіс жыл кеңестік отарлау саясатының шеңгелінде болдық, мәдениет пен төл тарихымыздан ада атандық деп зар қақсағанымызбен қолымызға еркіндік тиіп, Тәуелсіз ел атанғалы жеткен жетістіктеріміз қандай? Жақсыны жаба тоқығанымызбен, кемшін тұстарымыз әрине одан асып түспесе, кем соқпайды.

Сорақысы сол, қазір әке-шешенің айтқанын бала, ата-әжесінің айтқанын келін тыңдамайтын халге ұшырадық. Темекі шегуден, арақ ішуден, наша тартып, зинақорлық жасаудан, қазақи тілмен жеткізгенде еркектің көзіне шөп салудан басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қарақөз қазақ қыздары тіпті асып түсті. Көлденең көкаттымен төс қағысып, артынан өлердей боп опық жеп, бармақ тістеп, солардың түсік түсіріп, аборт жасатып жатқандары қаншама! Тегінде «тастанды балалар» санының жыл сайын көбейіп, жетімдер үйіне сақалы сапсиган кәрі-құртан, шал-шауқанның көбірек барып жатқандығы да осыдан болар.



Статистикалық мәліметтерге қарағанда, қазіргі күнде Қазақстанда 5 мыңнан астам адам ғасыр дерті саналып отырған – ВИЧ инфекциясын жұқтырған болса, Ақмола облысы бойынша 89, ал Көкшетау қаласында кейінде 26 адам тіркелген екен. Бұл цифрлар күннен күнге өсе түспесе, кеміп отырған жоқ, – дейді СПИД-ке қарсы күрес орталығының дәрігерлері. Ал бізге келіп көрінбей, жасырын ем алып жүргендері бұдан да көп деуге болады.

Өзіміз көзімізбен көрмесек те, Алматыдағы Саия көшесінің бойында, тіпті мына іргедегі Астана қаласында түнгі уақытта көшеде кетіп бара жатқан «қалталы» мырзаларды торуылдап, тәнін саудалап, арын саудалап, нашаға, шетелдік долларға сатылып жүрген қаракөз қыз-келіншектеріміз жайлы, белі бекіп, бұғанасы қатпаған жасөспірім қарындастарымыз хақында жиі естуге айналдық. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, мұндай сорақылық, қоғамымызға жат мұндай қылық кейінгі уақытта осы Көкшетауда да белең ала бастаған сияқты.

Олай деуімізге себеп, анада «жеңгетайлық» жасап, жас қыздарды еріккен еркектердің төсегіне сүйрелеп, ақша тауып жүрген бұзатерлер туралы материалды газет бетінен оқып едік. «Ол шындық, – дейді сол маңда таксист болып, нанын тауып жүрген таныс жолдасым. – Әсіресе, түнгі мезгілде өрімдей-өрімдей жас қыздардың машинаның есігін қағып, «Ағай, бос емессіз бе?» дейтінін қайтерсің. Әуелгі бетте бұлардың мұнысын түсінбеген біз байғұс, артынан бәрін естіп, білдік қой...».

Оны айтасыз, мына Абай көшесінің бойындағы бұрынғы «Айгүл» магазинінен бері М.Ғабдуллин көшесінен Е.Әуелбеков көшесіне дейінгі аралықта болып көрдіңіз бе? Сұмдық! Осы маңдағы толған сыраханалар мен кафе-барларда отырған

ағайындардың арасында өзіміздің қаракөз қыздарымыз бен жігіттерімізден көз сүрінеді десек, өтірік емес, шындық. Тек қынжыларлығы сол, аузынан ана сүті кетпеген жап-жас бойжеткендердің езуінде – темекі, алдында – сыра құйылған бокал немесе арак-шарап. Өзінді көрсе де, көрмегендей боп, елемегендей жырқ-жырқ күліп, әйтпесе қасындағы еркекке бұқаға жанасқан құнажындай жабысып, шөп-шөп сүйісіп жататындарын қайтерсің.

Сүйіссе сүйіссін, артылса артылсын дейсің-ау, жас кезде бізде сөйткен болармыз бәлкім, бірақ қазір заман қандай, адамдары ше?! Ертеңгі күні осынау бойжеткендеріміздің сәби сүйіп, адал жар болатынына, еркегін аялап, шаңырақ несі атанатынына кім кепілдік бере алады?

Ал Радиозавод жанындағы «Түнгі Казинода», «Торпедо» маңындағы «Фок-Шоу» клубында, қаланың әр мөлтек ауданындағы клуб-бизнес үйлерінде болып көрдіңіз бе? Сырт естуімізше, сонда жиналатын жастардың, қыз-жігіттердің біразы, біразы дейміз-ау, көпшілігі араққа сылқия тойып алып, немесе есірткіге еліріп, әлденеге шекісе қалса, полицейлердің тілімен жеткізгенде «бабочка» дей ме, кәдімгі шолақ сапты бәкімен бірін-бірі жаралап, тіпті өлім халіне дейін жеткізгендігіне не дерсің?!

Бірақ жамандықтың бәрін жастарымызға телуге бола ма! Қазір жоғарыда айтқанымыздай заман бір басқа, адамдары бір басқа. Бұрынырақта жөргегі кеппеген жас сәби туған анасынан бастап, ата-әжесіне шейін тәрбиенің нешік түрін көріп, өспеуші ме еді. Үлкенді сыйлауды, адамгершілік ізгілік қасиеттерді де олар солардан үйренетін. Әйтсе де кей жағдайда жастарымыздың теріс әдеттерге ұрынуына өзіміз де себепші

болгандаймыз. Үйде «боевик», «секс» көрген, түзде төбелес пен рэкетке ұрынған бозбалалар мен бойжеткендердің ертеңгі күнінен не күтуге болады?

«Жастарды жатып кеп жамандағаннан да пайда жоқ», – депті республикалық «Терісқақпай» әзіл-сықақ театрының көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері Асқар Наймантаев әріптесімізге берген сұхбатында. Сол жастарды «жаман», «нашақор» деген ағалардан парақор шығып жатыр. «Көшеде жезөкше қыздар көбейді» деген ағалардың ішінен зинақорлар шығып жатыр. Сонда, Санн бойындағы жас қызды кінәлаймыз ба, әлде, соларды сатып алып жүрген көкемізді кінәлаймыз ба?

Бір ісің түсіп бара қалсаң: «Менің көңілімді тал, қыздар дайындап қой, ісің содан соң шешілер», – деп, былғары креслода «тербеліп» отырған «іс шешкіштерді» естіп те, көріп те жүрміз. Осыдан кейін, солардың жастарға сын тағуға құқығы бар ма?..»

Иә, дейсің, осындайда, Ел болам десең әуелі өзіңді, одан қалды үйдегі әйел мен балаларыңды тәрбиеле. Өйткені, түзу жолмен жүріп, салауатты өмір сүре білсең ғана ойлаған ойыңа, ізгі мұратқа жетерің анық...

## ЕСІРТКІГЕ ЕЛІТКЕН Е-нің ЕСТЕЛІГІ

«Бұл естелікті мен өзімнен жасы үлкен апайларыма және кейінгі сінділеріме сабақ болсын деген ниетпен жазып отырмын, – депті Е. есімді қарындасымыз (белгілі себептермен аты-жөнін толық жазбай отырмыз – автор.) редакцияға жолдаған үшбу сәлем хатында. Жастық-албырт кезең ғой. Қиялдайтын да, армандайтын да осы шак. Орта мектепті бітірген соң ауылдық жерден қаладағы колледждердің біріне оқуға түспек ниетпен осында келдім. Пәтер үй жалдап, тұрып жатқанмын. Тест тапсырғаныммен, өте алмадым. Жолым болмады.

Содан салым суға кетіп, «енді не істеймін, елге не бетіммен барам» деген әңкі-тәңкі күймен есік алдында отыр едім, қасымнан бейтаныс бір жігіт өте берді. Өзі де көрікті екен. Бұйра шаш, қара қас легендейін, дөңгеленген қара көздерімен өзіме күлімдей қарап: «Қарындас, сәлеметсіз бе? Не, ауырып отырған жоқсыз ба? Жүзіңіз сынық қой», – деді бастырмалата сөйлеп.

Әуелде бейтаныс жанның мұншама қазымырлана қазбалап өзіме тиісе сөйлегеніне жыным ұстаса да, оған қарсы дау айта алмадым. «Жәй әншейін, ауылдан оқуға келген едім, емтиханнан өте алмай көңіл-күйім болмай отырғаны», – деп үн-түнсіз отыра бердім. Әлгім қасыма тіпті тақау жақындап:

– Е, оның жарасы жеңіл, – деді. – Бұл өмірде кімнің жолы бола қояды дейсің. Көңіл кірбің тартса, оны жібітуге болады. Қап-қазір, асықпасаңыз, сәл-пәл күте тұрыңыз. Мына іргедегі үйімнен «дәрімді» әкеле қояйын...

Не дейін. Басымды төмен салбыратып, отыра бердім. Әлгім көп кешікпей, қолында әлдебір түйіншегі бар, жетіп келді.

– Кә-кәне, мына таблетканы жұтып жібер, – деді ол әлденені аузыма салып жатып. – Жұтып жібердім. Әп-сәтте көзім қарауытып, басым айналып кетті. Өзін Руслан деп таныстырған әлгім енді:

– Кә-кәне, мына шприцпен дәрі егейің. Қолыңды көтер, көңіл-күйің тез-ақ көтеріледі, – деп жып-жып етіп білегімді жоғары ұстап, уколын тығып жіберді. Көзім жарқ ете түсті. Денемнің қызи жөнелгенін сезсем де, әрі қарай не болғаны есімде жоқ. Есімді жисам, әлдебір үйде жатыр екенмін. Қасымда әлгі жігіт. Екеуміз де тыр жалаңашпыз. Не болып, не қойғанын енді ғана білдім. Солқылдап жылап жібердім.

– Қой, қой, о не, бала боп кеткенің бе? Болары болып, бояуы сінді, – деп Русланым іш киімін киіп жатып, ыржың-ыржың етеді. – Енді осында тұра бер, үй жетеді екеумізге де. Мына бетіңмен еліңе қайтып барасың. Онан да тегін тамақ, тегін үй, мына менімен төсектес боп, тұра бер.

Не болғанын білмеймін, әлгінің жағынан тартып жібердім. Менің шалт қимылдарымды сезбеді ме, анау көзін жыпылық-жыпылық еткізіп:

– Е-ей, қой дедім ғой саған. Қайта ес жиып, әлденіп тамақ ішіп алайық, – деп үстел үстіне онымұны тағам қалдықтарын, ашылған консервіні қойып жатыр. Тек сонда ғана күнімен тамақ ішпегенім есіме түсті. Киініп, ас үйге барып, қолыбетімді шайынып, әлгінің жасаған үстеліне тақадым.

Не дейін, – депті одан әрі хат иесі, содан кісі бетіне қарай алмайтындай кіріптарлық күйге түстім. Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатты. Русланға етім үйренгендей болды. Үйренбегенде

кайтейін, егер одан жүкті боп қалсам. Бірақ күніге демесем де, кұнара укол алып, нашақорлық дертіне тап болдым. Есірткіге еліткен күндер естен шығар ма? Шықпағаны сол, кішкентай сәбиімді де өлі тудым. Әйтеуір, татар дәмім бар ма, өзім аман қалдым. Өзінің көзтаныс жолдастары арқылы (мұның түрмеде отырып шыққандығын артынан бір-ақ білдім) дәрігерлердің бірімен астыртын келісіп, түсік түсірткен ғой. Содан пәктігімнен де, сәбиімнен де айырылған мен тіпті азғындық жолға түскендігімді кеш сездім-ау!.. Кеш сездім дейтінім, артынан сол Русланның шөлмектестерімен де «төсектес-көңілдес» болғандығымды қайтіп ұмығайын?! Сондай компанионный кештердің бірінде бұл «достардың» арасында төбелес туындап, оның ақыры кісі өлімімен аяқталып, Русланым тағы он жылды арқалап кете барды ғой.

Өкінгенмен қайтейін, бәрі кеш еді. Бірақ өзімнің азып-тозып, жиырмаға толмаған шағымда «нашақор» атануыма тек мен ғана кінәлі сезінемін. Егер жақсы адамдар кезігіп, дұрыс жолға түсе алсам, өзімнен асқан бақытты жан жоқ дер едім бұ өмірде. Бірақ, ол күнге құдайым жеткізе ме, жеткізбей ме, білмеймін. Тек ақырының қайыры болғай деймін. Тағы қайталап айтайын, құрметті бейтаныс апаларым мен сіңділерім, әсіресе ауылдық жерден келген бейбақтар-ау, менің басыма түскенді сендердің бастарыңа бермесін деп тілеймін...»

Хат осы арадан шорт үзілген екен. Сондықтан оны әрі қарай созбай материалымызға біз де нүкте қойдық.

2006 ж.

## ӨЗ ТОПЫРАҒЫҢНАН ЖЕРІГЕНІҢ НЕ, ҚАРЫНДАСЫМ

*Ұлтаралық некелесудегі шетелдіктердің көздеген мақсаты – біздің елдің азаматтығын алып, түпкілікті тұрып қалу.*

*Со-оо-нау тың игеру басталған тұста қазіргі ТМД елдерінің арасында шоқтығы биік тұрған Қазақстанға, әсіресе шалғайдағы ауыл-селоларға со кездері Отан алдындағы міндетті борыштарын өтеп қайтқан әскерилер ағылды-ай келіп. Солардың ішінде мына іргедегі Ресейден де, әрісі Молдавиядан, Татарстан мен Украинадан, Белоруссия мен Өзбекстаннан, тағысын тағы ірлі-ұсақты мемлекеттерден түрлі ұлт өкілдері тыраулап ұшқан тырналардай, «құлан жортқан қу даланы гүлге оранған сая баққа айналдырамыз» деген желеумен қоныстанып, тұрақтап қалғанын көзіміз көрді ме, көрді.*

Ол уақытта өзіміздің де естиярлау шағымыз, кешкілік үй қасындағы клубқа бара қалсақ, даң-дұң музыка, орысы да, қазағы да аралас, би билеп жатқан жігіттер мен қыздарды көзіміз шалатын-ды. Мәселе, көздің шалған, шалмағанында емес, жазып отырған тақырыбымызға орай артынан сол ауыл қыздарының (бойжеткендерінің) біразының осы «дембелдермен» көңіл қосып, тұрмыс құрып қалуында, болмаса «сүйіп-күйіп қосылған» екеуінің көп тұрақтамай, ажырасып тынуында болып отыр.

Бетін аулақ қылсын, бәрін жамандыққа жори бермейік, қазіргі күнде сол Бетхерге тигені де, Ментузбен көңіл жарастырғаны да бала-шаға сүйіп, олардан немере-шөбере көріп, ақар-шақар шаңырақ иелері атанғандығының да куәсі болғандығымыз рас. Тіпті неміс немесе орыс ұлтына тұрмысқа шығып, кешегі өтпелі кезең тұсында нарық қиындығына шыдамай Ресейге асып кеткендерді де,

жұмақ орнаған Алманияға қоныс аударғандарды да көрдік.

Анада тіпті француз жігітімен некелесіп, сол жақта тұрып, отбасылық тіршілік құруға келіскен «қаракөз қарындастарымызды» артынан әкесі қайтыс болған соң, шешесін де қолына алдырғанын естігенбіз.

Жарайды, басына қонған бақыттан кім арылғысы келеді дейсің, қайта бақыттары жансын. Бі-бірақ, шетелдік азаматтарға тұрмысқа шыққан бикештеріміздің бәрінің бірдей осылайша айы онынан туды ма?!

– Керісінше, тек біздің Ақмола облысы бойынша «Феминистская лига» қоғамдық бірлестігінің атына ғана күніне демеулік, аптасына, айына басына бостандық сұрап, құлдық өмірден азат етуді өтінген сандаған хаттар мен өтініштер келіп түсіп жатады, – деп еді оның төрайымы Галина Васильевна Морозова. – Солардың біреуі жайлы айтайын. Е. есімді қызды әуелде өз құрбысы азғырып, шетелге жұмысқа баруға көндіреді. Сөйтіп «көл-көсір ақша тауып, азғана уақыт ішінде байып шыға келесің. Байығаның өз алдына, сүйген адамыңды да сол жақтан табуға болады. Артынан мында қалған әке-шешені де, басқа да бауырларыңа артық ауысыңды жіберіп, материалдық жағынан көмектесіп тұрасың», деп алдаусыратады.

Көкшетау қаласының о кезде тұралап тұрған кезі. Онсыз да әупірімдеп жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың банкротқа ұшыраған шағы. Не оқу, не жұмыс жоқ болғасын Е. амалсыздан әлгі құрбысының сөзіне иланып, шетел асып, көз көрмеген, құлақ естімеген жаққа баруға көне кетеді.

Әйткенмен алғашында Израиль асып, одан Араб эмиратынан барып бір-ақ шыққан Е.



жұмақтың орнына тозаққа түскендігін кеш түсінеді. Сондағы қалталының бірінде күншілікте жүрген оны кейіннен мұндағылар «төсек ойынына» араластырады. Секс, спид деген пәленің не екендігін Е. осыдан кейін ғана ұғынады. Әйтеуір жанашыр жандардың көмегімен бұл ел жақтағылармен астыртын хабарласады...

Иә, қалталыға қызыққан, жұмақ мекенді көксеген мұндай «бикештердің» біздің елімізде, қала берді осы аймақта аз еместігін бәріміз де жақсы білеміз. Соңғы мәліметтерге қарағанда, тек Қазақстан бойынша ұлтаралық некелесу 20 пайызды құрайды екен. Ал Көкшетауды айтпағанда, Алматыдағы «қаракөз қарындастарымызбен» некелесіп тұрып жатқан қытайлықтарды қайтпекпіз? Олардың түпкі мақсаты, әйтеуір некелесуін некелесіп, біздің елдің азаматы куәлігін алып алып, осы жақта түпкілікті тұрып қалу. Ал мұның аяғы қайда апарып соғарын кім біледі, кім білмейді. Не десек те шетелдік азаматтарға тұрмысқа шығып, шетелде тұруды аңсайтын «қаракөз қарындастарымыз» әлі де аз емес. Оған себеп, қазіргі күнде біздің республикамызға алыс-жақын шетелдерден келіп жатқан бизнесмендер мен ғалымдар да, саясаткерлер мен туристер де, студенттер мен құрылысшылар да көп. Солардың бірі болмаса бірі біздің ұяң әрі хор қызындай сұлу бикештерімізге деген махаббат оты тұтансын немесе тұтанбасын, қалтасы мен байлығына сеніп, өзімен бірге еліктіріп алып кетіп, жат жұрттық ететіндігін тағы жасыра алмаймыз. Әйтпеген күнде Алматыдағы Саин көшесінің бойында, Астанадағы Сейфуллин көшесінің тұсында інір туысымен-ақ көлденең көк аттыларды торуылдап, ішер тамағы мен киер киімін тауып жүрген «түнгі көбелектерді» қайда қоймақпыз?!

Бірақ дейміз-ау, ондай-мұндайларға: «Сен шетелдікке тұрмысқа шықпа, осында қалсаң да күнінді көруге көмектесеміз, кез-келген оқу орнын бітіріп, өз қалауыңа орай кез-келген мекемеге қызметке орналастыруға жәрдемдесеміз» деп қамқорлық танығатын көкелеріміз аз-ау бұл күнде. Қайта осындағы қызмет лауазымы жоғары кейбір қалталы шенеуніктердің өздері қарындастарымызды «қанатының астына» алып, төсек ләззатына бататындықтарын да естіп жүрміз бе, естіп жүрміз.

Өзгені қойып, осы тұрған Көкшетаудың өзінде осындағы жастарды, яғни қыз-жігіттерді ағылшынша немесе түрікше үйретеміз деген дақпыртпен кезінде сонау Лондоннан, Стамбулдан қаншама шетелдік оқымысты ғалымдар мен оқытушылар келді емес пе? Соған дәлел, тек облыс орталығында ғана қазіргі күнде қазақ-түрік лицейінің жұмыс істейтіндігі. Мәселе, оны жамандағанда емес, мәселе сонда қызметке келген жап-жас түрік жігітінің кейінірек ауылдық өрімдей «бойжеткенді» өзімен ертіп, еліне алып кетуінде болып отыр. Жарайды екеуі әуел бастан бірін-бірі сүйіп қосылды екен дейік, бірақ олардың махаббаты жастықтың, әлде албырттықтың әсері ме немесе жұбайлық некелесулері әрі қарай жарасымын тауып жарасып, жалғасып кете ме, кім білген?!

Мұны айтып отырғандағы себебіміз, шетелдікке тұрмысқа шығып, соңынан отбасында опа таппай, аузы күйген сондай «сұлу бикештердің» еліне қайта алмай, еңірегінде етегі жасқа толып, бейшаралық күй кешіп жатқандықтарын республикалық «Хабар» телеарнасынан берілетін «Бармысың, бауырым!» әйтпесе «ОРТ»-ның «Жди меня» телехабарларынан көріп жүрміз.

Олай болса, сондай бойжеткендерімізге, ондай-мұндай «қаракөз қарындастарымызға» «Саған өз туған топырағыңда да өзіңе тең адам табылады, әуелі оқу оқып, дипломыңды қолыңа ал, содан кейін өмірлік жар-серік те, қызмет те табылады, деп кім үгіт жүргізе алады, кім жолына бөгеу боп, қарсы тұра алады?! Біздіңше, бұл мәселе бір адамның ғана қолынан келетін шаруа емес. Және біздің елімізде «шетелдікке тұрмысқа шықпа!» деген Заң жоқ. Сондықтан кімнің ойына не түсті, соны істейді, қай жаққа басы ауды, сол жаққа кетті, міне, мәселе осыған келіп саяды.

Әйтсе де кезінде Түркіменстан елінің басшысы, Түркіменстан Президенті Сапармұрат Ниязовтың «нәзік жандылардың» елден шетелге асып кетуіне тыйым салуы үшін шетелдік азаматтарға әуелі мемлекет қазынасына 50 мың АҚШ долларын салуын талап етуі кім-кімді болсын-ақ ойландырарлық мәселе емес пе? Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, ақшамен тұқыртып, өздері де шетел асқалы тұрған бикештерімізге кім тоқтау салып, кім қорқыта алады?!.

2006 ж.

## НАШАҚОРДЫҢ АҚЫРЫ

(Қаз қалпында)

Есенәлі түн баласы әрі-бері дөңбекшіп, кірпігі кірпігіне ілікпеді. Тіпті көзін жұмса-ақ болды, әлденендей құбыжық бейнелі бөгде бірдемелер, бетіне бетін тақап, кеудесін езіп-жаншылағандай күйге түсті. Ой құдайым-ай, осыдан үш-төрт жыл бұрын ауыр науқасқа шалдығып, мезгілсіз дүние салған туган әке-шешесі де кәдімгі тірі жүрген кездеріндегідей көз алдына елестеп, қолдарын шошайтып, бұған күбірлеп-сыбырлап, немесе жекігендей әлдене айтқандай болады. Әйткенмен олардың өзінс не айтып, не қойып жатқандықтарын бұл байғұс еш пайымдай алмады.

Жастайынан жалғыз ұл болып өскен бұл бетінен ешкім қақпай, әке-шешесінің тапқан-таянғанымен күн көріп жүріп, мектепті де әуірімдеп әрең бітірді. Жоғарғы оқу орны түгілі колледждердің біріне түсуді де өзіне ар санады. Ақыры өзі тектес, өзі құралпы еркетотай, түн баласы көше кезіп, қалтасына ақша түссе, «Казино» қуалаған Андрей деген сұмпайымен танысып, әмпей-жәмпейлікке көшті. Темекі шегіп, сыра ішуді де содан үйренді.

Келе-келе аузына арақтан татып алмаса, әлдене өзінде жетіспей тұрғандай сезіне бастады. Жалғыз ұлдарының, тентек ұлдарының не оқу жоқ, не белгілікті жұмыс жоқ түнімен сауық-сайран құрып, ертесіне үйге келсе, аузынан арақ пен темекінің күлімсі исі шығып тұратындығын әу бастан білгендерімен өздері де ауру-сырқаулы әке-шешесі бұған ләм деп жақ ашпады. Қайта үйдегі бар тамақты мұның аузына тосып, қалталарынан

артылған артық ақшаны Есенәлінің «околына» жұмсады.

Күндердің күнінде Андреймен жортуылдас боп жүріп, бұлар үлкен компанияға кезікті. Компаниясы әлгі өздеріндей басы бос, көше кезген, жеңіл жүрісті қыздар мен жігіттер еді. Кеш түссе-ақ бұрыш-бұрышты жағалап, әйтпесе біреулерінің бос тұрған үйлеріне барып, арак ішіп, көк түтінге көмілуді әдетке айналдырды. Мұның соңы наша шегіп, уколмен өз қолдарына өздері егуге шейін апарып соқты. Сөйтіп Есенәлі аз күнде-ақ нашақор боп шыға келді.

Бұл уақытта өзінің әке-шешесі де жоғарыда ескерткеніміздей, ауыр наукастан дүние салған болатұғын. Әйтеуір ана туыс, мына туыс, жамағайын таныстарының арқасында оларды да оғып, бұғып жұрт қатарлы жөнелткендері мұның шала-шарпы есінде. Қаладағы екі бөлмелі жер үйде енді жападан жалғыз өзі қалғанымен, бұл «ескі ауруынан» айыға алмады. Қайта түн баласы жоғарыдағы жеңіл жүрісті қыз-қырқын, ішімдікке үйір достарымен көңіл көтеріп, тіпті желігуін қоймады. Мұның ақыр соңы сондай тұз көзді «түнгі бикештердің» біреуімен жақындасып жүргенде осы заманның обасы – СПИД-ке шалдығуымен тынды.

... Түн баласы дөңбекшіп, өз-өзінен шошынып, ұйықтамаған Есенәлінің көзі тек таң ата ғана ілікті. Былай караған жанға өз төсегінде өзі еш алаңсыз, пыс-пыс етіп пәк сәбидей ұйықтап жатқандай көрінгенімен, оның қаншама жыл жас ағзасын арақпен улап, өз денесін өзі нашамен піскілеп, ақырында барып ғасыр дерті саналатын ЖИТС-пен ауырып, айықпас сырқаттан мәңгілікке көз жұмғандығын Тәңірден басқа ешкім сезбеген еді...

2007 ж.

## СҮР КҮРТЕ

(Болған оқиға ізімен)

Уақыт түнгі он бірлер шамасы болатын. Қалалық ішкі істер бөлімінің жауапты кезекшісі, аға лейтенант Тастанов\* халық жасақшылары штабымен хабарласпақшы болып трубкаға қолын соза бергені сол еді, телефон безек қағып, шырылдай жөнелді.

– Алло, алло, қалалық ішкі істер бөлімі тыңдап тұр... Кім, не дейсіз? Арғы жақтан естілген дауысқа құлақ қойып, үнсіз ғана тыңдап тұрған жас жігіт алғашында абыржып қалғандай сыңай танытып, әрі-беріден соң ақ қағаз бетіне әлденені асығыс жаза бастады. Сонан соң ол әлгі адамға қысқа-қысқа сұрақ беріп, аздан кейін трубканы қайта қолына алып, қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы Николай Николаевич Федоровтың пәтеріне телефон соқты.

– Жолдас подполковник, «темір жолдың арғы бетіндегі он бірінші үйде тұратын Малюгинді белгісіз біреулер пышақтап кетіпті» деген хабар келіп түсті. Жедел жәрдем машинасы да сонда барып үлгерген көрінеді.

– Жарайды. Мен қазір келемін. Әлгі адрес бойынша тезірек оперативтік топты аттандыр. Содан кейін бөлімнің басқа қызметкерлеріне де хабар жеткізгейсің.

– Құп болады, жолдас подполковник.

\* \* \*

Қалалық прокуратураның аға тергеушісі Виктор Афанасьев қайғылы оқиға болған үйдің ішін, түкпір-түкпірдің бәрін түгел қопарыстырып

---

\* (Кейбір кісі аттары өзгертіліп алынды).

қарап, айғақты деген заттарды жіпке тізгендей етіп протокол толтырып отырған-ды. Кенеттен көзіне ас столының астында жатқан ер адамның көнелеу сұр күртесі түсті. Жең ұшында шашыраған қызыл дақтар да байқалады. Куә ретінде осында шақырылған көрші әйелдердің бірі әлгі сұр күртені көргенде оқыс алға ұмтылды да, қайтадан сол орнында тұрып қалды. Әлгі сәтті байқап қалған екінші тергеуші Митрофанов оған жақынырық келіп:

– Тегінде сіз мына күртенің иесін танысыз білем, – деді. Әлгі әйел ләм деп жақ ашар емес. Өз-өзінен қипалақтап, бозарып кетті. Жанындағы әйел:

– Көргенің рас па, жасырмай бәрін де айт. Кісі елтірушіге еш аяушылық болмасын, – деп жеңінен тартқылап еді, әлгі әйел есі енді кіргендей өз білгенін тергеуші жігітке тәптіштеп түсіндіре бастады.

– Кешкі сағат 9-дың кезі болатын, – деді ол. – Малюгинмен бірге мына сұр күртені киген бейтаныс біреудің осы үйге кіріп бара жатқандарын көзім шалып қалды. Екеуінің қолдарында екі-үш шыны арағы да бар-ды. Сұр күртелі бөгде жігітті бұған дейін де Малогинмен бірге жүрген кезінде көзім шалғаны бар. Оның аты-жөнін осы үйдегі кішкентай бала білуге тиіс...

– Ол бала қайда қазір?

– Көрші үйлердің бірінде ұйықтап жатыр... Қатты қорыққандікі болуы керек, жылап-жылап жаңа ғана көзі ілікті.

– Олай болса, сол баланы шошытып алмай, тезірек оятыңыздар, қылмыскерді жанды ұзатпай ұстауымызға септігі тиер, – деді тергеушілер де отырған орнынан қозғалып.

Ұйқыдан оянған онбірлер шамасындағы жас бала әуел баста қайда отырғандығына таңырқаған жандай айналасына жалтақтап қараумен болды. Тек сырт жақтан милиция киімін киген Митрофанов пен Афанасьев кіріп келгенде ғана әлде не есіне түскендей екі бетін басып, шыңғыра жылап қоя берді. Оның көз алдынан әкесінің жан түршігерлік қорқынышты өлімі тағы бір елес беріп өткендей еді. Шешесі болса кішкентай Леночкасымен бірге Зерендіде демалыс үйінде тынығып жатқан-ды.

Милиция лейтенанты Александр Митрофанов оны орнынан шапшаң көтеріп алды да, бауырына басып, басынан сипап, ақырын сөзге тарта бастады.

– Сенің атың кім?

– Са.. Са-ша, – деді бала солқ-солқ етіп, әлі де болса оксігін баса алмай.

– Саша, сен текке жасып жылай берме. Өзің де үлкен жігіт емеспісің? Онан да болған оқиганы айтып, бізге қылмыстыны тезірек ұстауымызға көмек көрсет. Келістік пе, осыған?!

Бала үнсіз ғана басын изеді. Сонда да екі нығы селк-селк етіп, әлі кемсендеп қояды. Алексей жан қалтасынан қол орамалын алып, оның бет-аузын сұртті де алақанымен маңдайынан сипап:

– Сен біздің қойған сұрағымызға асықпай, анықтап жауап бер. Ұмытып қалған бірдеңе болса, есіңе түсіріп, ойланып көр. Жарай ма?..

– Жарайды...

– Сіздің үйге кеше кімдер келді?

– Володя ағай келді.

– Фамилиясын білесің бе?

– Жок...

– Тұратын жерін ше?!

– Білмеймін...

– Оның қасында басқа біреулер болды ма?



- Иә...
- Кімдер?
- Люся апай мен Руслан бірге ере келді.
- Руслан деген кім?
- Люся апайдың баласы.
- Олардың қайда тұратынын білесің бе?
- Жоқ, білмеймін...
- Ал Русланның жасы нешеде?
- Менімен жасты. Осы қаладағы №14 мектепте

оқиды.

– Папам үшеуі қосылып арақ ішті. Біз Руслан екеуміз төргі бөлмеде ойнап отырғамыз. Ойымызда дәнеңе жоқ-ты. Кенет қарсы бөлмеден айғай-шу шықты. Володя ағайдың стол үстіндегі ағаш салтты пышақты ала салып папамның тап ішінен ұрып қалғанын көріп, қорыққанымнан кереуеттің астына кіріп кеттім.

\* \* \*

Мектеп есігін ашқызып, оқушылар журналынан Руслан есімді баланы іздестірді. Баланың ата-анасының кімдер екендігін, әрі қай жерде тұратындығын анықтай бастады. Әкесі жоқ болып шықты. Шешесінің аты – Люся, фамилиясы Раева екен.

Бөгде адамдардың сыбысын сезген ауладағы қара төбет арс-арс етіп, абалап қараңғы түнді басына көтерді. Мойнындағы жуан шынжырды да үзіп кетердей өршелене ұмтылып, жұлқынып-жұлқынып қояды. Сыртқы есік бекітілмеген екен. Бірақ үй-ішінде жарық көрінбейді. Кіре беріс дәліздің есігі іштен ілініпті. Бұл еш жерде жұмыс істемейтін ішімдікке жаны әуес Савич Полина деген әйелдің үйі еді. Раева осында пәтерде тұратын көрінеді. Милиция қызметкерлерінің ұзақ уақыт есік-терезені

қаққанына қарамастан, іштен қыбыр еткен жанның сыбысы білінбеді. Көптен кейін ғана іштен:

– Кім әй бұл, кім керек сендерге, – деген әйелдің дауысы естілді.

– Милицияданбыз. Есікті ашыңыз...

Осы сөзді естісімен-ақ ілекті тарс еткізіп ашып жіберген Савич жып беріп төргі бөлмеге еніп кетті. Оның соңын ала ілезде ішке кірген Митрофанов пен Афанасьевқа бұл қолындағы балтасымен тұра ұмтылды. Бірақ тез қимылдаған жігіттер оның балтасын жұлып алып, қарсыдағы орындыққа отыруын талап етті.

Есін енді ғана жиган Савич өзінің жансақ қимылын жуып-шаймақ ниетпен:

– Кешіріңіздер, мен басқа біреулер ме деп ойлап қалдым, – деп мінгірледі. Шашы да қобырап кетіпті.

– Сіздікіндегі пәтерші әйел қайда?

– Люся ма? Тәйір алғыр, қайдан білейін оны мен. Андып жүр дейсіз бе сонынан...

– Сонда да жеті қараңғы түнде қайда барып түнейді деп ойлайсыз сіз? Айтыңызшы?

– Е, кеткен шығар тағы да Володясымен. Мана осында іздеп келіп еді.

– Володя дегеніңіз кім? Адресін білмейсіз бе?

– Е, кім біліпті соны. Тек осындағы бір шеберханада етікші болып істеймін дегенін құлагым шалып қалғаны бар. Өзіне қойылған сұраққа да Полина Савич түлкі құйрыққа салып, мардымды жауап қайтармады. Ендігі уақытты текке алмайын деген оймен Митрофанов әлгі үйге тосқауыл қалдырды да, өзі тездетіп милиция бөліміне жүріп көтті. Көп ұзамай Володаның адресі де анықталды. Ол бұрын да сотталып, түрмеде отырып шыққан Кравцов деген алаяқ болып шықты. Соңғы кезде осындағы бір кәсіпорнында етікші болып істейді екен.

\* \* \*

... Сырттан естілген қатты дыбыстан Кравцов шошып оянды. Жалма-жан төсегінен атып тұрып, қалтасындағы өткір кездігін суырып алды да, алде несін жоғалтқандай әрлі-берлі қарманып, сипалақтай бастады. Қолына біреудің денесі тиді. Люся екен. Қаннен қаперсіз ұйықтап жатыр. Көңілі енді ғана сәл-пәл тынышталғандай болған бұл көрпесін қайта қымтанып, бұйығып, орнына жата бергені сол еді, есік қайта қағылды. Алғашында түсім шығар деп оншалықты көңіл бөлмеген бұл мына дүрсілдің тегін еместігін сезіп, жүрегі қатты қобалжып кетті. «Әттеген-ай, деп ойлады ол, ұсталған екенмін. Мына екеуін бүкіл қаланы шарлатып, пәтеріме жаяу әкелгенімше, жоқтауын мана асырып өлтіріп кетпеппін. Енді өзіме куә болатын болды» деп қолындағы алмас кездігін жоғары көтере бергенде:

– Кравцов, біз милицияданбыз, есікті тезірек аш! – деген айбарлы дауыс қаттырақ естілді.

\* \* \*

Тергеушінің кабинеті. Бөлме іші құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Тек қабырғадағы аспалы сағат тілі ғана сырт-сырт соғады. Қарсы орындықта отырған Кравцовтың ұнжырғасы мүлдем түсіп кетіпті. Стол үстіндегі өзінің сұр күртесіне андасанда көзінің астымен ұрланып қарап қояды. Сөйтеді де өз қылмысынан өзі жеріген жандай қайта-қайта басын шайқап, ернін тістелей береді. Көз алдынан кешегі қанды оқиға біртіндеп елес беріп өтіп жатыр.

... Люсяны іздеп барған бұл үй иесі әйелмен жоктан өзгеге бола шекісіп қалады да сыртқа шығып сенделіп келе жатады. Келесі көшеге қарай

бұрыла бергенінде іздеген жоғы алдынан табылып, танысы Раева бұған баласымен қарсы ұшырасады. «Бөтен біреудікінен не аламыз, бармай-ақ қояйық» дегеніне қарамастан ол әйел мен баланың қолынан жетелеп, өзінің бөтелкелесі Малюгиннің пәтеріне алып келеді. Күтпеген қонақтарды үй иесі де жылы жүзбен қарсы алады. Жақын маңдағы магазиннен екеуі арақ әкеліп, ауызғы бөлмеде отырып ішуге кіріседі. Одан кейінгі жағдай үй иесінің баласы Сашаның айтқанымен дәлме-дәл келеді.

Шамадан тыс кетіп, жазықсыз жанның өмірін қиғанын артынан барып сезген Кравцов содан соң Раева мен Русланды соңына ертіп алып, өз ұясынан өзі жеріп қашқан қорқау қасқырдай сонау темір жол сыртынан қараңғы түн ішінде қаланың екінші шетіндегі пәтеріне жаяу әкеледі. Қарсыласып әлде нендей сөз айтса өзінің де жазым боларын түсінген әрі оның мына қылығынан өлердей қорыққан әйел баласын жетектеп мұның соңынан үн-түнсіз ере береді. Ертеңгі күні Кравцов бұларды алып басқа жаққа кететіндігін айтады...

Бірақ ол оперативтік топ мүшелерінің тез қимылдауының арқасында осы түннің өзінде-ақ қолға түсетіндігін сезбеген еді...

1990 ж.

## ҚЫЗҒАНЫШ КҮЙІГІ

(қаз қалпында)

Настя мен Сәуле бір жатақханада тұрып жатқан. Әуелгіде «Тұрағың болса, қалалық жерде жұмыс табылады, тек мамандығың сәйкес келсе», – деген әлдекімдердің желіктіруімен өздері мектеп бітірген кеңшар орталығынан осында қоныс аударған. Әйтеуір дес бергенде өздерінен бұрынырақта қаладағы автопарктердің біріне таксист болып жұмысқа кірген жерлестері Әлішердің көмегімен сол мекемеге қарасты жатақханадан орын да алып үлгерген.

Айлары оңынан туды ма, бақтарына қарай жаңадан салынып жатқан құрылыс объектісіне сылақшы-сыршылар қажет боп, бұл екеуі де сонда барды. Қолдарына қалақша мен шөтке ұстап көрмеген жас қыздар арада көп уақыт өтпей өз істеріне де көндігіп, машықтана бастады.

Күн артынан күн, ай соңынан ай білінбей өтіп жатты. Бұл кезде Настя мен Сәуле де өздері таңдаған мамандықтары бойынша едәуір тәжірибе жинақтап қалған. Оның үстіне мұндағылар істеген жұмыстарына аз-мұз ақша төлеп, екеуі де күтпеген «байлыққа» кенелгендей еді. Кенелгені сол, алғашқы жалақы қолдарына тиген күні бұлар Әлішерді әдейі іздеп тауып алып, қонақ еткен. Өзі де пәтер жалдап, тұрып жатқан Әлішер шындығын айтқанда әлі соқабас-тұғын. Сол соқабастығы әсер етті ме, немене, кейінгі кезде бұл да, екі қыз тұратын жатақханаға келгіштеуін жиілетті. Оның соңы Сәуле екеуінің тіпті жақынырақ танысып, жиі араласып-құраласып тұруларына әкеліп соқты.

Арада 8-Наурыз мерекесі қарсаңында Әлішер қыздардың жатақханасына кештетіп таксиімен

әдейілеп соғып, екеуін де өз тұрағына арнайы қонаққа алып кеткен. Түннің бір уағына дейін алғашында шампаннан бастап, ақырында коньякқа ауысып, күндіз жұмыстан қажып, ол аздай ішімдіктен татқан соң Настя мен Сәуле енді өз үйлеріне қайтудың ретін таба алмай, бастары әңкі-тәңкі күйлерінде сонда қона салған.

Қонғаны не керек, құрбысы Настяның көзі ілінісімен-ақ, әуелгі жоспары сол болды ма, Әлішер Сәулеге өлердегі сөзін айтып, аймалап, құшып оңаша бөлмеге апарып, өзі де масаңдау жас қызды алдаусыратып, ақыры бар ісін тындырып бітірген. Содан ертесіне бұлардың бәрі түк көрмегендей, түк білмегендей әрқайсысы өз жұмыс орындарына кеткен.

Арада біраз күндер өтсе де Әлішер сол кеткеннен мол кетіп, еш хабарласпай қойған. Ал бұл кезде Сәуленің көңілі мүлдем құлазып, өз-өзінде бір өзгерістің болғанын сезініп, тостағандай екі көзі екі жаққа шүңірейіп әбден жүдеп кеткен еді. Тіпті кейіннен ішкен тамағы да батпай, өз-өзінен лоқсыл құса беретінді шығарды. Әлдекімдерден естігені есіне түсіп, «жүкті болып қалмасам, не етті?» деп іштей қамығуға айналды.

Настя десең, құрбысының бойында бір өзгерістің болғанын сезсе де сезбегендей, ештеңені аңғармағандай кейіп танытты. Бірақ кейінгі кезде Сәуленің дұрыс тамақ ішпей, оның үстіне мүлдем өңі кетіп, жүдеп бара жатқандығын байқаған соң:

– Сәулешка, сен немене, ауырғаннан сауымысың өзің?! Кешіктірмей, дәрігерге көрінсең қайтеді? – деді жаны ашып.

Сұмдықтың көкесін сонда барып білді Сәуле. Қаранған дәрігері мұны ұзақ тексергеннен кейін:

– Қарағым, екіқабат екенсің. Өкінішке орай жас шарана – сәбиінде де, өз қанында да ВИЧ ин-

фекциясы бар. Оны кімнен, қалай жұқтырып жүрсін, өзін білесің! – деп төбесінен төрт қойғандай болды.

Жүдегеннің әкесі енді басталды. Жұмысы да өндімей қойды. Лай балшықтың исі, сырдың исі тіпті де жүрегін айнытып, лоқсығанның көкесін енді сезінді. Сөйтiп жүргенде демалыс күндерінің бірінде көшеде кездейсоқ Әлішерді кезіктіріп қалды. Қасында – құрбысы Настя. Екеуі кәдімгідей ерлі-зайыпты жандардай қолтықтасып алған. Өз көзіне өзі сенбеді. «Сен кіммен жүрсің?» деп одан сұрағысы келсе де, сұрай алмады. Ана екеуі болса мұны көрмегендей, ештеңе сезбегендей қаперлерінде дәнене жоқ әрі қарай асты.

Іштей жылай-жылай әрі әлгі көрініс көзіне қайта-қайта елестеген Сәуле өздері тұратын жатақханаға сүйретіліп қалай жеткенін де аңғармады. Жолшыбай арақ-шарап сататын ларектердің бірінен бір шөлмек коньякты да ала келді. Бөлмесіне кірген соң шешініп, әлгі коньякті ашып, шкафта тұрған стаканнан алып, толтыра құйды да, ішіп жіберді. Бойы жылып, жүрегі өз өзінен қағып, көңіліне ерекше батылдық кіргендей болды.

Кенет сырттан есік қағылды. Ақырын барып ашып еді, Настя екен. Өзі масандау ма, былқ-сылқ етеді. Мұны менсінбегендей, немесе манагы кезде өзімен қолтықтасқан Әлішер екеуінің арасында ештеңе болмағандай, іштей әлденендей әнді ыңырсып айтып, төрге оза берді. Осы сәтте ас үстелдің үстінде жатқан ұзынсапты пышақты қолына алып үлгерген Сәуле әбден ыза кернеп, ашуы бойына сыймаған күйде өзінің де не істеп, не қойғанын сезбей, бала жастан бірге өскен құрбысының жауырын тұсына қатты сілтеп салды да жіберді. Ойында басқадай дәнене жоқ, қаннен

каперсіз кетіп бара жатқан анау ұзынынан сұлап түсті. Сәуле қолындағы қанға малынған пышақты лақтыра салып, бұрышта тұрған күстөсегіне құлай кетті. Өзі де арзан махаббаттың жетегіне еріп, айықпас дертке ұрынған ол бұл уақытта мастықтың салдарынан не істеп, не қойғандығын білмеген еді...

2007 ж.



## ШІРКІН, МАХАББАТ-АЙ ДЕСЕЙШІ!..

Қанапия егін орағы басталысымен-ақ көрші аудандағы шаруашылықтардың біріне көмекке жүріп кеткен-ді. Қалада келіншегі мен жасқа толмаған қыз баласы қалған. Бір-бірін сүйіп қосылғандарына да көп бола қоймаған еді. «Барысымен қайда орналасқаныңды, қандай жаңалық барын айтып хат жазамын. Мен үшін уайымдама, алаң болмай-ақ қой» деген күйеуінің сөзінен кейін жұбайы да соны көңіліне тоқ санап қала берген.

Міне, содан бері жарты ай өтті. Бір ай, тіпті бір жарым ай өтті... Орақ науқаны болса аяқталып келеді. Ал Қанапиядан осы уақытқа дейін еш сыбыс жоқ. Хат та жазбады. Ең аяғы сол шаруашылыққа, сол ауданға барып қайтып жүрген жүзі таныс адамдардан сәлем хабар да айтпайды. «Не болды екен, кездейсоқ сырқаттанып қалды ма, әлде?..» деп ойына әлденендей жаман күдік оралған келіншегі әбден шыдамы таусылған соң, құндақтаулы сәбиін қолына ұстап, келесі күні кезекті рейспен жүргелі тұрған автобуска отырып, сол жаққа аттанды. «Сыртқа шыққан соң, үйдегі жанды ұмытқан ғой тегі, он екі мүшесі сау еркекке қыз-қырқын табылмаушы ма еді, бәсе, сосын екен ғой, әу баста-ақ қу түлкідей жылтылдап, бәленбай совхозға ораққа көмекке барамыз деп жым-жылас жоқ боп кеткені, көрсетейін мен оған, көлденең қыз-келіншекке көз қысып қырындағанды, – деп жұбайы жолшыбай іштей күбірлеп күйіп-пісіп қояды.

Бұл уақытта өзі жұмыс істеген совхозынан «үйімде жас балам мен келіншегім қалып еді, мында келгелі олармен түзу хабарласа да алмадым» деп ертерек есебін алған Қанапия да қалаға баратын

автобусқа мініп, тезірек үйге жеткенше асығып келе жатқан-ды. Хат жазуға да қолым тимегені рас еді. Күні-түні егінжай басында болған бұлар үш-төрт сағат көз шырымын алып, дамылдасымен, қайтадан комбайнға отырып, астық жинап бастыруға кірісетін. Сөйтіп жүргенде бір ай да өтті, бір жарым ай да өтті. Астық жинау да аяқталып қалды... Келіншегім сөзді түсінетін адам ғой, енді бәрін де үйге жеткесін айтып ұғындырам өзіне деп ойлаған Қанапия да қара чемоданын көтеріп өзі тұратын пәтерге келіп, есіктің қоңырауын олай да шырылдатты, былай да шырылдатты. Іштен дыбыс білінбейді, амалы құрып, көрші үйдегілерден сұрап еді. Олар да бұған қуанарлықтай дәнеңе айтпады. «Хат-хабар жоқ, бірденеге ұшырап қалмады ма екен деп әйелің кеше қызын алып сені іздеп кетті» десті көршілердің бірі. «Осы уақытқа дейін не өлі, не тірі екендігінді білдіріп, хабарласпаған сен не қылған жансың өзі» деді екіншісі. Жаңада қосылған жас келіншегінің өзгелерден өзін қызғанып, не істеп, не қойғанын түсінген соң, істің байыбына енді жетіп мән-жайын ұғынған Қанапия бұрышта тұрған чемоданның үстіне сылқ етіп үн-түнсіз отыра кетті. Мандайынан суық тер де бұрқ ете түсті.

Шіркін, махаббат-ай десейші!..

## ЖЫЛЫ СУҒА ҚОЛЫН МАЛДЫ (екі көріністі скетч)

### Қатысушылар:

Кәрім – жұмысшы, 55-тер шамасында.

Бибіш – әйелі, 50-лер шамасында.

Роза – қыздары, 23-те.

Гуля – Розаның сіндісі, оқушы.

Анар – кітапханашы қыз, Розаның құрбысы.

### I-көрініс

Кәрімнің үйі. Ауыз үйде Бибіш жүн түтіп отыр. Ыңылдап әндетіп қояды. Қабырғадағы ілулі тұрған екі қызының суретіне қарап бірдеңе деп күбірлейді. Тыстан ентіге жүгіріп Гуля келеді.

Гуля: Мама хат келді, хат... тәтемнен, уһ, сонау мектептен бері жүгіріп өкпем өшті.

Бибіш: (орнынан тұрып). Кәне, кәне, өй айналайын, жаңа ғана құлыншағымды сағынып, әу, ашып оқысаңшы, енді не деген екен. Әй, жүрегім-ай, құрғыр тағат таппайтын...

Гуля: (хатты асықпай ашып). Міне, тыңдаңыз мама.

Бибіш: Әлгі әкесі де келмеді-ау, қызының амандығын еститін... Жарайды, оқи бер, келген соң айтармын...

Гуля: «Привет Алматыдан! Ну, амансыздар ма? Гулечка, как идет учеба?»

Бибіш: Не дейді мынау, пірвіті мен шөбесі несі? Дұрыстап оқысаңшы.

Гуля: «Иә, мен жүріп жатырмын. Просто мында күндер зымырап өтуде. Кинотеатр, подругаларымның тойына барамын...»

Бибіш: Туһ, әнеукүнгі ақшаны алып па өзі? Ойын-мойын не керек? Ия...

Сырттан Кәрім кіреді.

Бибіш: Көкесі-ау, қызыңнан хат келді, отыр, тыңда.

Кәрім: (шешініп жатып) Ә, солай ма, кәне оқи бер әрман қарай, не деген екен...

Гуля: «Да ұмытып барады екенмін, бұрнағы күні получила от вас 100 рублей, көп рахмет. Мен де оны өтермін, институтты окончить егіп барсам...

Бибіш, Кәрім: (қосарлана). Әй, айналдым сенен!..

Гуля: Жуырда бір подрушкам тұрмысқа шықты. Скоро тағы біреуі замуж выйдет. На всякий случай аздап ақша салыңыздар... Мен өтермін.

Бибіш: Қайтеді мұнша ақшаны? Өзіміз де қарап қалдық, соған сала-сала.

Гуля: «Вообщем все. Енді через два-три года қыздарың ауылға барады, доктор болып... Ну пока. Целую вас, посылка салыңдар! Привет барлығына».

Бибіш: Ал, әкесі ақшаны қайдан таптық енді?

Кәрім: (қыптап). Қайт дейсің?.. Біреуден қарыз алып жібереміз де...

Осы кезде Анар келіп кіреді. Үйдегілер оған үрпиісе қарайды.

Анар: Сәлеметсіздер ме?

Кәрім: Ден сау ма, қарағым? Жайшылық па?

Анар: Розадан хат алғансыздар ма? Маған көптен бері жазбай кетті. Әнеу күні бір хатында оқу киын деп еді...

Бибіш: Аман. Оған не болушы еді, тағы ақша сұратып жатыр, біз жерден қазып жатқандай. Қазір қолда артық тиын да жоқ.

Анар: Е, онда қысылмаңыздар, бүгін жалақымды алып едім, мен берейін сіздерге...

Бибіш, Кәрім: (қуана). Әй, көп жасағыр, сөйтші. Қыңқылдатпай соған салып жіберейік. Кейін саған қайтарамыз ғой.

Анар: Жарайды. Гулядан беріп жібере қояйын.  
Жүр, Гулечка.

Екеуі шығып кетеді.

Кәрім: Шіркін, Анардың әке-шешесінде не арман бар екен. Ұл десе ұл, қыз десе қыз болғандай ғой. Соларды осы асырап отыр емес пе.

Бибіш: Қойшы әрі. Сәнікі де келер, немене, мұрның қаңсып отыр ма еді?

Кәрім: (күрсініп). Иә, қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрмейік әлі.

Кеш. Кәрім жұмыстан келіп тамақ ішіп отыр. Бибіш үнсіз шай құрда. Тыстан Гуля, оның соңынан күркетауық іспеттес етіп шашын дудыратқан, көзі-қасын бояған Роза кіріп келе жатады.

Кәрім, Бибіш: (тесіле қарап). Мынауысы кім тағы да?

Гуля: Розка ғой, танымай...

Роза: Мамка, папка (сумка, чемоданын жерге қоя салып, екеуін кезек-кезек құшақтайды) Oh, как соскучилась по вас.

Бибіш: Құлыншағым, сол... Келші бетіңнен бір ніскейінші... Туһ, шиңдей ғып немене өзі, бояғаның? (бетінен сүйеді).

Кәрім: Аман келдің бе қарағым. Оқуың жақсы ма?

Роза: Оқу, оқу... Қайда барсаң осы сөз, совсем нервім таусылды. Тастадым оқуды... Онсыз да күнелтем...

Бибіш, Кәрім: Не дейді мынау тағы да... Мұның не жаным-ау?..

Роза: (жыламсырап). Ну, вообще, тастадым, ресторанда официантка болып істеймін қазір... жалақы жүріп жатыр. Ертең қайта кетуім керек, маған жолға азын-аулақ ақша беріңіздер.

Бибіш, Кәрім: (таңырқай бір-біріне бажырая қарасады). Қайда, неге? Өзіңнің келгенің бүгін ғана емес пе, жел ұшырған қаңбақтай...

Роза: (төмен қарап). Тұрмысқа шығамын. На- доело мені бұл өмір... Сіздерді қолыма алдырта- мын, кейін...

Бибіш, Кәрім: Мәссаған, мынау өлтірді бізді... Көрсетті бар қызықты... Жарылқайын дедің?

Бибіш жылап шығып кетеді.

Кәрім: (ойланып тұр). Ім... Жылы суға қолымызды малды... Бүйткен баласы да, бәрі құрысын...

Тыстан Анар келеді.

Анар: Ой, Розкамысын?

Екеуі құпақтаса кетеді.

Роза: Келдім. Что-то үй-іші ұнатпайды...

Анар: Неге?

Кәрім: Оны қарағым өзінен сұра. Қартайғанда біз сорлыны сорлатып болды... Елге қарайтын бетіміз қалмады енді... Күдерімізді үздік...

Шығып кетеді.

Роза: Ah!..

Құлап бара жатады. Анар мен Гуля оны сүйемелдей береді.

**Шымылдық.**

## АРМАНДАСТАР, ҚҰРДАСТАР (Екі көріністі эзіл-скетч)

### *Қатынасушылар:*

Дарханбай – қарт шопан, пенсионер.

Сәлімгерей – ферма бригадирі, зоотехник.

Қайрат, Асан, Әлтай, Айгүл, Анар – қаладағы орта мектеп түлектері, қой өсіруші, комсомол жастар бригадасының мүшелері.

Гитарлы жігіт, дударбас қыз, тағы басқа ауыл жастары.

### Бірінші көрініс

Күз. Қыркүйек айының қоңыр салқын кеші. Ауылдан алыстау қоныстанған қой өсіруші комсомол -жастар бригадасының шағын мекен-жайы анадайдан қарауыттып көрінеді. Шарбақтар, жаңа жобамен салынған төрт-бес қой қорасы. Осылардан оқшаулау жатақхана орналасқан. Оның бір жағында жас шопандардың жататын төсек-орны, екінші бөлегінде телевизор, радиоқабылдағыш тұр. Ортада стол үстінде газет-журналдардың жаңа нөмірлері, әдеби кітаптар мен шахмат, дойбы, домино қойылған. Алдарына алжапқыш байлаған Айгүл мен Анар ас үйде күйбежектеп, кешкі тағам әзірлеп жүр. Ара-кідік алыстан ауыл төбеттерінің маңқ-маңқ етіп үрген дыбысы естіліп қалады. Осы кезде сырттан барылдақ дауыспен әлдекімдердің салған әндері естіледі.

Біз шыныққан шілде қаққан сұр бойдақ,

Қыз таба алмай қаңғып жүрген сор қайнап.

Қайғырмайық, сарғаймайық қызды ойлап

Біз сияқты талай әлі жүр бойдақ.

Бірте-бірте ән айтқан дауыстар осылай қарай жақындай түседі.

Айгүл, Анар: (бір-біріне үрпиісе қарайды). Жеті қараңғы түнде бұлар кім болды екен, ә? Қап, әлгі өзіміздің жігіттердің де үйде болмағанын қарашы. Не істедік енді?

(Есік қағылады. Екі қыз ауыз ашып үлгергенше болмай-ақ ішке гитара асынған секпіл бетті, мұртты жас жігіт, оның соңынан қалай болса солай алқам-салқам киінген тағы үш-төрт бала мен дудар бас қыз кіреді).

Гитарлы жігіт: (жанындағыларға қуақылана көз қысып) Қайырлы кеш қарындастар. Шақырусыз келіп қалғанымызды айып етпессіздер. Отыруға рұқсат болса...

(Шеткері тұрған орындықтың бірін алып, ол отыра бергенде, ағаштары бір-біріне әрең ілініп тұрған ескі орындық киралаң етіп мұртты жігіт гитар-митарымен жерге тоңқалаң асады. Бәрі қыран-топан күліп жатыр.

Айгүл, Анар: (күлкілерін баса алмай). Е, түнделетіп сауық-сайран салып жүрген кімдер десек, көрші ауылдыкі екенсіздер ғой. Жүрегіміз жаңа орнына түсті-ау...

Гитарлы жігіт: (үсті-басын қағынып) Үрпиісе қалған түрлеріңізді көріп, өзім де солай деп шамалап едім... Оказывається, не ошибся. Түн қараңғысында улап-шулап, «бұл не сумаседший компания» деп жүректеріңіз шайлығып, қорыққан екенсіздер ғой, ә?

Айгүл: Қорықпағанда ше? Иесіз иен далада екі қыз жападан-жалғыз отырсақ, қайтеміз? Қой бағып кеткен балалардың өзі де кешікті тіпті. Кешкі тамақтарына да келген жоқ әлі...

Гитарлы жігіт: (даусын созып) Е, солай дендер... Тіпті жақсы онда. Қой баққандар мейлі қойын баға берсін. Өзіміз мал бақпай-ақ жить етуді



білеміз. Онан да мына «зэмзэм судың» дәмін татып, көңіл көтермейміз бе, қыздар?

(Ол қасындағы жігіттің қолындағы портфелінен үш-төрт шыны арақты алып, стол үстіне қояды). Тірлікте ойнал, күліп қалғанға не жетсін, қыз-бойжеткендер, ха-ха-ха...

Айгүл-Анар: (әлгінің тұрпайы қылығына шамданса да елемегенсіп) жүріңіздер, жүріңіздер... Төргі бөлмеге кіріңіздер... Әлі танысып та үлгермедік қой өзі.

(Бәрі дабырлай сөйлесіп, төргі бөлмеге келеді. Қабырғаға тақау қойылған диван үстіне әкесінің үйіндегідей қонжия отырған секпіл бет жігіт гитарын дыңғыр-дыңғыр еткізіп, әлдебір ән шумағын айта бастайды. Кенет жын ұрған бақсыдай орнынан атып тұрып, өзімен қатар отырған дударбас қызды қолынан жетектей, ортаға шығарып, еденді тарсылдатып билей жөнеледі. Бұл екеуіне өзге екі-үш жігіт те қосылады. Әп-сәтте бөлме іші құйын ойнағандай, қою шаңнан түк көрінбей кетеді. Айгүл мен Анар состиып тұрып қалады).

Гитарлы жігіт: (айғайға басып) Кәне, кәне, тұрмандар. Құйындар арақты, қыздарға шараптан... Сонсоң өзі қырлы стақанға шөпілдете құйылған арақты қағып салады да, қайтадан екілене айғайлап, есі шыға билей бастайды. Шақырусыз қонақтарының мына қылығынан шошынған Айгүл мен Анар асыға басып, ас үйге қарай шыға жөнеледі.

### Екінші көрініс

Таң алакеуім шақ. Манагы бөлме іші. Айнала опыр-топыр. Қақ ортасынан бөлінген гитара, сынған арақ бөтелкелері еденде шашылып жатыр. Шеткі кереуеттің бірінде мұртты жігіт, екіншісінде

дударбас қыз қор-қор етіп тәтті ұйқыға берілген. Өзге екі-үш жігіт көрінбейді. Айгүл мен Анар ас үйдегі плита жанында киімшең күйінде қисая кетіпті. Сырттан гүрілдеген машинаның, оған қоса иттердің абалаған дауысы естіледі.

Айгүл: (шошып оянып) Әй, не боп қалды, не болды деймін. Анар, Анар, қайдасың сен?

Анар: (ол да орнынан ұшып тұрып, көзін уқалап). О, не Айгүл. О, не? (жүгіріп барып терезеден үңіле қарап) Ойбай, бетім, өзіміздің жігіттер келіп қалыпты. Қастарында Дарқанбай атай мен бригадир де бар...

Айгүл: Ұят-ай десейші. Мына үйдің ойран-топырын көрсе, не дейміз енді? Ана екеуін оятып жіберсейші. Қайдағы пәлелер қайдан келіп еді осында...

(Анар төргі бөлмеге кіріп, мұртты жігіт пен дударбас жігітті оята бастайды).

Мұртты жігіт: (көзін сықсита ашып, тілі күрметіліп), Немене, әй? Кім де болсаң мазаламай аулақ тұр деймін. Әйт-әйтпесе...

(Ол сөзін аяқтап үлгермей, тыстан шопан жігіттер мен Дарқанбай ақсақал, бригадир Сәлімгерей кіріп келеді).

Сәлімгерей: (даусы қатқылданып). Әйтпесе, не істемек едің? Тұр кәнекей андағы арадан. Елдегі бүлігің жетпей, енді мына балалардың арасына келіп ойран сала бастадың ба сен?

Қайрат, Асан, Әлтай: (үшеуі қосарланып) Ей,ей, мынауың анада орталыққа киноға барғанда, төбелес шығарып, бізге тиіскен петухтың өзі ғой. Сондағы қызғанғаны мына дударбас емес пе еді? Түрлерін қара өздерінің...

Дарқанбай: (мұрттының бетіне үңіле қарап) Е, е, көктен түскендей шалжып жатқан бұ қай құдай десем, отардағы топ қоймен қозымызды

Айгүл, Анар: (кызарақтап) Жә, койсандаршы, жігіттер, біз ойнап айта ма десек, шындап барасындар ғой өзі...

Дарханбай: (кеңкілдей күліп) Әй шіркін, жастық шақ-ай. Әзілдесе, әзілі жарасқан думан кез-ай... (сонсоң қозғалақтап орнынан тұрып) Қой, Сәлімгерей кеттік. Балаларға мешать етпейік, тамақтарын ішсін.

(Сәлімгерей екеуі кетеді)

Қайрат, Әлтай, Асан: (үшеуі бірдей) Ал канекей, қыздар, шегіміз шұрқырап барады тіпті, тамақтарың болса тезірек әкеліндер...

(Айгүл мен Анар ас үйге қарай қуана басып шығып кетеді. Әрі-беріден соң төргі бөлме жақтан пластинка табағына жазылған таныс ән сазы естіледі).

Арман қуған, қиял қуған кезің қайда,  
Құрбы-қыздар, мөлдіреген көзің қайда.

Сол алғашқы алаулаған сезім қайда?

Армандастар, құрдастар,

Біз дәуірдің мөлдіреген аспаны едік,

Бәріміз де жазылмаған дастан едік,

Армандастар қайда,

Абзал достар қайда,

Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

1976 ж.

## «ҚАРАЛЫ СҰЛУ»

(қаз қалпында)

Әсем десе әсем еді-ау, Әсемгүл!..

Әке-шешесінің бар тапқан-таянғанын еш қымсынбай өзінің ішіп-жеміне жұмсап, бұла күннен еркетотай боп өсті бұл. Әупірімдеп жүріп әйтеуір ауылдағы орта мектепті де бітірді. Әйткенмен артынып-тартынып, әуелде ит арқасы қиянға – Алматыға, соңынан ертеректе тұрмысқа шыққан жалғыз апасы – Зәйтунаны сағалап, Тараз қаласына барғанымен, басындағы ой-тоқығанымен еш жоғары оқу орнына түсе алмады. Ақыры амалы таусылған ол елге қайтып оралды.

Содан күндер, апталар білінбей өтіп жатты. Ел ішінде қанқу сөз жатқан ба?! Ерлі-зайыпты ұстаздар – Ерубаетардың еркетотай қызы – Әсемгүлдің ешқандай оқу орнына түсе алмағандығын мындағылар естіп білді. Білгендері сол, ауылдан онша қашық емес Көкшетау қаласына барып, қысы-жазы онда-мында жұмыс істеп, азын-аулақ ақша тауып жүрген жасөспірім жігіттердің біразы бұған сыртынан сұқтана көз тігіп, өн бойларында махаббат оты маздап жана бастағандығын айтып, үшбу сәлем хаттарын жолдай бастады.

Онсыз да не оқу, не уақыт өткізер жұмысы жоқ, әңкі-тәңкі күйде жүрген бұраң бел, қола шашты бұла қыз Әсемгүл жаздың сондай жаймашуақ күндерінің бірінде Еркін есімді көзге көрікті жігітпен танысты. Таныстық жайдан жай басталған жоқ. Кешкілік үй іргесіндегі ойын-сауық отауына құрбы қыздарымен бас сұққан сәтінде-ақ оның биллиард залында өзіндей өрімдей-өрімдей бозбалалармен биллиард ойнап жатқан бойшаңдау

келген, ақсұба өнді жігітке көзі түсе кетті. Өзінен екі-үш жыл бұрын осындағы мектепті бітірген Еркінді әуелде бұл жыға тани қойған жоқ-ты.

Сазды әуенді музыка үнімен екеу-екеу қол ұстасып, ортаға дөңгеленіп биге шыққан жастар арасынан әуелі әлгі жігіт бұған жақындап келіп, ортаға шақырды. Әуелгі бетте бөгде жігіттен қымсынып қалған Әсемгүл екі беті қызарақтап, не істеп, не қойғанын да білмеді. Әйтеуір, қасындағы құрбысы Жұмагүлдің итермелеуімен әлден соң бейтаныс жігіттің құшағына ене берді.

Би ұзаққа созылды. Жастар тек таң ата ғана үйді-үйлеріне тарасты. Міне, сол жолғы кеште Әсемгүл көрші ауылдың баласы – қазіргі күнде қаладағы бір мекемеде қызмет істейтін Еркінмен тым етене жақын танысты. Әңгімелесе-сөйлесе келе оның әлі бойдақ екендігін, қызметін айтпағанның өзінде соқабас мұның екі бөлмелі пәтер үйі бар екендігін, жалғыз шешесі кеңке інісімен елде тұратындығын естіп білді. Егер қарсы болмаса, алдағы күндерде хабарласып, хат жазысып тұрайық деп те уағадаласты. Өзінің кезекті еңбек демалысында жүргендігін, таяуда қалаға қайта оралмақшы екендігінен де хабардар етті.

Не керек, көп хабарласудың, әйтеуір «ұялы телефонның» пайдасы осындайда ғой, телефонмен ұзақ-сонар, көп сөйлесудің соңы бұл екеуінің көп ұзамай үйленіп-қосылуымен тынды. Коздерінің қарашығындай үйлерінде бой жетіп отырған қыздарының теңін тауып, отау құрғанына Әсемгүлдің әке-шешесі бір қуанса, ержеткен ұлының үлкен ортада сопайып соқабас жүріп қалмағанына туган анасы – Жәміш шешей екі қуанды.

Алланың не жазғаны дерсің, бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Оқыған-тоқығаны жоқ, оның

үстіне жастайынан үй шаруасымен айналысып көрмеген Әсемгүлге бұл орта онша ұнай қоймады. Әйтсе де қызметінен қайтысымен-ақ, өзі сүйіп қосылған қосағының көңілін алдарқатуды ойластырып, Еркіні мұны қаладағы театрларға, Мәдениет сарайларына сүйрегіштеп, кино-концерттерді тамашалап жүргендерінде мұның айдай сұлу жас келіншегіне қызыға тамсанып, көз тігушілердің көбейе бастағандығын бұл байғұс алғашқы бетте сезбей де қалды. Қас қылғандай, қосылғандарына едәуір уақыт өтсе де Әсемгүл бірде кездейсоқ түсік тастап та үлгерді...

Содан күндердің күнінде, Еркін қызмет бабымен ұзақ уақыт оңтүстік астана – Алматыға жолсапарға кетіп, орталық көшелердің бірінде тұратын Әсемгүл оңаша пәтерінде қалғанда кешкілік мезгіл әлдебіреу сыртқы есіктің қоңырауын қақты. «Бейуақыт жүрген бұл кім екен, әлде өзімді сағынып елден келген әке-шешемнің бірі ме? – деп есіктің ілгегін ашып қалғанда өзіне оншалықты таныс емес бір егделеу еркек ішке еніп келді. Қолында портфелі, көзінде қара көзілдірігі бар.

– Кімсіз?! Кімге келдіңіз? – болды Әсемгүлдің аузынан шыққан алғашқы сөз.

– Еркіннің жиен ағасымын. – Көптен көріспей, арамыз суысып бара жатқандықтан ба, өздеріңмен жақынырақ танысқалы келдім. Есімім – Қожатай, – деп ол күректей алақанын бұған ұсына берді.

Әуелде бөгде адамға не дерін, не айтарын білмей сасқалақтап қалған Әсемгүлдің:

– Кешіріңіз, Еркін жол жүріп кеткен. Үйде өзім ғанамын, – деуге ғана шамасы келді.

– Оқасы жоқ, мен көп бөгелмеймін. Еркін келгесін тағы жолығысып, сөйлесерміз. Мынау өздеріңе әкелген аз-мұз сыйым еді, – деп дәу қара

портфельден бір шиша армян коньягі мен шоколад қорабын үстел үстіне қоя бастады. Мұны көрген Әсемгүл ыңғайсызданып:

– Ендеше қуыс үйден құр кетпеңіз. – Еркіннің туысы болсаңыз бөтен адам емес шығарсыз. Қазір тездетіп шай қоя қояйын, – деп өзі ас үйге беттеді.

– Жарайды, жақсы көрер келіндеріміздің бірі шығарсың. Дәмді тастап, кете қойған ұлтымызға жараспайды ғой. Кешіксем, такси шақыртармын, – деп мынау да асығыстық таныта қоймады.

Әлгіндей болмай-ақ бұлар екеуден екеу үстел басына жайғасты. Ас үйден бір рюмка әкеп жиен ағасына ұсынған Әсемгүлге Қожатай:

– Қарағым, «ас иесімен тәтті» деген, ішпесең де өзіңе де рюмка қой, тым болмаса ерніңді тигіз, – деп мұны көзімен жеп, мүләйімсігендей болды.

Сөйтіп рюмка соңынан рюмка жалғасты. Әуелде «ішпеймін, ішпеймін» деп отырған Әсемгүлдің келесі тостардың бірінен кейін өз-өзінен көзі қарауытып, басы айналып кетті. Ол аздай кенет талықсып, әлгі арада құлап түсті...

Есін бірер уақыттан соң ғана барып жиды бұл. Әлдебіреу өзін төсегіне әкеп жатқызғанға ұқсайды. Масқара!.. Жиен аға түгілі сайтан да жоқ қасында. Кеудесін әлдекім езіп-жаншылағандай, денесі ауыр тартып, әлденендей ыңғайсыз жағдайға ұшырағанын сезді іштей өзі. Бетін басып, қыстығып, өксіп-өксіп жылап жіберді. Күйеуі жоқта бейуақытта туыссынып, өзеуреп өкпесін сүйретіп келген «жиен ағасының» әккі арам ойын енді ғана түсінгендей болды. Өйстіп жастайынан бетінен ешкім қақпай, еркетотай боп өскен Әсемгүл бір-ақ сәтте Мұханның (М.Әуезов) кейіпкеріндей «Қаралы сұлуға» айналып шыға келді...

## КІНДІГІН АШҚАН ҚЫЗДАР, КИСТА ӨСКЕН КЕЛІНШЕКТЕР

*«Талмамай көргеніңді пайдаланып,  
Ағайын адасқаның айдан анық.  
Жарты еркек, жарты әйел боп, қазіргілер,  
Барады күннен күнге майдаланып...»*

Ойымда дәнеңе жоқ, демалыс күні болған соң немеремді ертіп қалалық Орталық паркке қарай келе жатқанмын. Кенет әлгім қолымнан тартқылап:

– Ата, ата, қарашы, анау тетка неге жалаңаш кетіп барады, – деді алдымыздан кесе-көлденеңдеп өте берген жас қыз баланы нұсқап. Сасқаным ба, жалт қараппын. Шынында да әп-әдемі бойшандау келген әлгі қыздың кіндік тұсы тыр жалаңаштанған жанға ұқсап, аңырайып ашық тұр екен. Әуелгіде не дерімді білмей, артынан ғана аңқаусыған адамша:

– Қазіргі мода ғой, мұнысы. Қазіргі жастар, әсіресе бойжеткендер жағы күннің көзі жылтырап, ысыса-ақ осылай киініп шыға келеді, – деп қоямын мәймөңкелеп. Менің айтқанымды түсінді ме, түсінбеді ме, әйтеуір әрі қарай екінші сыныпта откитын немерем өзіммен сөз таластырғысы келмеді ме, үнсіз қалды.

«Әйткенмен, деймін ішімнен, ойпырау біздің ата- бабаларымыз, үйдегі саликалы әжелеріміз бен шешелеріміз қыз баланы бесіктен белі босамай жатып өбектеп-өзеуреп, шамасы жеткенше тәрбислеп, қашан ақыл-есі жетіліп, тіпті бертінге, бойжеткенге дейін көзінің ағы мен қарасындай қызғыштай қорып, көлденең көк аттының көзіне түсірмей, шашасына жұқтырмай, толысқан, толған шағында ғана жат жұрттыққа жаратылған деп, онда да қимай-қимастықпен ұзатушы еді ғой. Ал бүгінгі жастарымыз, он екіде бір гүлі ашылмаған қыз



балаларымыз, тіпті әлгінде мысалға келтіргеніміздей, үріп ауызға салғандай эп-әдемі сұлу бойжеткендеріміз не боп барады өзі?!»

Қыз бала дегеннен шығады, бәрі бірдей солай-ау дегенге ауыз тағы бармайды, (өзіміз де қыз өсіріп, келін түсіруге асықпыз) әсіресе басқа ұлттықін былай қойып, қолаң шашты, қиғаш қасты қаракөздеріміздің ертеңгі тағдыры, болашағы бәрімізді де, кәрімізді де, жасымызды да, ойландыруға, толғандыруға тиіс деп санаймыз.

Қазіргідей жаздың жаймашуақ шағында көше-көшеде, әр бұрышта ашылып-шашылып, тәуліктің жиырма төрт сағатында жұмыс істеп тұрған кафе-барларында, сыраханаларда сораптап сыра ішіп отырған, бұрқыратып темекі шеккен қыз-келіншектерді айтпағанда, «Боулингтерің» мен «Казиноларды» жағалап, мейманханалар мен мейрамханаларыңды торуылдап, қалталы байшыкеш еркектерге анадайдан жанасып, күйлеген снырдай өздері келіп жақындасатын ұлттымыздың жәудір көз, «сұлуларын» қайтпекпіз?! Тіпті анада ашына жазғанымыздай, тамағы тоқ, жұмысы жоқ, мұндай бикештеріміздің көбіне көп бос селтеңбайлыққа салынып, «түнгі көбелектер» тобырын көбейтіп бара жатқандарына да қабырғамыз қайысып неге селт етпейміз осы?!

«Әлемдегі бар жақсылық атаулы Ананың ақ сүтімен жаралған» деп жарапазан қағып жатамыз біз. Ал бүгінгі жас ұрпақтың, қазіргі ару қыздарымыздың ертеңгі күні өзі де шүкіршілік дейік, сәби сүйіп, ана болатындығын неге ескермейміз ендеше. Ескеруін ескереміз-ау, бірақ қай ана байғұс болсын, қай әке болсын, өз баласына өзі «сен былай істе, мынадай жаман жолға, теріс жолға түс» деп тәрбиелемейтіндігі, уағыздамайтындығы анық қой. Олай болса, осының

бәрі бүгінгі қоғамға, ұлттық идеологиямызға байланысты ма дейміз.

Қазір теледидардағы қай каналды басып қалсаң да, көбіне шетелдік фильмдерді көрсетіп жатады. Айтуын айтып, жазуын жазсақ та жұртшылық қызыға тамашалайтын «Айтыс», т.т. бізде түн ортасында, не таң ата ғана көрсетеді. Бұған кабельді теледидарларды қосыңыз. Сұмдықтың көкесі міне, сонда! Жезөкпелікті, неше түрлі ұр да жықты, «боевик» дейсің бе, «секс» дейсің бе, әйтеуір біздің қоғамымызға жат сорақы, анайы қылықтарды насихаттап, жарнамалап жататын фильмдерді (бәрі ақшаның қамы) көріп өскен ұлдарымыз бен қыздарымызды «сен өйтпе, сен бүйтпе» деп, бос сөзбен құлағын сарсытып, әрі кеткенде төмпештеп қалайша ұрып-соғып тәрбиелемекпіз?!

Ана болу, нәресте сүю дегеннен шығады тағы да, сол жас күнінсең, пәк күнінен кіндігін ашқан қыздардың келе-келе суық тигізіп, бауыр, өт жолдарының қабынуына, кездейсоқ ауруға шалдығып, тіпті ұлғая келе мүлдем мүгедектікке ұшырайтындығын неге қаперімізге алмаймыз, шіркін-ау! «Ата жасқа аяқ басқанда, еркек басымен мұны несіне пәлсапалап айтып отыр», – дер-ау бәзбіреулер. Бірақ Абайшылаған болсақ, мұндай ащы шындықты біз, журналистер қауымы ашына айтпағанда, көз шұқып жазбағанда кім айтпақ, кәнекей!

Сол кіндік ашқанның сорын біздің онсыз да тарыдай шашылған кейінгі ұрпағымыз көріп жүр десек, тағы өтірік емес. Олай дейтініміз, басқасы басқа жас күнінен аурушаң болған, денсаулығынан кемістік көрген қыз баланың кейінірек тұрмыс құрғанда нәрестесінің ерте тууы, немесе түсік тастауы, жиі кездесетін құбылыс дейді медиктер.

Олардың мәлімдеуінше отаспай жатып, бедеулігі себепті, тіпті киста өскендіктен, аналық жолдың бітеліп қалуынан немесе мүлдем нәресте сүймегендіктен, отбасында кикілжіңнің туып, жас жұбайлардың ерте күннен ажырасып тынатындықтарының түпкі себептері міне, осында жатыр.

Статистикалық деректерге сүйенсек, тек біздің республикада ғана жылына жүзден астам отбасының шаңырағы шайқалып, ерлі-зайыптылар көрінеу көзге соттасып, ажырасатын көрінеді. Мұндай көлеңкелі құбылыстар біздің облыста, осы тұрған Көкшетау қаласында да кейінгі кезде жиілеп бара жатқандығы көңілге орынсыз қаяу түсіреді. Әйтпеген күнде нақты цифрларды келтірмегеннің өзінде, әсіресе соңғы жылдары «көкек аналардың» тым көбейіп, тіпті сәбилерін тірідей перзентхана үйлеріне тастап кетіп жатқандардың сорақы қылықтарын не деуге болады?

Ал өзгесін айтпағанда, жастайынан нашақор атанып, есірткіге әуестеніп, жеңіл жүріске салынып, түрлі жұқпалы ауруларға ұшырап, әсіресе ВИЧ инфекциясын жұқтырып, СПИД дертінің салдарынан ерте дәмі таусылып, көз жұмып жатқандарды қайда қоймақпыз. Мәселен, Ақмола облысы бойынша СПИД-ке қарсы күрес Орталығы мамандарының мәлімдеуінше, тек қазіргі уақытта біздің аумақта 200-дей адам ВИЧ инфекциясына шалдығып, сырқаттанып жүрсе, солардың 14-і ғасыр дерті – жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі (ЖҚТБ), яғни СПИД-пен ауырады екен. Ал Көкшетау қаласындағы бұл көрсеткіш тиісінше 48-4-тен келеді. Масқара деген тегінде осы емес пе!?

Немесе мына бір фактіні келтірс кетейік. Мысалға еліміз үшін демография – ең өзекті,

еліміздің тәуелсіздігі мен хауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселе екендігі ақиқат. Алайда республика бойынша орта есеппен 1 мың адамға шаққанда өлім 10,37 пайызды көрсетсе, 1 жасқа дейінгі соншалықты нәрестеге шаққанда шетінеу 15,15 пайызды құрайды екен. Сонда отаспай жатып, жастарымыз ажырасып жатса, тумай жатып, сәбилеріміз о дүниелік боп жатса, мұның түбі қайда соғып, қай кемеңің құлағын ұстарымызды білмей, қай шыңыраудың түбінде қалмақпыз?!

Бәрін айтта бірін айт, әңгіме кіндігін ашқан қыздар мен киста өскен келіншектер жайлы болған соң, бұл проблема ұлттық проблема, демографиялық өсу, сана-сезімнің жетілуі, жастар саясаты, ұлттық идеологияның қалыптасуы, ақыр тегінде болашақ ұрпағымыздың қамы екендігін ескеруіміз қажет сияқты. Міне, осынау ауқымды проблемаларды оң шеше алғанда ғана біздің экономикалық жағынан нығайған, идеологиялық жағынан пісіп-жетілген, т.т. елдер қатарынан көріне алатындығымыз хақ.

2008 ж.

## І. «СОСНОВЫЙ БОР» САНАТОРИЙІНДЕ

*/Сапарнама/*

Жолымыз түсіп, кезекті еңбек демалысында Қостанай өңіріндегі «Сосновый бор» санаторийінде ем алып қайтқан едік. Ол Шербақкөл поселкесінің жанында, облыс орталығынан 45-50 шақырымдай жерде, Арақарағай орман шаруашылығының территориясында орналасқан.

Тым әріден бастасак, санаторий демалыс үйі базасының негізінде 1981 жылы ашылған екен. Сұлу арудай бұралған қайың мен қарағай аралас орман ішімен жүрсеңіз, қош иісті ауасы жанға жайлы тиіп, кеудеңізді кере дем аласыз. Және осы маңда қос қапталдай екі көл орналасқан. Ал тіке жер астынан шығып жатқан минералды сулары адам бойын сергітіп, соншалықты күш беріп, ас алдында сіміре жұтсаңыз, тәбетіңізді ашып, өмірге деген құштарлығыңызды арттыра түседі.

Мұндағы негізгі емдік факторларға сульфатты-хлорлы-натрийлі минералды су мен сульфидтіилді саз жатады. Әсіресе, жүрек-қан тамырлары, ас қорыту және қозғалыс пен сүйек буын жүйесі органдары зақымданған адамдар, сондай-ақ ас қорыту (қант диабетінің ауыр түрі болмаған жағдайда) бұзылған кезде жақсы ем алуға болады. Мұнымен қоса санаторийде гинекологиялық сырқатқа ұшыраған, простатит, цистит, жүйке жүйесі зақымданған, тыныс және тері ауруларымен науқастанған жандарға шипалық көмек көрсетіледі.

– Әдейілеп жолдама берілген соң және қазіргі нарық қиыншылығына байланысты алысқа бармай-ақ осы санаторийде жатып, тынығып, ем алып

жүргеніме әжептәуір уақыт болды, – дейді қостанайлық Торсан Сәкенұлы Кабенов. – Мұндағы емі де, тамағы да, жатын орны да өзіме ұнайды. Әсіресе санаторийдің бас дәрігері Дина Махатқызы Жаманшаловаға деген алғысымыз шексіз. Ол кісі қандай бұйымтайымен барсаңыз да, ретті жерінде кез-келген мәселенізді шешіп береді.

Шын мәнісінде санаторийдің емдік-диагностикалық корпусы, ондағы бес және жеті қабатты жатын орындары келушілерге анадайдан мен мұңдалап тұрады. Осындағы емдік корпус қазіргі заманғы медициналық және диагностикалық аппаратуралармен жабдықталған. Жоғарыда айтқанымыздай, әртүрлі сырқатқа ұшыраған жандар мұнда минерал, желді және ыстық-суық ванналар қабылдап, ішек-қарын және гинекологиялық тазартудан өтеді, сазбен ем жасалады. Бұған қоса магнитерапия, амплипульс, электроұйқы, озокеритпен емдеу, ингаляция, емдік дәрі-дәрмекпен электрофорез алады.

Сондай-ақ «Сосновый бор» санаторийінде ақылы медициналық қызмет те көрсетіледі. Қолмен үгу жасалады, вакуумды, су асты гидромассаж, мануальді терапия, психотерапия алуға, УЗИ-ден өтуге, т.т. болады. Тағы бір ескертерлігі, осындағы қолайлы жатын орындары шамамен 550-600 тынығушыға арналған. Онда екі және үш кісілік бөлмелер бар. Ал телевизор, тоназытқыш, тіпті телефонға шейін қойылған жартылай люкс, төрт немесе алты орындық «апартаменттерде» жатқыңыз келсе, қосымша ақы төлеуге тура келеді.

Емдік шаралардан кейін аздап жатып, тынығып, орман ішін аралауларыңызға, клуб үйіне барып, бейнефильмдер көруіңізге, бильярд, теннис немесе шахмат, арнайы жабдықталған спорт залында волейбол ойнап, түрлі жаттығулармен

айналысуыңызға болады. Санаторий жанында кітапхана, кафе-бар, сауна, орыс моншасы, минералды сулы бассейн, тағы басқалары жұмыс істейді. Және бір тиімдісі, мұнда ата-аналардың балаларымен жатып, ем алуына болады. Мәселен, жеті жасқа дейінгі балаларға 50, ал 7-ден 14 жасқа дейінгілерге 25 пайыз жеңілдік жасалады.

Егер жазғы демалысыңызды көңілді өткізгіңіз, әйтпесе маусымның қай шағында болсын тынығып, ем алғыңыз келсе, «Сосновый бор» санаторийіндегі 8 (714-45) 33-6-36, немесе 33-6-33, 33-6-35 телефондарына хабарласып, қосымша анықтамалар алуға болады. Мекенжайы: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Шербаккөл поселкесі, «Сосновый бор» санаторийі.

2005 жыл. Көкшетау-Қостанай-Шербаккөл.

## II. ҚОСТАНАЙДЫҢ АТАҚТЫ ШИПАЖАЙЫ

*/Жол сапарнама/*

Қостанайдан – 45 шақырымдай әріректе «Арақарағай» орманды аймағында орналасқан «Сосновый бор» санаторийінде демалып қайтпак оймен тағы да жолға шықтық. Шынтуайтқа келгенде бұл емдеу-сауықтыру орнында мұның алдында да бірді-екілі болғанымыз бар-ты.

Негізгі әңгімеге ойыссақ, осындағы басты емдік факторлардың бірі сульфатты-хлоридті-натрийлі минералды су болып табылады. Өзінің құрамы жағынан «Сосновый бор» санаторийіндегі минералды су атақты «Пятигорск» курортындағы, «Моршиндегі», «Карловы Варыдағы» және Солтүтік Кавказдағы «Ессентуки» минералды сулары су көздеріне ұқсас келеді.

– Бұрындары Одак кезіндегі емдеу-сауықтыру және курортты аймақтарды тілге тиек етпегеннің өзінде біздің санаторий климаттық-табиғи ерекшеліктеріне байланысты еліміздегі үздік сауықтыру және демалыс орындарының бірі саналады, – деді «Сосновый бор» шипажайының бас дәрігері Сәнім Әділбекқызы Даниярова сөз кезегіне орай. – Өздеріңіз көріп отырғандарыңыздай, бұл сауықтыру орны Қостанай өңіріндегі табиғаты әсем де көрікті жерлердің біріне орналасқан. Шымқай көкшіл аспанмен таласқан қалың қарағайлы және қайыңды орман ішін аралап қайтсаңыз, тынысыңыз өз-өзінен кеніп, бойың сергіп сала береді. Осы маңда аумағы атшаптырым алаңқайры алып жатқан екі көл тағы бар.

Сондай-ақ біздің санаторийдің жеті және бес қабатты тұрғын үй корпусында жатып емделушілер үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған деуге болады, – деді Сәнім Әділбекқызы әрі қарай әңгімесінде. – Тіпті осында «жартылай люкс», «люкс» деп аталатын комфортты нөмірлер бар. Олардың артықшылығы бұл жатын бөлмелердің бәрінде кабельді телевизор, тоңазытқыш, тағы басқа тұрмыстық заттар қойылған. Оған қоса душ, дәретханаға шейін осының ішінде. Ал санаторийде емделуші-тынығушылар бір мезгілде жүзге тарта адам сыятын асханада, сонымен бірге «Арақарағай» мейрамханасы мен кіші залда тамақтанады.

«Сосновый бор» санаторийінің жанында жазғы уақытта, яғни мектеп оқушыларының маусымдық каникул күндерінде осы аттас арнайы демалыс лагері жұмыс істейді екен. Одан әріректе салынып жатқан кешенді коттедж үйлер, үш қабатты зәулім жаңа мейманхана, тағы басқа құрылыс объектілері осы төңіректе шогырланған. Мұндағылардың айтуынша, жылдың әр мезгілінде санаторийде



еліміздің түкпір-түкпірінен, сондай-ақ Ресейдің көрші облыстарынан көптеген адамдар келіп, тынығып, емделіп қайтатын көрінеді. Әсіресе, Астана, Қостанай, Ақтөбе, Петропавл қалаларынан, тіпті Атырау өңірінен, Тараздан әдейілеп келіп, емдік шараларды қабылдап жатқандарда сан жоқ.

Санаторийде өзімізбен қатар дем алған, әрі ем алған ерлі-зайыпты зейнеткерлер, қостанайлықтар Тасыбай және Рабига Байжановтар, Сапарғали Теңізбаев пен Әділ Нұржанов, Алексей Иванович Евтух пен Анатолий Иванович Масольдт, тағы басқалары мұндағы дәрігерлер мен медбикелердің, солардың ішінде Дина Махатқызы Жаманшалованың, Галина Ивановна Гринечконың, кітапханашы Елизавета Иосифовна Никонова мен мәдени іс шараларды ұйымдастырушы Анар Қабденованың, жолдама сататын бөлім қызметкері Светлана Михайловна Сердюкованың, ЖШС төрағасының маркетинг жөніндегі орынбасары Меңзада Сақышқызы Тілеубаеваның, бәрі-бәрісінің қалтқысыз қызметтеріне дән риза екендіктерін білдірді.

Негізгі жасалатын ем жайына келетұғын болсақ, санаторийде созылмалы ішек-қарын, бауыр мен ет жолдары, панкреатит, жүрек-қан тамырлары аурулары (гипотензия, артериалдық гипертензия, жүректің ишемиялық сырқат түрі, стенокардия, варикоз), буын-қол аурулары, құян, остеохондроз, спондилоартрит, қант диабеті, аллергиялық және тері аурулары (бронхиалды астма, экзема, псориаз, нейродермит) созылмалы гинекологиялық және тыныс органдары аурулары, сондай-ақ простатитпен циститпен, созылмалы бронхит және пневмониямен сырқаттанғандар, гаймориті, фарингиті, т.т. барлар емдік-сауықтыру сеанстарын қабылдай алады.

Ал «Сосновый бор» санаторийіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі мұнда келушілерге минералды сумен және сазбен, физиологиялық және климаттық-табиғи жағдайларымен ем көрсетіледі. Сөйтіп түрлі мамандықтағы дәрігерлердің, атап айтқанда терапевт пен гастроэнтерологтің, гинеколог пен психоневрологтың, хирург пен урологтың, кардиолог пен тіс емдеуші дәрігерлердің қабылдауында болғандар сырқат түрлеріне қарай түрлі ем алып, өздерінің денсаулықтарын жақсартта түседі.

Сонымен бірге санаторийде 14 күндік жолдама құнына кірмейтін ақылы медициналық қызметтер көрсетіледі. Солардың ішінде фитобар, қолмен үгу, термотерапия, компьютерлік диагностика, гинекологиялық ауруларды, простатитті емдеуде қолданылған саз-тампондар, стоматологиялық, терапевтік көмек, АМОК-2 аппаратымен жасалатын гидрocolonотерапия, УЗИ-ден өткізу, мануальді терапия, бассейнді сауна, емдік ванналар (пантылық, скипидарлық), инемен емдеу, т.т. бар.

– Егер жергілікті жерлерде жолдама алуға мүмкіншілік болмаса, біздегі код: (8 71445) 33-6-33 және 33-6-12 телефондарына хабарласып, жылдың қай мезгілінде демалғыңыз келсе, алдын ала заказ беруіңізге болады, – дейді «Сосновый бор» санаторийі ЖШС-інің төрағасы Сайлаубек Ергазыұлы Ешанов. – Біздің мекенжайымыз: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Шербақкөл поселкесі, «Сосновый бор» санаторийі.

2007 жыл.

Көкшетау-Қостанай-  
Шербақкөл-Көкшетау.

### III. ЖАНАШЫРЫ АДАМНЫҢ

*«Сосновый бор» ЖШС-нің Бас директоры  
Сайлаубек Ерғазыұлы Ещановқа*

Тәніне саулық тілеген,  
Әркімдер мұнда келеді.  
Сайлаубек інім, адасым,  
Жүрегің неткен кең еді.  
Құрақ ұшып орнынан,  
Ізетпен сәлем береді.  
Кәріні де, жасты да,  
Жат ағайын демеді.  
Жаны сөйтіп жай тауып,  
Тынығушы көңілі өседі.  
Мерейі тасып, қуанып  
Көктемгі желдей еседі.  
Солардың бірі мен едім,  
Туған жерім – Көкше елі.  
Құшак жайып қарсы алды  
Қостанайлық беу, ерім.  
Туыс та, туған емес ек,  
Еңбегімізді еледі.  
Отбасыммен жеткенде  
Қуанышқа көгі бөледі.  
Ризалығымды ініме,  
Білдірем қалай, ал енді.  
Өле-өлгенше бауырым,  
Ұмытпаспын мен Сені.  
Бақ таймасын басыңнан,  
Сендей болсын бар адам.  
Жасаған бізге жақсылығың  
Қайтсыншы деймін  
Алладан!

мамыр-маусым, 2008 жыл.

## ЖИЕН-НЕМЕРЕ

*Диназа*

Динажан, жарық дүниеге келгенінде,  
Шыңғырып, жылағанда жөргегінде.  
Өзім де жаңа туган сәбидеймін  
Анасының ақ сүтін емгенінде.  
Мәрлен мен Арланымның соңына ерген  
Ризамын Тәңірімнің бұл бергеніне.  
Айзадам, ерке қызым, шолжың өскен,  
О күндер, бұла күндер, бәрі өсте.  
Мәуенмен отыз бес жыл шаңырақ құрсақ  
Өткендей соның бәрі бір-ақ кеште.  
Анамнан айрылғанда үш жасымда  
Өзімді тәрбиелеген әкем Көшкен.  
Айнұрым, тұла бойғы тұңғышымсын,  
Айналдым, алға бассын әрбір ісін.  
Сен келгенде үйіме – Күнімдейсің  
Түнде жанған, Таң Шолпан – жұлдызымсын.  
Ендігі арман: Асқарды үйлендірсек  
Сарқылмай тұрғанында қуат-күшім.  
Серік пен Арысұланым – қолғанатым,  
Білемін Тектілерден арғы затын.  
Қызметте абыройлы бол, беделді бол,  
Өмірде шықпасыншы жаман атың.  
Біле білсең, ұрпағым бұл сендерге,  
Берер батам, қалдырар аманатым!..

маусым, 2008 жыл.

## МАЗМҰНЫ

АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ АРДАҚТАЙ БІЛЕЙІК, АҒАЙЫН.....	3
ӘКЕММЕН СЫРЛАСУ .....	8
О, ӨМІР, ӨЗІҢЕ ҒАШЫҚТЫҢ .....	12
Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ, ЖИЗНЬ!.....	15
ТАҒДЫР ТӘЛКЕПТ .....	17
МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ.....	20
ЕҢ ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК.....	25
СЫР .....	28
ШЫҒЫСТЫҢ ҚАҺАРМАН ҚЫЗЫ .....	33
«ҮМІТСІЗ ЖАННЫҢ» ҮРЕЙІ .....	37
АДАМ САУДАСЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ? .....	40
КАВКАЗДЫҚ ҚҰРБАНЫ.....	45
ТӨНІНДІ САТПА, АРЫҢДЫ САҚТА.....	49
ҒАСЫР ДЕРТІ МЕНДЕП БАРАДЫ .....	53
«ТАКСИСТІҢ» ӨЛІМІ .....	60
ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ӘУЕЛІ	
ӨЗ-ӨЗІНДІ ТӘРБИЕЛЕ .....	63
ЕСІРТКІГЕ ЕЛТКЕН Е-нің ЕСТЕЛІГІ.....	67
ӨЗ ТОПЫРАҒЫҢДАН ЖЕРГЕНІҢ НЕ, ҚАРЫҢДАСЫМ .....	70
НАШАҚОРДЫҢ АҚЫРЫ.....	75
СҰР КҮРТЕ .....	77
ҚЫЗҒАНЬШ КҮЙПІ .....	84
ШІРКІН, МАХАББАТ-АЙ ДЕСЕЙШІ!.....	88
ЖҰЛЫ СУҒА ҚОЛЫН МАЛДЫ (екі көріністі скетч) .....	90
АРМАНДАСТАР, ҚҰРДАСТАР (Екі көріністі әзіл-скетч).....	94
«ҚАРАЛЫ СҰЛУ».....	101
КІНДІГІН АШҚАН ҚЫЗДАР, КИСТА ӨСКЕН КЕЛІНШЕКТЕР.....	105
I. «СОСНОВЫЙ БОР» САНАТОРИЙІНДЕ .....	110
II. ҚОСТАНАЙДЫҢ АТАҚТЫ ШИПАЖАЙЫ.....	112
III. ЖАНАШЫРЫ АДАМНЫҢ .....	116
ЖИЕН-НЕМЕРЕ.....	117

**Сайлау Көшкенұлы**

## **Тағдыр тәлкегі**

**Корректоры: В.Б. Есілбаева**

**Баспадан шығаруға жауапты: Р.Ж. Әбдірахманова**

**Басуға 01.08.2008 ж. қол қойылды.**

**Пішімі 84 × 108 1/32. Шартты баспа табағы 7,5**

**Тапсырыс № 143. Таралымы 200 дана.**

**«Келешек-2030» баспасы. 020000. Көкшетау қаласы,  
Горький көшесі, 17 "а" үй, тел. (8-716-2)-31-33-49, факс 31-33-51.**

**E-mail: [Keleshek@mail.ru](mailto:Keleshek@mail.ru)**

**<http://www.keleshek.kz>**



Сайлау Көшкенұлы 1947 жылғы 3 ақпанда бұрынғы Көкшетау облысы Чкалов ауданындағы (қазіргі СҚО, Тайынша ауданы) Қарағаш ауылында туған. 1965 жылы Чкалов селосындағы орта мектепті тәмамдаған соң С.Көшкенұлы туған ауылында бір жылдай жұмыс істеп, 1966 жылы күзде Алматыдағы Қазақтың Ұлттық Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, сол жылы облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакциясына аудармашы-тілші болып қызметке орналасады. Осы жылдар аралығында ол творчестволық жағынан едәуір өсіп, жазған мақалалары, суреттемелері мен очерктері, әзіл-сықақтары республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Спорт», «Қазақ әдебиеті» газеттерімен қатар «Ара», «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат»), «Қазақстан әйелдері», «Еңбек таңы» журналдарында жарияланып тұрады. Ал 1996 жылы Сайлау Көшкенұлы «Өмірдің ащы шындығы» деректі публицистикалық мақалалар жинағы мен «Кәуіктің өкініші» атты сықақ кітабын жеке баспаханадан шығарады. Алғашқы деректі кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағы Көкшетау облыстық бөлімшесінің Ж.Мусин атындағы сыйлығының лауреаты атанады. Міне, осыдан бергі уақытта Сайлау жеке қаражатына және демеушілердің көмегімен түрлі жанрдағы жиырмаға таяу кітабын басып шығарды.

Ал 2007 жылы журналистер арасында жарияланған «Жастар СПИД-ке қарсы» Халықаралық конкурсында (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан республикалары бойынша) жеңімпаз деп танылып, жүлделі І-орынды және ақшалай сыйлықты иеленді.

Үйленген, екі қызы мен ұлы, немерелері бар.